

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ӘӨЖ 631.15.65

Қолжазба құқығында

**НУРГАБЫЛОВ МУРАТ НУРИЗИНОВИЧ**

**Қазақстанның агроөндірісін басқаруды жетілдіру**

6D050600 «Экономика»

Философия докторы (PhD)

ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші

Тіреуов Қ.М.

ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі

э.ғ.д., профессор

Джим Данн.

э.ғ.д., профессор

Қазақстан Республикасы

Алматы, 2013

## МАЗМҰНЫ

<b>АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....</b>	<b>3</b>
<b>КІРІСПЕ.....</b>	<b>4</b>
<b>1 АГРОӨНДІРІСТІ БАСҚАРУДЫҢ ҒЫЛЫМИ – ТӨЕРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....</b>	<b>8</b>
1.1 Агроөндірісті басқарудың ғылыми негіздері және мемлекеттік саясат .....	8
1.2 Агрөндірістегі еңбек ресурстарын басқару .....	23
1.3 Агроөндірісті басқарудың негізгі көрсеткіштері.....	31
<b>2 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АГРОӨНДІРІСІН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАЛДАУ.....</b>	<b>40</b>
2.1 Агроөндірісті басқару жүйесін экономикалық талдау.....	40
2.2 Еңбек ресурстарының қозғалысын басқару жүйесін экономикалық талдау .....	55
2.3 Агроөндірістегі қаржы – несие ресурстарын экономикалық талдау	64
<b>3 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АГРОӨНДІРІСІН БАСҚАРУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ МЕХАНИЗМДЕРІН ЖЕТІЛДІРУДІҢ БОЛАШАҒЫ.....</b>	<b>68</b>
3.1 Агроөндірісті басқарудың инновациялық механизмдерін жетілдірудің болашағы.....	68
3.2 Агроөндірісте агромаркетинг басқару жүйесін дамыту жолдары	74
3.3 Агроөндірісте басқару шешімдерін сызықтық модельдеу әдістері және ақпараттық технологиялар арқылы қабылдау.....	77
3.4 Жаңа құрылған шаруа қожалығының бизнес жоспарын модельдеу	91
<b>ҚОРЫТЫНДЫ.....</b>	<b>97</b>
<b>ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....</b>	<b>100</b>

## АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АӨК	- Агроөнеркәсіптік кешен
ЖІӨ	- Жалпы ішкі өнім
ЖҰӨ	- Жалпы ұлттық өнім
ЕҚ	- Еуропалық қоғамдастық
ҰТ	- Ұлттық табыс
ҚҚС	- Қосымша құн салығы
АҚ	- акционерлік қоғам
ӨК	- Өндірістік кооператив
ҚР	- Қазақстан Республикасы
ФНЖ	- Фермерлік несие жүйесі
ТНК	- Тауарлық – несиелік корпорация
ТМҚ	- Тауарлық - материалдық құндылықтар
ТЭН	- Техника- экономикалық негіздеу
ҚӨТ	- Қаржы-өнеркәсіптік топ
ТМД	- Тәуелсіз мемлекеттер достастығы
ҒӨБ	- Ғылыми - өнеркәсіптік бірлестік
АӨК	- агроөнеркәсіп кешен
АҚШ	- Америка Құрама Штаттары
АДБ	- Азиялық даму банкі
ҒЗТҚЖ	- ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жобалар
ҒТП	- Ғылыми-техникалық прогресс
ЕО	- Еуропалық Одақ
ЕЖДБ	- Еуропалық жаңару және даму банкі
ҚР АШМ	- Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылық Министрлігі
ӨК	- Өндірістік кооператив
РАПО	- аудандық агроөнеркәсіптік орган
ТМД	- Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
ТЭН	- технико-экономикалық негіздеу
ІҚМ	- ірі қара мал
ХВҚ	- Халықаралық валюта қоры
ХЖДБ	- Халықаралық жаңару және даму банкі
ХКА	- Халықаралық кооперативтік альянс
га	- гектар
ц/га	- гектардан центнер
%	- пайы
№	- нөмірі
Млн	- Миллион
Млрд	- Миллиард
ж.	- жыл
жж.	- жылдар

## КІРІСПЕ

Еліміздің Ата заңында атап көрсетілгендей, адамдар мемлекеттің байлығы "[1]. Бүгінгі таңда, Қазақстан экономикасының қалыптасуы агроөнеркәсіп өндірісінің өнімдік кешендер жүйесін дамытуға жағдай туғызды. Отандық ауыл шаруашылығы саласында меншік түрлерінің және нарықтық типтегі шаруашылық құрылымдарының қалыптасуы әліде жалғасуда. Президентіміз өзінің халыққа жолдауында атап өтті: "Ауылшаруашылық дақылдарын терең өңдеу, фермерлік пен шағын және орта бизнесті дамыту, жер өңдеу мәдениетін өзгерту және жаңа ғылыми, технологиялық, басқарушылық жетістіктерді ескере отырып, мал шаруашылығындағы дәстүрлерімізді жаңғыртуымыз қажет. Аса ірі экспорттық нарықты меңгеру үшін біз қай азық-түліктің жаппай өндірісін басты етіп қоятынымызды айқындауымыз керек. 2020 жылға қарай ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдаудың көлемін 4,5 есе арттыру. Алынған шаралардың нәтижесі 2050 жылға қарай ел ІЖӨ-дегі ауылшаруашылық өнімінің үлесі 5 есе артуы болуы тиіс" [2].

Қазіргі таңда агроөнеркәсіп өндірісін қайта қалыптастыру бойынша көптеген нормативтік және құқықтық құжаттар қабылданды. Бұл құжаттар аграрлық секторда өндірістік, экономикалық және еңбек қатынастарының түбегейлі өзгеруіне бағытталған және агроөнеркәсіп өндірісінде меншік класының жедел қалыптасуына, шаруашылықтың жаңа түрлерінің құрылуына құқықтық негіздер болды.

Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылық өнімдері көлемі мен сапасының әрбір өндірілген өнімнің тиімділік көрсеткіштерінің жоғары болуы да қазіргі нарық қатынастарының талабына жауап бере бастады. Бірақ, көптеген тауар өндірушілер өнімдерін қайта өңдеу үшін қажетті технологиялық кешенге, өндірістік озық құрал-жабдықтарға ие емес. Олардың өндірісінде өндеген ауыл шаруашылық өнімдерінің сапасы, бәсекелік қабілеттігі нарық талаптарына жауап бермейді. Міне осы аталған мәселелер агроөндірісті басқарудың тиімді де ұтымды жолдарын қарастыру керектігін алға тартып отыр.

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі** Агроөндірісті басқарудың тиімділігін арттыру еліміздің ауылшаруашылығы саласы үшін өте маңызды және оның ұтымды жолдарын таба отыра, әлемдік нарық кеңістігінде өз орнымызды анықтауымыз тиіс.

Басқару жүйесін нарық талабын ескере отырып дамыту, агроөнеркәсіптік өндірістің әлеуметтік-экономикалық тиімділігіне, оның құрылымдық өзгеруіне реформалар әсерін бағалау нәтижесі агроөнеркәсіптік кешендегі дағдарыстық құбылыстар негізінен осында болып жатқан әлеуметтік-экономикалық үрдістердің өз деңгейінде болмауында.

Ауыл шаруашылық әлеуетін қалпына келтіруде және оны әлемдік қоғамдастықтың экономикасының қазіргі кезеңдегі мүмкіндік деңгейіне жеткізуде шешуші екі компонент бар: мемлекеттің аграрлық саясаты мен ауыл шаруашылық кәсіпорындарындағы тиімді менеджмент. АӨК басқару

жүйесін жетілдіру агронеркәсіптік өндірістің болашақта дамуына негізделіп, нарықтық қатынастардың сұранысын, аграрлық саланың көп салалығын, оның әлемдік экономикалық кеңістікке ену үрдісін ескеру керек.

Бүгінгі таңда агроөндірістегі экономикалық тетіктерінің жетілмеуінен басқару тәжірибесіндегі жіберілген кемшіліктер нәтижесінде қажетті еңбек өнімділігі болмауда және бәсекеге қабілетті ауылшаруашылық өнімдерін өндіруге мүмкіндік болмауда. Агроөндірісті басқарудың жаңа жолдарын анықтау және бәсекеге қабілеті азық-түлік өнімдерін өндіру, ауыл шаруашылық саласындағы өндіріс орындарын экспортқа қарай бағыттау ұлттық экономикамыздың басты экономикалық мәселесіне жатады.

**Тақырыптың ғылыми зерттелуінің дәрежесі** Экономикалық әдебиеттерде агроөндірісті басқару тиімділігін арттыру мәселелері туралы көзқарастар қолданбалы және теориялық тұрғыдан отандық және шет елдік ғалымдардың көптеген еңбектері арналған. Әсіресе аталған мәселелер С.А.Әбділдин, Р.Р.Аутов, Л.И.Абалкин, Г.И.Будыкин, У.Б.Баймуратов, Ғ.Ә.Қалиев, Т.И. Есполов, М.Б.Кенжегузин, Ж.Қ.Қорғасбаев, А.Қ.Қошанов, Х.О.Ренн, И.Г.Ушачев, О.М.Шевчик, Қ.М. Тіреуов және тағы басқа ғалымдар халық шаруашылығын басқару және басқаруды ұйымдастыру теориясына елеулі ғылыми үлес қосты. Орындалған ғылыми-зерттеу жұмыстарында агроөндірістің басқару ерекшеліктерін ескере отырып, оның тиімділік деңгейін көтеру бағытындағы қажетті нақты ғылыми-тәжірибелік және әдістемелік әзірлемелер жеткіліксіз. Аталған кемшіліктің орнын толтыру үшін, агроөндірісті басқару тиімділігін көтеру мәселесін зерттеу және шешу үшін диссертациялық жұмыс негізге алынды. Қарастырылып отырған мәселенің күрделілігі және көп жақтылығы, сонымен қатар бұл салада өтіп жатқан үрдістердің ерекшеліктері кешенді зерттеулерді талап етеді.

**Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері** Диссертациялық жұмыстың мақсаты Зерттеудің мақсаты ауыл шаруашылық өндірісін дамыту үшін Қазақстанның ауыл шаруашылығын басқаруын жетілдіруге бағытталған ғылыми – негізделген тәжірибелік ұсыныстар жасау.

Осы мақсатқа сәйкес мынандай міндеттер қойылды:

- нарықтық қатынастар жағдайында агроөндірісті басқарудың теориялық негіздерін зерделеу;
- агроөндірісті басқарудың тиімділік көрсеткіштерін зерттеу;
- агроөндірісті басқару жүйесін жүйелі экономикалық талдау;
- ауыл шаруашылық саласындағы еңбек ресурстары және қаржы-несие ресурстарын талдау;
- агроөндірісті басқарудың инновациялық механизмдерін анықтау;
- агроөндірісті басқарудың модельдеу әдістерін ұсыну;
- ауыл шаруашылығы саласын тиімді басқарудың ұсыныстарын жасау.

**Зерттеу объектісі** – Қазақстан мен оның аймақтарының АӨК-і. **Зерттеудің пәні** АӨК агроөндірісінде басқару қызметті ұйымдастыру үдерісінде туындайтын экономикалық қатынастар болып табылады.

**Зерттеудің теориялық және әдістемелік негіздері** болып отандық және шет елдік аграрлық экономика саласындағы ғалымдардың еңбектері,

құқықтық – нормативтік актілері, ҚР Президентінің жарлықтары және аграрлық экономика мен нарық жағдайындағы басқару проблемалары бойынша ҚР Үкіметінің қаулылары пайдаланылады. Ақпараттық негіз ретінде ҚР ауыл шаруашылығы Министрлігінің, ҚР статистика Агенттігінің, облыстардың статистика басқармасының материалдары қолданылды. Зерттеу барысында статистика – экономикалық, монографиялық, математикалық және де басқа экономикалық талдау әдістері пайдаланылады.

**Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы мен нәтижелері** Зерттеу жұмысы барысында оның ғылыми жаңалығын анықтайтын және қорғауға ұсынылған төмендегідей мынандай нәтижелермен тұжырымдалады:

- аграрлық саланы басқаруды жеілдірудің теориялық аспектілері зерттеледі;

- аграрлық саланы аймақтық деңгейде басқару моделі ұсынылады;

- шетел және Қазақстан ауыл шаруашылығы басқаруының дамуына салыстырмалы баға беріледі;

- тауар өндірушілердің ішкі және сыртқы азық-түлік нарықтарындағы бәсекелестік позицияларын жақсартатын отандық аграрлық-өнеркәсіптік кешендегі инвестициялық-инновациялық өзгерістерге талдау жасалды;

- Қазақстанның АӨК-інің жұмысына баға беріліп, ол оның дамуын тежейтін факторларды, сондай-ақ оңды тенденцияларды: интеграциялық үдерістердің жанданғанын және интеграцияланған құрылымдар құруды анықтауға мүмкіндік берді;

- Қазақстанның аграрлық саласын дамытудағы басқарудың басым бағыттары айқындалды, олардың негізгілері болып табылатын: өсімдік шаруашылығында – (астыққа жүгері, рапс, бұршақ тұқымдастар) секілді дақылдарға арналған аудандарды ұлғайту, отандық және шетелдік өндірістің ауыл шаруашылығы техникасының жаңа түрлерін қолдану; мал шаруашылығында – мал мен құстың асыл тұқымды құрамын жақсарту, мал мен құсқа арналған жабдықтың жаңа технологияларының негізіндегі модульдік сұлбаларды пайдаланып, арнаулы мал өсіретін кешендердің құрылысын салу. Оларды іске асыру үшін жеке капиталдың, мемлекеттің, аймақтың және шетелдік инвесторлардың ресурстарының инвестициялық күштерін оңтайлы ұштастыратын инвестицияларды тарту механизмі әзірленді;

**Тәжірбиелік маңызы** автор алған нәтижелерді республиканың агроөнеркәсіптік кешенін басқарудың нысаналы бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру кезінде пайдалануға болады. Диссертациялық жұмыстың қағидаларының бірқатары мен нақты әзірленімдер республиканың агроөнеркәсіптік өндірісін мемлекеттік қолдау практикасында қолдануға болады.

**Зерттеудің нәтижелерінің апробациясы** Жұмыстың ғылыми нәтижелері мен концептуалдық жағдайлары халықаралық ғылыми – тәжірбиелік конференцияларда, семинарларда талқыланып мақұлданды.

**Жариялану** Диссертацияның тақырыбы бойынша 10 ғылыми еңбек, соның ішінде комитет ұсыныстама берген 5 (бес) басылымда, және халықаралық конференциялардың 4 (төрт) материалында, Thomson Reuters және Scopus деректер қорына кіретін 1 (бір) халықаралық басылымда жарияланған.

# 1 АГРОӨНДІРІСТІ БАСҚАРУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

## 1.1 Агроөндірісті басқарудың ғылыми негіздері және мемлекеттік саясат

Урбанизация, өнеркәсіп салаларының және нано-технологияның шапшаң дамуына қарамастан, ауыл шаруашылығы әр уақытта адамдардың шаруашылық пен қызметіндегі ең бастысы болды және болып қалады"[3]. Еліміз ХХІ ғасырдың екінші онжылдығының үшінші жылында ұлттық экономикамыздың әлеуетін арттыруға бағытталған жаңа стратегиялық бағдарламалар мен жобаларды жүзеге асыру шараларын жүргізуде. Осы жүзінге асып жатқан бағдарламада ауыл шаруашылығына қатысты арнайы шаралар қарастырылған "Жер өңдеу мәдениетін өзгерту және жаңа ғылыми, технологиялық, басқарушылық жетістіктерді ескере отырып ... дәстүрлерімізді жаңғыртуымыз қажет"[4].

Нарықтық экономика – бұл өндірісті тұтынуға икемдеп бағыттайтын жүйе. Агроөндірісті басқару, бұл бәсекелестік қағидаларының сақталынуын және әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ететін мемлекеттік реттеу жүйесі. Бізге белгілі қазіргі нарықтық экономиканың бірде біреуі стихиялы қызмет етпейді. Олардың барлығы да мемлекеттік реттеу объекті болып табылады, ал олардың даму болашағы сол немесе басқа мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының мазмұнымен анықталынады [5, 6].

Аграрлық өндірісті басқарудың нарықтық үрдіске араласу шегі мен формалары туралы мәселелердің ұзақ уақыттық тарихы бар. Оның экономикалық рөлі ескерусіз қалған кездер де болған. ХХ ғасырдың 30-шы жылдарында үлкен өзгеріс болып: мемлекет жүйелік макроэкономикалық реттеуге өтті, шаруашылық өмірге өзінің әсерін күшейтті. ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында мемлекеттің экономикалық рөлін күшейтуге байланысты мәселелер әр түрлі экономикалық мектептердің зерттеулерінде көрініс тапты. Дүниежүзілік экономикалық негізін айтарлықтай сілкінткен 1929-1933 жылдардағы ұлы дағдарыс дамуы мен тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін, нарықтық механизмді мемлекеттік реттеу шараларымен толықтыру қажеттілігін түсінуге алып келді.

Басқару әлеуметтік-экономикалық жүйенің қалыпты қызмет етуінің бөліп алғысыз алғы шарты мен талабы, қызметі болып табылады. Ондағы үрдіс қажетті бағытта тек реттеуші органдардың әсері болғанда ғана жүзеге асуы мүмкін [7]. Ауыл шаруашылығы да осы ережеден тыс қалмайды. Басқарудың қызмет ету тиімділігі көп жағдайда реттеудің деңгейі және әлеуетімен анықталады. Басқаруды жүйелі реттеу, нақты формасы мен мазмұны бар феномен ретінде, теориялық тұрғыдан қарастыру жағдайында оның қалай көрінетінін анықтасақ, түсініктірек болар еді [8]. Сондықтан, аталған категорияны қарастыру, келесідей жалпы әдістемелік мәселелердің кешенін қарастыруды ұсынылады:

– басқару жалпы әлеуметтік-экономикалық категорияларға жатады ма? Оң қорытынды жасалған кезде, берілген категорияның жалпылығы мен өзіне



тән ерекшелігін, сандық және сапалық бағалаудағы басымдылықты анықтау қажет;

– агроөндірістің жағдайында реттеу жүйесі өзіндік жаңалыққа ие болады ма немесе нарықтық қатынастар кешенінің әсерінен ғана өзгертін, ұлттық экономиканың әр түрлі даму кезеңіне тән жалпы мазмұнын сақтап қалады ма?

Басқаруды реттеудің тетіктері 1 кестеде келтірілген.

Кесте 1 – Басқаруды реттеудің тетіктері


Көзқарас	Жыл	Өкілдері	Қысқаша сипаттамасы
Әкімшілік	1920ж. бастап қазірге дейін	Ф.Тейлор А.Файоль М.Вебер Гильберт	Нормативтік актілердегі (бұйрықтар, өнімдер, стандарттар, инструкциялар, ережелер), реттеу жүйесінің қызметтерін, құқығын, міндеттерін, элементтерін тәртіппен реттеу.
Үрдістік	1920ж. бастап қазірге дейін	А.Файоль Ф.Эмерсон	Реттеу келесідей өзара байланысты қызметтердің жиынтығы ретінде қарастырады: жоспарлау, ұйымдастыру, ынталандыру және бақылау.
Мінез-құлықтық	1940ж. бастап қазірге дейін	Р.Лайкерт А.Маслоу К.Аоджирис Ф.Герцберг	Реттеуде мінез-құлықтық ғылым концепциясын қолдану негізінде жұмысшының өз мүмкіндіктерін, шығармашылық қабілетін түсінуіне көмек көрсету.
Сандық	1950ж. бастап қазірге дейін	Л.Конторович В.Леонтьев В.Немчинов	Математикалық, статистикалық және басқа да есептеулердің көмегімен сандық бағалауды қолдану. Зерттеу нәтижесі кеңінен қолдануды қарастырады.
Функционалдык	1950ж. бастап қазірге дейін	В.Новожилов Ф.Макилланд	Қажеттілік- оны қанағаттандыруды қажет ететін қызметтер жиынтығы ретінде қарастырылады.
Жүйелілік	1970ж. ортасынан қазірге дейін	Ч.Бернард С.Бир В.Елисеев Э.Квейд	Кез-келген жүйе өзара байланысты элементтердің жиынтығы ретінде қарастырылады. Онда тұтастық жұмысы маңызды – бұл тек техникалық белсенділіктің емес, тепе-теңдіктің динамикалығы мен өсуі, бейімделу және интеграция нәтижесі.
Ескерту әдеби көздер негізінде автормен құрастырылған			

Ауылшаруашылығы өндірісінде еңбек ресурстарын басқарудың жағдайдың теориялық өңдеуі атақты батыс экономисті Д.Кейнстің “Жұмысбастылық, пайыз және ақшаның жалпы теориясы” (1936ж) деген еңбегінде көрініс тапты. Содан бастап, нарықты мемлекеттік реттеу табиғатына

кейінсіндік көзқарастар ғалым-экономистердің санасын ұзақ уақытқа жаулап алды.

Қазақстан Республикасының өз бетінше экономикалық субъекті ретінде нарықтың қалыптасу мәселелері баға – сұраныс - бәсеке – тұтынушы - өндіруші (1 сурет) сияқты өзара байланысты элементтердің жүйелік өзгерісін қайта түсіндіруді қажет етеді.

Мұнда, азаматтардың қажеттілігі басты орында болатындығын білдіретін, нарықтың әлеуметтік-экономикалық жүйе екендігін көруге болады [9].



Сурет 1 – Агроөндірісі басқарудағы нарық элементтері арасындағы тепе-теңдікті қалпына келтірудің нарықтық механизмі

Ескерту автормен құрастырылған

Адамзат баласының дамуының әр қоғамындағы эволюция нәтижесінде мемлекеттік реттеу әдетке айналып, өндірушіге ол міндетті сияқты қабылданды. Агроөндірістегі шешілетін міндеттер адамдар мүддесімен тікелей байланысты және жағымсыз нәтижелер, әсіресе азық-түлік қауіпсіздігі үлкен мәселеге айналып отырған қазіргі жағдайда, қоғаммен қатал, ауыр қабылданады, мемлекет қоғам үшін жағымсыз болып келетін, стихиялы нарықтың аграрлық сектордың қызмет етуіне түзетулер енгізуін болдырмауы қажет [10]. Агроөндірісті мемлекеттік реттеу нарыққа өндіріс тиімділігін өсіру катализаторы қызметін қалдыра отырып, басымдылық таныта түседі.

Бүгінгі таңда агроөндірісті басқаруды мемлекеттік реттеу үлкен маңызға ие және оның қажеттілігі арта бермек. Нарықтық қатынастар әртүрлі нарық

субъектілерінің өзара әрекетімен сипатталады. Солардың ішінде – ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер, оларды қайта өндірушілер және өндіріс қорларын жабдықтаушылар, банкирлер мен саудагерлер, өнімді қатардағы тұтынушылар бар [11]. Олардың әрқайсысы нақты нарық сегментінде орнығып, іс-әрекет жүргізеді. Тек мемлекеттің қатысуы жағдайында ғана, барлық субъектілері жеке мүдделері үшін ғана қызмет етпей, мемлекет мүддесіне де қызмет ететін өркениетті нарық қызмет атқарады.

Агроөндірісті басқаруды нарық кездегі реттеудің негізгі мақсаты – ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының жоғарғы қарқынды дамуын, ал болашақта, олардың тұтыну нарығында бәсеке қабілеттілігін арттыруды қамтамсыз ету. Аталған мақсатқа жету үшін келесі негізгі міндеттерді шешуі тиіс. Агроөндірісті басқарудың міндеттері 2 суретте беріліп отыр.



Сурет 2 – Агроөндірісті басқарудың міндеттері

Ескерту автормен құрастырылған

Зерттеулер анықтағандай барлық мемлекеттерде агроөндірісті басқару тетіктерін үнемі назарда ұстап, мемлекеттік саясаттың ең маңызды инструменті және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамсыз жасайды. Мемлекеттердің көпшілігі өз халқын азық-түлікпен қамтамсыз ету бұл – елдің тұрақтылығының басты мәселесі деп санап, үнемі осы экономиканың маңызды саласының іс-әрекетіне дер кезінде араласып, реттеу тетіктерін іске қосады. Дегенмен зерттеулер барысы көрсеткендей, мемлекеттің агроөндірісті басқаруға қатысқанмен,

тәсілдері әр түрлі болғанымен, жалпы мемлекеттің ғана емес, сондай-ақ ең бастысы ондағы азық-түлік өндірушілердің мүддесін, яғни тиімді жұмыс жасауына мүмкіндік беретін механизмдерді қолдану керек [12].

Қазақстанның 2003-2015 жылдарға арналған индустриалды-инновациялық даму бағдарламасы мемлекеттің экономикалық саясатын қалыптастыра отырып, ел экономикасының шикізаттық даму бағытынан арылып, өңдеуші өнеркәсіптерді дамыту жолымен экономика саласын диверсификациялау жолымен тұрақты даму жолына қол жеткізуді көздейді. Сондықтан өңдеуші өнеркәсіпте және қызмет көрсету саласында бәсекеге жарамды және экспортқа бағытталған тауарлар, жұмыстар және қызметтер өндірісі мемлекеттің индустриалды-инновациялық саясатының басты мақсаты болып табылады [13]. Бүгінгі таңда, агроөндірістің тиімді де ұтымды жұмыс жасауына қажетті құжаттар мемлекет деңгейінде, келесі заңды күші бар құжаттар негізінде жүзеге асады: "Жер Кодексі" 20 маусым 2003 ж.; "Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігінің тұжырымдамасы" 3 желтоқсан 2003 ж.; "Қазақстан Республикасында шөлейттенуге қарсы күрес жөніндегі 2005-2015 жылдарға арналған бағдарлама", ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 24 қаңтардағы №49 қаулысы; "Қазақстан Республикасының Экологиялық Кодексі", 9 қаңтар 2007 ж., Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясы//ҚР Президентінің 2003 жылғы 17 мамырдағы №1096 Жарлығы "Агробизнес-2020" 2013-2020 жж. арналған агроөнеркәсіптік кешенді дамыту (АӨК) бағдарламасы. Қазақстандағы жер ресурстарын қорғаудың шараларын жүзеге асыру ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің және еліміздің халықаралық интеграциялық үрдістеріндегі мүдделері мен басымдылықтарының басты негіздерінің бастауы болуы тиіс. Еліміздегі жер ресурстарына түсетін ауыртпалық артып жатыр, осыған орай алынатын дақылдардың сапасы жылдан-жылға төмендеп отыр [14]. Жер ресурстарын қорғау шараларының іс жүзіне жүзеге асырылуын осы заңдар арқылы қадағалайды және халықаралық нормаларға сай болуын бақылайды.

Агроөндіріс саласының ерекшеліктері:

- табиғаттың, ауа-райының жағдайына толық байланысты;
- шаруашылықты жүргізу маусымды және біркелкі емес;
- азық-түлікті тұтыну тоқтамайды;
- ауыл шаруашылық дақылдарын бір орында бірнешеуін өсіре алмаймыз.

Міне, осының барлығы агроөнеркәсіп шаруашылығының жалпы экономикалық прогресте арнайы орын алатынын, әлеуметтік шиеленушіліктің пайда болатынын көрсетеді[15]. Дүние жүзілік тәжірибе көрсеткендей техниканың қандай болғанымен агроөнеркәсіп шаруашылығында өнімді көбейту- бұл жанұялық шаруа қожалығы болып отыр. Шаруа қожалығы дегеніміз бір жағынан , ауыл шаруашылық өндірісінің жаңа түрі, екінші жағынан , бұл кеңшар мен ұжымшарлардан ескі формалардың бірі болып саналады. Агроөнеркәсіп шаруашылық экономикасында шаруа қожалықтары, кооперативтер т.б.формалары [16, 17]. Ауыл шаруашылық экономисі Александр Васильевич Чайнов атағандай кеңшар мердігерлік әдістер, соның

ішінде жеке және отбасылық мердігерлік, кооперативті, шаруа қожалығы т.б. түрлері өмір сүріп, халыққа қызмет көрсете алады. Ғалымның бұл пікірінің дұрыстығын, қазіргі кезде әлемдік ауыл шаруашылық тәжірибесі дәлелдеп отыр. Мысалы, Қытай мемлекетінде тұрғындардың 80 пайызына дейін ауылдарда тұрады [18, 19, 20, 21]. Бір ерекшелігі – ауыл шаруашылық мекемелерінде емес, ауыл шаруашылығына жатпайтын ұйымдарында (ұжымшарлар мен кеңшарлар емес) барлық айдалатын жердің 90 пайызы отбасылық, жалгерлік, кооперативтік әдіспен жұмыс істейді екен. Жерді 50 жылға дейін жалға келісім шартпен алып жұмыс істеп, әр алуан өнімдер өндіреді. Осы өндірген өнімнен жалгерлер мемлекетке жылдық ақы есебіне 3 пайыз, кооператив ұйымдарына 7 пайыз беріп, қалған 40 пайызын мемлекетке жоғары бағамен сатып отырады. Енді қалған өнімнің 50 пайызы жалгерлік ұйым мүшелері өздері бөледі, не мемлекетке, немесе басқаларға нарықты еркін бағамен сатады .

Ал, АҚШ ауыл шаруашылығында істейтін фермерлік шаруашылықтар барлық штаттар бойынша өндірілген өнімнің 60 % береді. Әрі жеке меншікті жанұялы фермерлер 1 мың доллардан 20 мың долларға дейін өнім өндіріп, сатады [22, 23, 24, 25]. Бұған қосымша ауыл шаруашылық өнімдерін тағы да 16 % бірігіп жұмыс атқаратын туысқан адамдардан құралған серіктестік фермалар береді екен.

Экономикасы дамыған елдердің тәжірибелері көрсеткендей, экономикалық мүддесінен қол үзгені, жерінен айырылған шаруа елді тойдыра алмайды және ауыл шаруашылығына жұмсалған қаржы қандай көлемде болса да, құмға сінген су сияқты еш жәрдемін тигізе алмайды және саланы ілгері дамыта алмайды. Нарықты қатынастарға көшкен мемлекеттерде агроөнеркәсіпті шаруашылығы саласында фермерлер, шаруа қожалықтары, кооперативтер, жалгерлер, акционерлік қоғамдар т.б. жұмыс істейді [26, 27, 28, 29, 30]. Осылардың әрқайсына қысқаша түсінік берелік .

Шаруа қожалықтары-бұл фермерлерге ұқсас сияқты. Фермер ауыл шаруашылығының еркін тауар өндірушісі есебінде көрінсе, шаруа қожалығы бұрыннан-ақ бізде болған, өнім өндіріп келген кішігірім құрылымдар. Сонымен, шаруа қожалығы-өз еңбегімен жұмыс атқарып, өнім өндіріп, өзін-өзі қаржыландыратын, заңды, дербес шаруашылық.

Шаруа қожалықтардың ерекшеліктері:

- өз қызметін жанұя, оның мүшелері арқылы жүргізеді; жер мемлекеттік актімен бекітіліп берілгеннен кейін, оның заңды иесі бола алады және жұмыс істейді;

- барлық жағынан заңды түрде мәртебе алып, өзінің атынан жергілікті органдарда өз шешімдерімен бекітіп, шарт жасасып отырады, өзінің мөрі, банкіде шоты, кіріс, шығыс баланстары болады;

- шаруа қожалығы басқа да ұйымдармен қарым-қатынас жасайтын өндіріс орны да болып табылады;

- өндірген өніміне және құрал жабдықтарына, тапқан табысына заңды түрде ие болып қожалық жасайды, сөйтіп алған дүние мүлкі аткімен бекітіледі;

- өз жағдайларына, мамандандырылынғанына қарай не өндіретіндерін,

калай өндіретіндерін, қандай технологияны пайдаланатынын, алған өнімдерін қайда, кімге сататынын өздері дербес шешеді. Ол өз кірісін, табысын өзі біліп, өзі билейді, өзі бөледі. Әкімшілік түрде ол еш кімге бағынышты емес. Сондықтан оның ішкі жұмысына ешкім араласа алмайды. Олар мемлекеттік, кооперативтік, өздері сияқты шаруа қожалығымен қолма-қол ақшалай, ақша немесе аудару арқылы қарым-қатынас жасайды;

Өз өндіріс орнында дербес жұмыс істегендіктен кеңшар, ұжымшылардың істеріне араласпайды; Өндірілген өнімнің 70-80 пайыз тауарлығы, яғни сатылатындығы болғандықтан, аның тауарлығының жоғары екендігін көрсетеді;

Шаруа қожалығының негізгі мақсаты – шаруалардың жанұя мүшелерін азық-түлікпен қамтамасыз ету, сонымен бірге, өндірген өнімдерді сату арқылы пайда табу. 1998 жылғы наурыздың 31-де “ Шаруа қожалығы туралы ” Қазақстан Республикасының заңы өмірге келді. Бұл заң Қазақстан Республикасында шаруа қожалықтарын құрудың және олардың жұмыс істеуінің құқықтық, ұйымдық және экономикалық негіздерін белгілейді. Енді ауыл шаруашылығы өнімдерінің нарығын айтпай кетуге болмайды және оны келесідей қарастыратын боламыз.

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің нарығы. Қазақстан Республикасының экономикасын тұрақтандыру және нарыққа көшу бағдарламасы бойынша, ауыл шаруашылығы өнімдерінің нарығын құру үшін мемлекеттік тапсырыстың міндеттілігін жою, оның орнына экономикалық жағынан дербес тауар өндірушілер құрамын жасақтау, нарықтық инфроқұрылымын қалыптастыру, тауар өндірушілердің дайындаушы, ұқсатушы және басқа ұйымдармен еріктілік пен өзара тиімді негіздегі шарттық қатынастарына көшу.

Әкімшіл-әміршіл басқару жүйесінің қуатты тұтқасы болып келген директивалық мемлекеттік тапсырыс индикативті жоспарлауға орын беруі тиіс. Бұл орайда тапсырыс –ұсынысқа және шартқа айналдырылуы тиіс. Мемлекет нарыққа шыққанда басқа да сатып алушылармен құқықтық болуы керек. Ол тауар өндірушілерге сатып алатын өнім көлемі мен түр-түрі, сапасы, бағасы, жеңілдіктері, көтермелеу шаралары мен басқа да шарттары жайында алдын –ала хабарлайды [31, 32]. Нарыққа көшкенде Қазақстанның агроөнеркәсіп кешенінің аса маңызды өзіндік ерекшеліктері болды. Олар мыналар:

- еліміз бойынша әсіресе пайдаланылатын жер көлемі жөнінен орташа кәсіпорындар басым болып отырғанда негізінен ірі ауыл шаруашылық кәсіпорындарының болуы. Бұл, өз кезегінде, жер реформасын жүзеге асыру және өндіріс құрал –жабдықтарына меншікті иелікке беру формаларына әсер етеді;

- Қазақстан агроөнеркәсіп кешенінің шикізтқа бағытталуы негізінен алғанда өндіру, ұқсату, сақтау, өткізу кезеңдерін қамтитын, оның салалары арасындағы сақталып келе жатқан тепе-теңсіздікке байланысты. Ауыл шаруашылық өнімдерінің негізгі бөлегі ұқсатылмаған күйінде басқа аймақтарға жіберіліп, республикада құралған таза табыстың дені соларда қалып қояды;

- ауыл шаруашылығының дәстүрлі түрлері бар, әлеуметтік экономикалық

дамуы жағынан артта қалған көптеген аудандардың болуы. Ауыл шаруашылығы экономикасындағы күрделі проблемалардың тағы бір түрі- сататын және сатып алатын тауарларға бағанын тепе-теңдігін жасау. Бағаның тепе-теңдігі- бұл қала мен ауыл аралықтарындағы екі жақты айырбас кезіндегі ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіптің өнімдері құндарының ара қатынасы.

Тең бағаны жасау қиындықтары барлық елдерде жиі кезесіп отырады. Ол ең алдымен өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығындағы ерекшеліктер. Біріншіден, ауыл шаруашылық өндірісінде өндіретін өнімдер маусымдық сипатта болады, сондықтан өнім бағалары өзгеру уақыты бойынша жалпы баға өзгерістерінен қалып отырады. Екіншіден, фермерлер өздеріне керекті өнімдерді ірі жеке өнеркәсіп монополистерінен сатып алып отырады, ал олар болса жоғары бағаларды ұсынады. Мысалы, астық жинайтын комбайндар Ресейде екі жерде ғана жасалады. Комбайндардың бағалары болса өте қымбат. Ал фермер, шаруа өз өнімдерін көпшілікке сатады, сондықтан жоғары баға сұрау қиынға түседі. Үшіншіден, ауыл шаруашылық өнімдерінің дүние жүзілік нарығындағы бәсекелік фермерлерге тең бағалы өнімдерді ұстауға үлкен кедергі жасайды. Осының салдарынан өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы өнімдеріне әр уақытта “бағаның қайшысы” пайда болады.

Баға қайшысы- бағаның тепе-теңдігі бұзылу дәрежесі, яғни ауыл шаруашылығы өнімдері мен өнеркәсіп өнімдерінің бағаларының өсу қарқынының айырмашылығы. Бағалар тепе-теңдік проблемаларын нарықты механизмдер арқылы шешу өте қиын, сондықтан көп елдердің үкіметтері бұл тепе-теңдіктерді шешу үшін фермерлердің өндірген өнімдеріне кеткен шығындардың біразын өз мойындарына алады [33, 34, 35].

Мысалы, Еуропалық экономикалық бірлестік дүние жүзілік нарықта өз фермерлерінің астығын нақтылы бағасынан 15 пайыз төмен бағаға сатады. Ал, Америка үкіметі фермерлердің өндірген астығын 50 пайыз бағамен сатады, қалған 50 пайызын үкімет өз қалтасынан төлейді, ол төлем фермерлерге жәрдем ақша есебінде болып, ауыртпалығы салық төлеушілерге түседі.

Жәрдем ақша- тауар өндірушілерге, олардың тауарларына бағаны тұрақтандыру, немесе оларды жұтатын кететін жағдайдан аман сақтау үшін берілетін мемлекеттік қайтарылмайтын жәрдем. Адамзаттың тарихи тәжірибесі ауыл шаруашылығын өз дәрежесінде ұстау үшін ерекше әдіс ойлап шығаруға мәжбүр болды- бұл таза нарықты тетіктер. Оларға алдымен биржалық сауда жатады. Бірақ биржалық тетіктердің саудасы көпестер мен тауарлар келісімдеріне де бейімделген. Тауарлар биржасында тек үлкен көлемде және көп уақыт сақталатын талапқа сай сапасы бар тауар сатылады. Бұл талаптарға шикізат жатады, ал ол шикізаттар ауыл шаруашылығында өндіріледі. Мысалы: астық, ет, мақта, табиғи каучук. Қазіргі дамыған елдерде 50-ден артық ірі тауар биржалары бар. Оларда тауарлардың 160 түрі сатылады. Бұл көтерме сауда арқылы жылына 100 трлн. доллардың саудасы жүреді, яғни бұл елдердің өндірген өнімдерінің төрттен бірі.

Көтерме сауда- тауарларды үлкен партияларымен сатудағы келісім , мұнда сатып алушы көтерме сауда фирмасы болып табылады, ол бөлшек сауда

бағасымен дүкендерді немесе өндірістік фирмаларды тауарлармен қамтамасыз етеді. Нарықтық экономикалық қатынастардың дамуы агроөнеркәсіптік өндіріс кешенін басқарудың маңызы мен ролінің арта түсетінін көрсетеді.

Агроөнеркәсіптік өндірістің дамуы мен тұрақтануында аграрлық саланы әкімшілік аудан деңгейінде басқару ерекше орын алады. Бірақ, бұл деңгейде АӨК басқару талапқа сай келмей тұра аудан әкімшіліктеріне берілген.


Агроөндірісті басқарудың жетілуі ауыл шаруашылығы мен экономиканың басқа да салаларымен саудалық қарым-қатынастарды нығайтудың ең қолайлы формасы болып табылады. Ауыл шаруашылық өндірісінің маусымды түрі күзде, әсіресе, өнімдерді мол жинағанда, ұсыным сұранымнан көп жоғары болғанды, мұның өзі бағаның, оны-мен бірге табыстың төмендеуіне алып келеді. Бірақ өмір қажетімен тұтыну жыл бойы. Ауыл шаруашылығы өнімдеріне күз айларынан кейін ұсыным күрт төмен түседі, ал сұрамын болса айма-ай ұсынымнан жоғарылай береді. Жаз айларының аяғында екеуінің алшақтығы сонша өткен жылдың өнімдеріне деген баға тез жоғарылайды [36, 37, 38]. Міне, сұраным ұсыным тетіктерін жөнге салмаған жағдайда бағалардың тұрақсыздануы шыға келеді. Бұл жағдай фермерлерге де, тұтынушыларға да пайдасыз, күзде бұлардың алғашқылары өз тауарлары өте төмен баға алатын болса, кейінгілері ауыл шаруашылық өнімдері үшін көктемде және жазда өз қалтасынан өте көп төлейді. Бұл жерде орынды сұрақ туады: не себепті фермерлер өз өнімін күзде сатады? Келесі көктемде сату пайдалы емес пе? Бұл кеңес орындалу үшін қожалықтары ең алдымен көп айлар бойы жинаған өнімін сақтайтын қойма салуы керек, сонымен бірге сақтауға шығындар жұмсау керек. Мұнымен бірге көктемде мол табыс ала қоймайды, ал күзде де болса атқаратын жұмыстар көп, оларға кететін шығындар да мол. Бұл шығындарды жабу үшін қаржыны қайдан алады? Ол үшін банктен несие алуға болады. Бұл жолдың өз кемшіліктері бар. Біріншіден, болашақ өнімге банк онша көп қарыз бере қоймайды. Себебі, бұл тауар тұрақсыз бағасымен банктен алатын несие мен оның пайыздарын өтей ала ма? Екіншіден, банктік несие үшін үлкен өнім пайыздарын төлеу керек, ол табысты тағы азайтады. Үшіншіден, егер де банкке алған қарызын уақыттылы қайтармаса, онда шаруашылығы тұралатып, уысынан шығарып алуы мүмкін. Міне, осындай жағжайжа биржевик пайда болып келе қояды. Оның бар мақсаты: бағаның күзде болатынын пайдаланып, көбірек табыс табу. Күзде ауыл шаруашылығы өнімдері арзан болғандықтан көбірек сатып алып, көктем мен жаз айларында бағаның өсуін күтіп қолындағыны сату арқылы баға айырмасынан пайда табу. Ауыл шаруашылық потенциалын қалпына келтіруде және оны әлемдік қоғамдастықтың экономикасының қазіргі кезеңдегі мүмкіндік деңгейіне жеткізуде шешуші екі компонент бар: мемлекеттің аграрлық саясаты мен ауыл шаруашылық кәсіпорындарындағы тиімді менеджмент. АӨК басқару жүйесін жетілдіру аграрлық өндірістің преспективада дамуына негізделіп, нарықтық қатынастардың дамуын, аграрлық саланың көп салалығын, оның әлемдік экономикалық кеңістікке ену тенденцияларын ескеру керек [39, 40].



Қазақстан Республикасында 1991-2012 жылдардағы егістік жерлер ауданы, түсімі және алынған жалпы өнім көлемі 2-3 кестелер мен 3 суретте келтірілген.

Кесте 2 - Қазақстан Республикасында 1991-2012 жылдардағы егістік жерлер ауданы, түсімі және алынған жалпы өнім көлемі

Жылдар	Егістік			
	ауданы		бидай түсімі, ц/га	алынған жалпы өнім, млн. тонна
	егістік, мың га	1 адамға келетін үлесі, га		
1991	34935,5	2,13	5,3	12,0
1995	31700	1,98	5,0	9,5
1996	28730,9	1,81	6,5	11,2
1997	25889,2	1,65	8,7	12,4
1998	22768,5	1,5	5,6	6,4
1999	19692,8	1,32	13,0	14,3
2000	16195,3	1,3	9,4	11,6
2001	16785,2	1,38	12,2	15,9
2002	17756,3	1,44	11,5	16,0
2003	17454,2	1,42	10,8	14,8
2004	18036,4	1,47	8,8	12,4
2005	18445,2	1,22	10,0	13,8
2006	18369,1	1,21	11,7	16,5
2007	18954,5	1,23	13,3	20,1
2008	20119,2	1,29	10,1	15,6
2009	21424,9	1,33	12,6	20,8
2010	21438,7	1,32	8,0	12,2
2011	21200,0	1,28	17,1	26,9
2012	21190,7	1,26	16,3	12,8
2012 жылды 1991 жылмен салыстырғанда абсолют. (+,-)	- 13744,8	-0,87 59,1	+11,0 3 есе	+0,8 106,7
салыстырм. %	60,6			
Ескерту - ҚР статистика жөніндегі агенттігі мәліметтері негізінде автордың есептеулері				



Сурет 3 -Қазақстан Республикасында 1990-2012 жж. егістік жерлердің ауданы, мың га

Мемлекетіміздің ауыл шаруашылық зоналары бойынша егістік ауданы біркелкі орналаспаған, 3 кесте.

Кесте 3 – Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылық зоналарындағы егістік жерлердің үлесі 1990-2012 жж. ауданы

Облыстар	Егістік ауданы, мың га				2012 жылды 1990 жылмен салыстырғанда өзгерісі		
	жылдар				абс. (+,-)	барлығы мың га	үлесі, %
	1990		2012				
	ауданы	үлесі	ауданы	үлесі			
Ақтөбе	1400,5	6,7	719,5	6,2	-681	-1039,7	7,4
Атырау	7,0		5,2		-1,8		
БҚО	949,7		592,0		-357,7		
Маңғыстау	-		0,8		+0,8		
Алматы	1300,3	12,12	890,3	10,9	-410	-1944,5	13,9
Жамбыл	895,5		527,3		-368,2		
ОҚО	1832,1		742,2		-1089,9		
Қызылорда	236,2		159,8		-76,4		
Қарағанды	1688,7	4,8	959,1	4,5	-729,6	-729,6	5,2
Ақмола	7928,1	71,13	4760,1	72,6	-3168	-9648,4	68,9
Қостанай	8358,3		5148,2		-3210,1		
Павлодар	1756,7		970,8		-785,9		
СҚО	6981,9		4497,5		-2484,4		
ШҚО	1847,1	5,25	1217,7	5,8	-629,4	-629,4	4,6
ҚР	35182,1	100	21190,7	100	13991,6	13991,6	100

Әрине 3 кестеден көрініп тұрғандай соңғы 22 жылда егістік жерлердің ауданы 13744,8 мың га немесе 39,4 % қысқарған. Ал ауыл шаруашылық

зоналары бойынша егістік жерлердің үлесі әртүрлі: 2012 жылы оңтүстік-13,9 %; батыс-7,4%; солтүстік-68,9%; орталық-5,2%; шығыс-4,6%. Нарықтық экономикалық қатынастардың дамуы агроөнеркәсіптік өндіріс кешенін басқарудың маңызы мен ролінің арта түсетінін көрсетеді [41, 42, 43].

Агроөнеркәсіптік өндірістің дамуы мен тұрақтануында аграрлық саланы әкімшілік аудан деңгейінде басқару ерекше орын алады. Бірақ, бұл деңгейде АӨК басқару талапқа сай келмей тұра аудан әкімшіліктеріне берілген.

Агроөндірісті басқарудың тұрақтануы және оның қызмет көрсету үрдістерін жетілдіру, ұлттық экономикамыздың ең басты да қажетті мәселесі және оны шешу бүгінгі күннің өзекті мәселесіне жатады.

Өндіріске қатысты «басқару» түсінігі құрамына экономикалық, ұйымдастыру - әкімшілік, әлеуметтік және адамдардың психологиясына әсер ету іс – шаралар жиынтығы жатады. Олардың негізгі шектеулі еңбек және материалдық – ақшалай құралдарды жұмсау арқылы, максималды әсер алу.

Басқару – объективті заңдардың талаптарын тәжірибелік шаруашылық қызметке ұйымдастырудың негізгі буыны. Басқару – тек қана экономикалық заңдардың талаптарын жүзеге асыру емес. Басқару – талаптардың жүзеге асырылуын ұйымдастыру.

Басқару тек қана объективтік экономикалық заңдарға сүйене қоймай, сонымен қатар солардың негізінде өндіріске қатысушылардың бірыңғай мүдделер жүйесіне сүйенеді.

Нақтылай келгенде өндірісті басқару жүйесі келесі компоненттерден тұрады: басқару механизмі, басқару құрылымы, басқару үрдісі, басқару жүйесін дамыту механизмі.

Басқару механизмі негізгі басқару жүйесінің фундаменталдық буындарынан құралған: негізгі принциптер, мақсаттар, тәсілдер, функциялар.

Басқару құрылымы құрамына басқару органдарының жүйесі, басқару мамандары, қолданылатын техникалық басқару құралдары кіреді.

Басқару үрдісі – қабылданған басқару тәсілдері жүйесі арқылы қойылған басқару мақсатына жетудегі барлық басқару буындарының қызмет көрсетуі. Басқару үрдісінің негізгі құраушылары шешімдерді қабылдау және жүзеге асыру үрдістері.

Басқару жұмыскерлердің еңбек қызметі болғандықтан, оның экономикалық сипаттары бар: шығындар, оларды жабу көздері, нәтижелері және тиімділігі.

Басқаруды жетілдіру механизмі құрамына басқару объектісінің дамуы нәтижесінде басқаруға өзгерістер енгізуді ұйымдастыру кіреді.

Жалпылама қарастырғанда басқару жүйесінің жалпы сипаттамасы осындай.

Басқару жүйесін қалыптастыру белгілі шығындарды талап етеді, бірақ басқаруды тиімді ұйымдастырудың өндірістік әсері бұл шығындардан әрдайым асып түседі.

Басқаруды ұйымдастырудан алынған әсер, оның өндірістік үрдістегі маңыздылығын көрсетеді. Өндірістік ұйымдар ірі болған сайын басқару

проблемасының маңыздылығы арта түседі, өйткені басқару деңгейі бірлескен қызметтің нәтижесіне әсерін тигізеді.

Бүгінгі таңда экономикалық өсуді, еңбек өнімділігін көтеруді, тиімділікті көтеруді қамтамасыз ететін басқару ғана тиімді болып саналады.

Қазіргі экономикалық әлемде кеңінен кездесетін қызмет түрі ол менеджмент. Ол кез келген мемлекетте және нарықтық экономика дамып, қалыптасқан үрдісінде қолдануға қолайлы. Сондықтан, оны теориялық және тәжірибелік тұрғыдан жаңа экономикалық қатынастарға өтуде Қазақстанда қолдануға болады деген тұжырымға келуге болады. Соның нәтижесінде әлеуметтік – экономикалық үрдістерді басқарудың жаңа басқару жүйесі қалыптасады. Сол үшін менеджменттің теориялық - әдістемелік негіздерін терең зерттеу және оны басқару қызметінде әр түрлі деңгейлерде қолдану қажет.

Менеджмент нарықтық экономиканың экономикалық тәуелсіз субъектіне қажетті басқару әдісі ретінде сипатталады. Бұл нарықтық жағдайда экономиканың алғашқы буынында кәсіби атқарылатын қызмет түрі. Ол жиынтық ресурстардың мүмкіндігін тиімді пайдалану арқылы менеджменттің экономикалық механизмін қойылған мақсаттарға жетуге қолданылады. Осыдан келе менеджменттің – нарықтық экономика жағдайындағы басқару деуге де болады. Басқа жағдайларды ескере отыра бұл дегеніміз:

а) кәсіпорын (фирманың) нарық сұранысына және қажеттілігіне бағыттау; сұранысы бар және пайда әкелетін өнім түрлерін шығаруға өндірісті бейімдеу;

б) тұрақты өндіріс тиімділігіне ұмтылу: минималды жиынтық шығындар

оңтайлы нәтижелер

в) шешім қабылдаудың тәуелсіздігі.

Азамат қоғамының дамуына байланысты менеджмент түсінігі мен мәні өзгеріп, жаңа ерекшеліктер мен сипаттарға тән болады.

Менеджмент теориясы және тәжірибесінде маңызды үлес қосқан концепцияларды атап өтсе болады. Ол ғылыми басқару концепциясы (1885 – 1920 ж.ж.), әкімшілік басқару (1920 – 1950 ж.ж.), адамдар қарым – қатынасы тұрғысынан басқару (1930ж – қазірге дейін), мөлшерлік әдістер тұрғысынан басқару (1950ж – қазірге дейін). Сонымен қатар қазіргі жағдайларға байланысты басқаруда келесі ғылыми көзқарастар кездеседі: басқаруға үрдіс ретінде қарау; жүйелік көзқарас; ситуациялық көзқарас.

Сондықтан менеджмент дамуы ұзақ тарихпен айқындалған. Бұл тәжірибелік және теориялық қолдануы бар үздіксіз эволюциялық үрдіс. Осыған тоқтала өтейік. XIX ғасырдың соңымен XX ғасырдың басында жиналған тәжірибе негізінде менеджмент ғылымының негіздерін жинақтауға бағытталған жаңа маңызды жұмыстар дүниеге келді. Бұл өнеркәсіп дамуының қажеттілігінен туындаған объективтік әсері болды, өйткені көлемді өндіріс пен ірі корпорациялар мен акционерлік қоғамдар

кеңінен етек жайды. Ірі кәсіпорындар өндірістік және еңбекті тиімді ұйымдастыруда өте мұқтаж болды. Өндірістің барлық бөлімшелері, менеджерлер, орындаушылар ғылыми негізделген принциптермен нормаларға сай қызмет етуге мұқтаж болды.

Ғылыми менеджмент мектебінің негізін қалаушы тәжірибеші – инженер және менеджер Ф.У.Тейлор болды. Ол өзінің жұмыстарында еңбек өнімділігі мен тиімділігін арттыру мақсатымен өндіріс пен еңбекті тиімді ұйымдастыру проблемаларын шешті. 1911 ж. жарық көрген «Ғылыми басқару принциптері» кітабы менеджментті ғылым және тәуелсіз зерттеу саласы ретінде қарастыруды дәлелдеді. Оның негізгі мақсаты – еңбек өнімділігін еңбекті ғылыми ұйымдастыру арқылы өсіру. Ф.Тейлор көзқарасы бойынша жұмысты орындаудың тек бір ғана оңтайлы жолы бар, сондықтан мақсат сол жолды ғылыми тәсілдер арқылы анықтауда болып тұр.

Ф.Тейлордың және де оның ізбасарларының жұмыстары арқылы ғылыми менеджментті төмендегідей сипаттауға болады:

- мақсаттарға жетудің ең жақсы тәсілдерін анықтауда ғылыми анализді қолдану маңыздылығы;
- нақты тапсырмаларды орындауға қажетті жұмыскерді таңдау, оның оқуын және білімін жетілдіруін қамтамасыз ету;
- жұмыскерді қойылған мақсатты орындау үшін барлық қажетті ресурстармен қамту;
- еңбек өнімділігін көтеруде материалдық қызықтырушылықты жүйелі және дұрыс қолдану.

Ғылыми басқару концепциясы түбегейлі әсер етіп, соның салдарынан, басқару ғылыми зерттеулердің тәуелсіз саласы ретінде кеңінен қолдау тапты. Ғылым мен техникадағы тәсілдер мен көзқарастарын ұйымдастыру мақсаттарына жетуге қолдану мүмкіндігіне бірінші рет ғалымдар мен басшы – тәжірибешілердің көзі жетті.

Егер ғылыми басқаруды жақтаушылар өз ойларын негізінен өндірісті басқаруға бөліп және басқарудан төмен тұрған барлық деңгейлерде тиімділікті көтеруді мақсат етсе, классикалық немесе әкімшілік мектеп ұйымды басқару жүйесін толығымен жетілдіру әдістерін және тәсілдерін қарастырып зерттеді. Мұнда менеджмент біртұтас үрдіс немесе үздіксіз байланысты іс – шаралар ретінде қарастырылады. Іс – шаралар жиынтығы басқарушылық функциялар деп аталып, ал басқару үрдісі – барлық функциялардың қосындысы болады.

Бұл мектептің пайда болуы А.Файоль атымен байланысты. Ол өзінің «Жалпы және индустриалдық менеджмент» атты жұмысында өзінің басқару теориясын келтірді. Бұл теория басқару проблемаларына қатысты жаңа идеялардың қалыптасуына өз ықпалын тигізді. Ол басқару үрдісін талдауға және зерттеуге қажетті басқару жүйесінің элементтерін бөліп көрсетті: жоспарлау, ұйымдастыру, жетекшілік жасау, бақылау және координация. Басқарушылық мақсаттарды шешуде және басқару функцияларды

орындауда қажетті менеджмент принциптерін А.Файоль 20 – шы жылдары қалыптастырды. Олардың негізгілері:

1. Еңбек бөлінісі;
2. Өкілеттілік және жауапкершілік;
3. Тәртіп;
4. Біртұтастық;
5. Іс – шаралар бірлігі;
6. Жеке мүдделердің ұжымдыққа бағынуы;
7. Жұмыскерлерді марапаттау;
8. Орталықтандыру;
9. Скалярлық тізбек;
10. Реттеулік;
11. Заңдылық;
12. Жұмыскерлердің тұрақтылығы;
13. Инициатива;
14. Корпоративтік рух.

А.Файоль ұсынған менеджменттің жалпы принциптері қазіргі кезеңде де ұйымның негізгі шарттары ретінде қалыптастырылады [9].

Психология ғылымының дамуына «адамдық қатынастар» мектебі қалыптасты. Бірақ, ғылыми және әкімшілік басқару мектептері адами факторды ескермеді деп айтуға болмайды.

Психология және адамдық қатынастар позициясынан қалыптасқан басқару концепциясы менеджментті «басқа адамдар көмегімен жұмыстың орындалуын қамтамасыз ету» ретінде қарастырды.

Бұл мектептің идеяларының және принциптерінің кең етек жаюуы, соғыстан кейінгі жылдарда әлеуметтік ғылымдарда бихевиористік бағыттың дамуына байланысты. Бұл бағыт К.Арджирис, Р.Лайкерт, Д.Мак Грегордың және Ф.Герцбергтің аттарымен тығыз байланысты. Менеджменттің әлеуметтік қатынас және коммуникация, ұйымдық құрылымдағы билік және бедел, мотивациялар сияқты проблемаларын зерттеуде ол ғалымдар өз үлесін қосты. Осы аспектілерді зерттеу арқалы ««Адамдық қатынастар мектебі» адам ресурстарын тиімді пайдалану арқылы ұйымдастырудың тиімділігін көтеруге тырысты. Осыған байланысты олар жұмыстың мазмұнын өзгертуге және жұмыскердің басқару процесіне қатысуына ерекше көңіл бөліп, еңбек өнімділігі мен тиімділігін көтеруде соларды шешуші факторлар деп саналады.

К.У.Черчмен, Р.А.Акор, Е.Л.Арнор жұмыстарында менеджмент мөлшерлік тәсілдер көзқарасы ретінде былай келтірілген: жүйенің атқарар кезінде пайда болатын проблемаға ғылыми тәсілдерді қолдану, және осы жүйені сипаттайтын проблемаларды математикалық теңдеулер арқылы шешу. Бұл бағытты жақтаушылар өз алдына қойылған ұйымдастыру проблемаларын мөлшерлік және математикалық тәсілдер, ғылыми талдау тәсілдері арқылы шешуді мақсат етті. Мұнда, қарастырылатын проблеманың құраушылары қысқартылып жағдайға байланысты модельдерқұрастырылып мақсатқа жету көзделген. Модельдерде негізгі тұжырымдар мөлшерлік

мәндермен және символдармен ауыстырылады. Басқару саласына компьютерлерді енгізуге байланысты мөлшерлік тәсілдерді және математикалық модельдерді қолдану тиімділігін көрсетті

## **1.2 Агроөндірістегі еңбек ресурстарын басқару**

Еңбек — тікелей өндіріс процесімен айналысатын халықтың белсенді бөлігі. Еңбек — әлеуметтік-демографиялық, кәсіптік-біліктілік және мәдени білім беру параметрлері бойынша бағаланатын еңбекке қабілетті халық. Агроөндірістегі еңбек ресурстарын басқару қандай жүйе бойынша дамып келе жатқандығына қарамастан, оның шешуші қызметі болып табылады. Әрине, бұл ауылдық жердегі еңбек ресурстарына да қатысты мәселе. Сондықтан мамандарды басқарудағы әдістемелік жолдарды білген жөн. Дамыған елдерде бұл мәселені зерттеуге үлкен көңіл бөлінеді. Мысалы, АҚШ-та "мамандарды (қызметкерлерді) басқару" пәні 200-ге жуық ЖОО-да оқылады. Ірі корпорациялардағы мамандардың 30%-на жуығының магистр дәрежесі бар. Жапондықтар өздерінің өмір сүруін табиғи ресурстарға емес, адам ресурстарына байланысты деп түсінеді және де олар өздеріндегі ең басты байлық адам деп есептейді. Қолданылған ресурстардың көп түрлілігіне қарамастан оларды әдетте негізгі 3 топқа бөледі: натуралды немесе табиғи (жер); материалды (капитал); адам ресурстары (еңбек).

Агроөндірістегі еңбек ресурстарын басқару ұйымды басқаруға негіз болады. Адам ресурстарын басқару кез келген ұйым үшін материалды және табиғи ресурстарды басқарумен қатар, жалпы басқарудың бір құраушысы болып табылады. Алайда өз қасиет белгілеріне қарай адам ресурстары басқа ресурстардан өзгешеленеді де, басқарудың ерекше әдістерін қажет етеді. Басқару үрдісінде адам ресурстарының өзіндік ерекшелігін ескерген жөн. Оның мәні мынада: біріншіден, өндіріс құралдарына қарағанда (машиналар, шикізат) адамдардың сапасы бар, соған сәйкес олар сыртқы әсерге сапалы түрде жауап бере алады. Яғни, ұйым мен қызметкер арасындағы өзара байланыс процесі екі жақты болып табылады [44,45,46]. Екіншіден, сапалы болғандықтан адамдар үнемі жаңарып дамып отыруға қабілетті. Технологиялар мен оған қоса кәсіптік білім бірнеше жылдың ішінде ескеріп отыратын ғылыми-техникалық прогрестің қазіргі жағдайында қызметкерлердің үнемі дамып, жаңарып отыру қабілеті кез келген ұйым қызметінің тиімділігін арттырудың аса маңызды да ұзақ мерзімді көзі болып табылады. Үшіншіден, қазіргі заманғы қоғамдағы адамның еңбек ету өмірі 30-50 жылды құрайды, осыған байланысты ұйым мен адамның ара қатынасы ұзақ мерзімді сипат алады. Төртіншіден, материалды және табиғи ресурстарға қарағанда адамдар ұйымға белгілі бір мақсаттармен, саналы түрде келеді де, ұйымнан осы мақсаттарына жетуде көмек күтеді.

Мамандарды басқару адамзат қоғамның даму тарихында ежелден бастау алады. Туыстық ұйымдарға біріккен сонау ежелгі адамзат қоғамның алғашқы өкілдері-ақ өздерінің өте шектеулі ресурстарын пайдалану мәселесін күнделікті шешіп отыратын, күнделікті еңбек бөлінісі, еңбек уәждемесі (мотивация) және тәртіп мәселелерімен кездесіп отыратын.

Мамандарды басқаруда кез келген объектіні немесе процесті басқару секілді ұйымдық қызмет болып табылады. Ғылыми-техникалық үрдістің жеделдеуімен, нарықтық қатынастардың одан әрі дамуымен және бәсекенің өрши түсуімен сипатталған ХХ ғасырдың соңғы жылдары мамандар алдына адам ресурстарын басқару саласында жаңа мәселелер туындады.

Еңбек ресурстары дегеніміз - еңбек ету үшін қажетті білімі мен ақыл-ой қабілеті бар, физикалық дамыған халықтың бір бөлігі. Еңбек ресурстарына жататындар: еңбекке жарамды жастағы халық: еркектер 16-63 жас, әйелдер 16-58 жас аралығындағылар. Жұмыс істемейтін I және II топтағы еңбек және соғыс мүгедектері мен еңбекке жарамды жастағы, бірақ жеңілдетілген жағдайлармен қарттығы бойынша зейнетақы алатын жұмыс істемейтіндер еңбек ресурстарын құрамына кірмейді. Қоғамдық өндіріспен айналысатын еңбекке жарамды жастағылардан үлкендер мен кішілер. Өндірістік қатынастар көзқарасынан қарағанда шаруа қожалықтарының тиімділігінің шешуші факторы- шаруаны еңбекке ынталандыратын мотивтар және дамыған нарықтық қатынастар.

Шаруаны еңбекке ынталандыратын мотивтердің негізі оларға өзінің өндірістік қызметтің нәтижелері (өнім, табыс) меншік құқығының берілуі және өндіріс құралдары меншігінің мағынасының өзгеруі. Шығарылған өнім, табыс және өндіріс құралдарына меншік қатынастарын жүзеге асыру дамыған нарықтық қатынастарда айқын көрінеді.

Еңбек әлеуеті еңбек ресурстарына қарағанда кең мағынаны қамтиды. Себебі мұнда жасы бойынша еңбек ресурстарының қатарынан шығып кеткен бірақ, қоғамдық қатысатындар да кіреді. Еңбек әлеуеті - бұл жеке адамның, әр түрлі жұмыскерлер тобының, бүкіл еңбекке жарамды халықтың қоғамдық пайдалы еңбекке қатысуы бойынша санын, сапасын және еңбекке қабілеттілік өлшемдерін анықтайтын интегралды сипаттамасы. Еңбек әлеуетінің сандық және сапалық сипаттамалары болады. Сандық сипаттамасы келесілерді анықтайды: еңбек ресурстарының саны; бір жұмыскердің бір жылдағы орта есеппен алғандағы жұмыс істеген уақытының мөлшері; еңбектің интенсивтігі (қажетті персоналдар саны). Сапалық сипаттамасы: физикалық құраушысы (адамның бойы, салмағы, дене өлшемі және т.б.); денсаулығы; интеллектуалдылығы (ақыл-ой, медреслік, өз дегенін орындау қабілеті, талант); әлеуметтік (өмір сүру деңгейі, әлеуметтік ортасы, материалды, рухани қажеттілік; мамандығы (білім деңгейі, тәжірибесі, кәсібі). Сандық, сапалық сипаттамаларын бірге қарастыра отырып, қоғамдық өндірістің еңбек ресурстарымен қаншалықты дәрежеде қамтамасыздандырылғанын, ҒТП-н талаптарына сәйкестілігін анықтауға болады [47, 48, 49, 50].

Агроөндірістегі еңбек ресурстарының өсуі деп туу мен өлімнің өзара әсерлесуі нәтижесі адамдар ұрпағының үздіксіз жаңарып отыру процесі түсіндіріледі. Халықтың ұдайы өсу процессінде оның түрлері, типтері және тәртібі, ал еңбек ресурстарының ұдайы өсуі процессінде сонымен қатар фазалары немесе кезеңдері бөлініп шығады. Халықтың табиғи қозғалысы - деп адамдардың туылып және өлімінің салдарынан айтамыз.



Қазақстан Республикасында 2008-2012 жж. агроөндірістегі техникаларды қолдану жағдайы 4 кестеде және 4 суретте беріліп отыр.

Ауыл шаруашылығы техникасының паркі қазіргі таңда машиналар мен жабдықтардың абсолютті санының өсу серпініне қарамастан ҚР-дағы ауыл шаруашылығы техникасы паркінің 80%-ы тозған. Қазіргі уақытта пайдаланудың нормативтік мерзімі 8-10 жыл кезінде 80%-дан астам астық жинау комбайндары мен тракторларының орташа пайдаланылған жылы 13-14 жыл, 71% астық жинау комбайндары, 93% тракторлар және 95% тұқым себетін машина есептен шығаруға жатады, ауыл шаруашылығы техникаларының қолда бар паркі жалпы 87% шегінде тозған. 2004-2009 жылдары техниканың қатардан шығып қалуының орташа коэффициенті оң болды (жылына 0,7%),

Кесте 4 – Қазақстан Республикасында 2008-2012 жж. агроөндірістегі тракторлар, тіркемелер саны


№ р/р	Трактор және оның тіркемелері	Жылдар					Өзгеруі 2012 жылды 2008 жылмен салыстырғанда	
		2008	2009	2010	2011	2012	абс. (+,-)	сал. (%)
1.	Тракторлар	43988	42523	43715	40228	36958	-7030	84,02
2.	Трактор тіркемесі	20295	19682	18849	18791	16532	-3763	81,46
3.	Дестелегіш механизмі	6630	7121	6623	6571	6168	-462	93,03
4.	Соқа	10470	10523	11298	8830	6536	-3934	62,43
5.	Тырма	111947	110518	107140	100920	80894	-31053	72,26
6.	Қопсытқыш	7840	7374	6675	7561	6510	-1330	83,04
7.	Тұқым сепкіш-сеялка	42745	41889	42535	41096	33664	-9081	78,76

Ескерту ҚР статистика агенттігінің деректері негізінде автордың есептеулері

Қазақстан Республикасының агроөндіріс саласында еңбек ресурстарын басқару жүйесін экономикалық талдау 2 бөлімде келесі міндеттерді қарастырамыз:

- агроөнеркәсіп кәсіпорында еңбек ресурстарын басқару жүйесінің тиімділігіне талдау жүргізу;
- агроөнеркәсіп өндірісі кәсіпорында еңбек ресурстарын басқарудың инновациялық стратегиясын қалыптастыру;
- агроөнеркәсіп кәсіпорында еңбек ресурстарын басқаруды ынталандыру әдістерін жетілдіру бойынша ұсыныстар беру;
- агроөнеркәсіп өндірісі кәсіпорынның заманауи талаптарына жауап

беретін кадрлық әлеуетті жоғарлатудың негізгі бағыттары жөнінде ұсыныстар жасау.




Сурет 4 – Қазақстан Республикасында 2008-2012 жж. агроөндірістегі тракторлар, тіркемелер саны

Ауыл шаруашылығында қолданылып жүрген әр түрлі техникалар және комбайндар 5-6 кестелер және 5 суретте келтірілген.

Кесте 5 – Қазақстан Республикасында 2008-2012 жж. шөп дайындайтын техникалар

№ р/р	Шөп дайындайтын техникалар	Жылдар					Өзгеруі 2012 жылды 2008 жылмен салыстырғанда	
		2008	2009	2010	2011	2012	абс. (+,-)	сал. (%)
1.	Шөп шапқыш	2963	2845	2061	2235	1832	-1131	61,83
2.	Тырма	2009	1937	1542	1534	982	-1027	48,88
3	Пішен тайлаушы-пресс	1656	1567	2151	1790	1851	195	111,78

Ескерту ҚР статистика агенттігінің деректері негізінде автордың есептеулері



Сурет 5 – Қазақстан Республикасында 2008-2012 жж. шөп дайындайтын техникалар, саны

Кесте 6 – Қазақстан Республикасында 2008-2012 жж. агроөндірістегі комбайндар

№ р/р		Жылдар					Өзгеруі 2012 жылды 2008 жылмен салыстырғанда	
		2008	2009	2010	2011	2012	абс. (+,-)	сал. (%)
1.	Астық комбайны	19890	19389	20199	18802	17285	-2605	86,90
2.	Жүгері комбайны	21300	18200	15200	99000	17285	-4015	81,15
3.	Жемшөп комбайны	1080	992	856	712	396	-684	36,67
4.	Мақта комбайны	177	189	95	104	75	-102	42,37
5.	Картоп комбайны	129	146	121	131	286	157	221,71
6.	Қызылша комбайны	63	59	57	58	56	-7	88,89

Ескерту ҚР статистика агенттігінің деректері негізінде автордың есептеулері

Зерттеу деректері көрсеткендей, Қазақстан Республикасында жыл сайын 87,4 мың тонна минералды тыңайтқыш пайдаланылады, осының негізінде тыңайтқыштарға қажеттілік жылына 1,8 млн. тоннаға бағаланады. Сол уақытта ҚР АШМ Мемлекеттік инспекция комитетінің облыстық аумақтық инспекцияларының деректері бойынша гербицидтер жеткіліксіз қолданылады – жылына 30 млн. литр қажеттілігі кезінде бар болғаны 8-10 млн. литр, 7 кесте және 6 сурет.

Кесте 7 – Қазақстан Республикасында 2008-2012 жж. агроөндірістегі тыңайтқыштарды енгізетін машиналар, қондырғылар

№ р/р	Тыңайтқыш енгізетін қондырғылар	Жылдар					Өзгеруі 2012 жылды 2008 жылмен салыстырғанда	
		2008	2009	2010	2011	2012	абс. (+,-)	сал. (%)
1.	Қатты минералдық тыңайтқышты шашатын машина	654	641	594	513	957	303	146,33
2.	Органикалық қатты тыңайтқышты топыраққа енгізетін машина	230	139	74	38	12	-218	5,22
3.	Органикалық сұйық тыңайтқышты топыраққа енгізетін машина	252	257	199	156	25	-227	9,92
4.	Шашқыш, тозаңдатқыш қондырғы	1683	1548	1535	1366	156	-1527	9.27
5	Тұқымды дәрілеуіш қондырғы	314	387	392	400	298	-16	94,90
Ескерту ҚР статистика агенттігінің деректері негізінде автордың есептеулері								



Сурет 6 – Қазақстан Республикасында 2008-2012 жж. агроөндірістегі тыңайтқыштарды енгізетін машиналар, қондырғылар

Қазақстан Республикасы құрамында азот және фосфоры бар тыңайтқыштарды тұтынуға тең көлемде өндіреді, алайды, тыңайтқыштардың үлкен бөлігі экспортталады, ал ішкі сұраныс импорт есебінен қанағаттандырылады. Қазақстанда тұтынылатын калийлі тыңайтқыштар қазіргі уақытта толық көлемде импортталады [51, 52, 53].

Биологиялық тыңайтқыштар да жеткіліксіз пайдаланылады. Қазақстанда жыл сайын шамамен 3,5 мың тонна пестицид өндіріледі, бұл ретте шамамен 17,5 мың тонна импортталады. Пестицидтерді тұтынудың ішкі нарық көлемі жыл сайын 21 мың тоннаға жуық құрайды және жылына 10-12 % өсу үрдісіне ие. Пестицидтерді формуляциялауды республикада шамамен 6 жергілікті кәсіпорын жүзеге асырады.

Қазіргі бар кедергілерді шешу мақсатында минералды тыңайтқыштар құнын, сондай-ақ ауыл шаруашылығы дақылдарын гербицидтермен өңдеуге жұмсалатын шығындарды арзандату бойынша мемлекеттік қолдау шараларын жалғастыру қажет.

Ауыл шаруашылық саласына инновациялық технологияны енгізу арқылы ғана оң нәтижелерге жетуге мүмкіндік болатындығын айтуға тиіспіз. Қазақстан Республикасының ауылшаруашылық өнімдері халқымыздың сұранысын қамтамасыз етіп қана қоймай, әлемдік сауда кеңістігіне шығуға әлеуетіміз бар. Осы мүмкіндікті дұрыс пайдалану шараларын қарастыруға

тиіспіз. Ал халықаралық тәжірибені оңтайлы пайдалана алсақ, өзге дамыған елдердің: АҚШ, Австралия, Германия, Голландия, Израиль, Жапония, Канада ауыл шаруашылық саласын мемлекет тарапынан қолдау және агробизнесі ұтымды ұйымдастыру инновацияларын алсақ, өсірген ауыл шаруашылық өнімдерінің арасында өзара бәсекеге қабілеттілік деңгейін арттыра аламыз. Стратегиялық жоспар бойынша ҚР жеке аграрлық саланың дамуы төменнен жоғарыға бағытталған ауыл шаруашылық кооперациямен аяқталуы керек.

Ол ерікті бастама мен өзін - өзі басқаруға негізделіп, шаруа және фермерлер тауар өндіру негіздерін толықтыратын ауылдық, аймақтық бизнес және басқару Ассоциациялары түрінде құрылады.

Өндірістік қатынастар көзқарасынан қарағанда шаруа қожалықтарының тиімділігінің шешуші факторы- шаруаны еңбекке ынталандыратын мотивтар және дамыған нарықтық қатынастар.

Шаруаны еңбекке ынталандыратын мотивтердің негізі оларға өзінің өндірістік қызметтің нәтижелері (өнім, табыс) меншік құқығының берілуі және өндіріс құралдары меншігінің мағынасының өзгеруі. Шығарылған өнім, табыс және өндіріс құралдарына меншік қатынастарын жүзеге асыру дамыған нарықтық қатынастарда айқын көрінеді.

Нарықтық қатынастар жағдайында агроөнеркәсіптік өндірістің тиімділігін арттыру маңызды мақсат ретінде алға қойылған. Оны жүзеге асыруда басқарудың рөлі өте үлкен, өйткені көп мәселелер басқару қызметінің тиімділігін арттыруға байланысты.

Басқару жүйесінің тиімділігін талдау және бағалау осы уақытқа дейін толық шешілмеген өте күрделі проблема. Бұл проблеманың әдістемелік тәжірбелік шешілуі басқару қызметін рационализациялаудың негізгі бағыттарын анықтауды қамтамасыз етеді. Көптеген зерттеушілер ойынша басқарудың өндірістің түпкі нәтижелерінің дамуына әсерін анықтау қажет, өйткені қоғамдық үрдісте көптеген факторлар бір біріне әсер етеді. Нақты және басқада мақсаттарға жетуде басқарушылық әсердің үлесін анықтау өте күрделі міндет.

Өндірісті басқарудың экономикалық тиімділігін негіздеу негізінен өндірістің экономикалық тиімділігін анықтау жалпы проблеманың бөлігі. Оны анықтау басқаруға қатысты жалпы әдістемелік принциптерде құрылып, оны жүзеге асыруға жұмсалған шығындармен алынған нәтижелер қатынасын көрсетеді. Сонымен қатар өндірісті басқарудың экономикалық тиімділігін анықтау да басқару қызметінің ерекшеліктерінен туындайтын өзіне тән спецификасы бар. Олар өндірісті басқару жүйесінің нәтижесін бағалауға қатысты.

Басқарудың мақсаты өндірістен максималды әсер алу болғандықтан, басқару жүйесінің тиімділігі тек басқару үрдісінде айқындалмай сонымен қатар басқару объектінің өзгеруінде байқалу керек. Осыған байланысты өндірісті басқару тиімділігінің жалпы критерийін, аз шығындармен басқару объектінің алдында тұрған мақсаттарға жетуді қамтамасыз ететін басқару жүйесінің қызмет көрсетуінің нәтижесі деп тұжырымдауға болады.

Нақты жағдайларда басқару деңгейі жерді, еңбек ресурстарын, өндіріс қорларын пайдалануға көрініс тауып, қызмет көрсетудің еңбек өнімділігі, қор қайтарылымы, пайда мөлшері, рентабельдік сияқты нәтижелік көрсеткіштерінде байқалады.

### **1.3 Агроөндірісті басқарудың негізгі көрсеткіштері**

Бүгінгі кезде, АӨК-ні дамытуды мемлекеттік реттеу саясаты мынадай нысандарда іске асырылады:

- АӨК субъектілері арасында субсидиялар, мемлекеттік сатып алулар және т.б. түрінде әртүрлі мемлекеттік қолдау нысандарын ұсыну;

- негізгі өндірістік құралдарды – ауыл шаруашылығы техникасының паркін, жабдықтарды, мал басын жаңартуға арналған жағдайларды қолдайтын қаржылық құралдарды қолдану;

- АӨК субъектілері үшін қаржылық-кредиттік құралдардың қолжетімділігін қамтамасыз ету;

- АӨК-ні дамыту жобаларына инвестицияларды тарту үшін қажетті жағдайлар жасау;

- өнім экспортын қолдау;

- ветеринариялық және фитосанитариялық қауіпсіздік саласында мемлекеттік қызметтер көрсету;

- ҚР АӨК дамыту үшін қажетті көлік, су, сақтау, қайта өңдеу және өзге де инфрақұрылымдарды сақтау және дамыту;

- салалық ғылымды дамыту және агротехнологиялық білімді тарату;

- бюджет қаражатының жұмсалуды бақылау

2012 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ЕДБ және "Қаз Агро" ұлттық басқарушы холдингі АҚ еншілес ұйымдарының АӨК саласындағы кредиттік портфелі (595 млрд.теңге). Ауыл шаруашылығы өндірушілеріне берілген күдікті және үмітсіз кредиттер сомасы мынадай негізгі факторлар әсерінің нәтижесінде шамамен 300 млрд.теңгені құрады:

1) машина-трактор паркін жаңғырту мен жаңартуға қымбат және қысқа мерзімді кредиттік ресурстарды пайдалану;

2) 2008 жылғы қаржы дағдарысы;

3) қолайлы баға кезеңінде астық экспортына тыйым салу (2008 жылдың 15 сәуірі мен 1 қыркүйегі аралығында), валюталық түсімнің төмендеуі және астық экспортының дәстүрлі нарықтарын ішінара жоғалту;

4) Ресей мен Украинада жақсы өнім болғандықтан, 2009 жылы астық өндірушілердің сыртқы нарықтарға шығуға мүмкіндігінің болмауы, бұл ішкі нарықта тауарлардың іркілуіне және бағалардың күрт төмендеуіне әкелді;

5) валюталық кредиттік берешекті 25 %-ға ұлғайтқан 2009 жылғы теңгенің құнсыздануы;

6) ауыл шаруашылығы дақылдарының төмен өнімділігіне әкелген 2010, 2012 жылдардағы қолайсыз құрғақ ауа райы жағдайы.

Нәтижесінде ауыл шаруашылығы кәсіпорындары бұрын қабылдаған кредиттік міндеттемелер бойынша жоғары сыйақы ставкасын және кредиттер бойынша негізгі борыштың бөлігін төлеу проблемасына тап болды.

Осыған байланысты кредиттер мен жобаларды қайта құрылымдау, қайта қаржыландыру, қаржыландыру, сондай-ақ АШТӨ бар берешектерін өтеуге қаржыландыру жолымен АӨК субъектілерін бір реттік қаржылық сауықтыру шараларын қабылдау қажет [54, 55].

Жалпы АӨК-ні дамытуға республикалық бюджет қаражатынан 2008 – 2012 жылдар ішінде 1571,9 млн. теңге бағытталды, оның ішінде, субсидиялар үлесіне (суды пайдалануды субсидиялауды есептемегенде) 25,9% немесе 407 млн. теңге келді. Сондай-ақ соңғы 5 жылда (2007 – 2011 жылдар) "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ құрамына кіретін қаржы ұйымдары арқылы АӨК-ні қолдауға республикалық бюджет қаражатынан 332,2 млрд.теңге, Ұлттық қор қаражатынан 120 млрд.теңге бөлінді. Сонымен бірге, ауыл шаруашылығы өндірісінің ерекшелігінен (табиғат жағдайларына тәуелділік, экономиканың басқа салаларымен салыстырғандағы төмен өнімділік және рентабельділік) қаржы институттары АШТӨ-ге жоғары сыйақы ставкаларымен қысқа мерзімді кредиттер береді. Осылайша, ҚР Ұлттық Банкінің деректері бойынша 2008 – 2012 жылдар кезеңінде АӨК субъектілеріне берілген кредиттер бойынша орташа

пайыздық сыйақы ставкасы 12-16 %-ды, ал экономиканың басқа секторларында 10-13 %-ды құрайды.

Ауыл шаруашылығын кредит ресурстарымен қамтамасыз етуде айтарлықтай үлесті "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ алады, ол АӨК-де іске асырылатын инвестициялық жобалардың жартысын қаржыландырады, 8 кесте.

Кесте 8 – Қазақстан Республикасында 2008 – 2012 жылдары АӨК-ні дамытуға бөлінген бюджет қаражатының құрылымы

№ р/р	Қаржыландыру бағыты	Үлесі, %
1	Субсидиялар	28
2	Кредиттер	20
3	Инвестициялар мен инвестициялық жобалар	30
4	Өсімдік шаруашылығына, мал шаруашылығына, қайта өңдеуге арналған қызметтер	20
5	ҒЗТКЖ және консультациялар	2
Жиыны		100%
Ескерту АШМ мәліметтері негізінде автордың есептеулері		

Соңғы 5 жылда ауыл шаруашылығындағы негізгі капиталға инвестициялардың жыл сайынғы көлемдері шамамен 2 есе, атап айтқанда 2008 жылғы 56 млрд. теңгеден 2012 жылғы 107,4 млрд. теңгеге дейін артты. ҚР-дың экономикасына инвестициялардың жалпы сомасынан ауыл шаруашылығындағы негізгі капиталға салынған инвестициялар үлесі соңғы 5 жылда іс жүзінде дәл сол деңгейде қалып, 2007 және 2011 жылдары тиісінше 1,7% және 2,2% құрады, бұл ретте елдің ЖІӨ-дегі өнімнің үлесі 5%-дан



астамды құрады. Осылайша, ҚР АӨК-нің салыстырмалы инвестициялық тартымдылығы басқа салалармен салыстырғанда осы жылдары өскен жоқ. Ауыл шаруашылығы саласының инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін АӨК жобаларын қаржыландыруға тартылатын кредиттерді арзандатуға бағытталған бірқатар қаржылық құралдарды және кредиторлар мен инвесторлардың тәуекелдерін төмендету құралдарын енгізу қажет [56, 57].

Қазіргі уақытта ДСҰ шеңберінде ауыл шаруашылығын тікелей мемлекеттік қолдау шараларынан бас тарту бойынша үрдіс басым болуда. ДСҰ мен әлемдік аграрлық азық-түлік нарықтарында Керн тобының елдері (Австралия, Аргентина, Жаңа Зеландия, Канада және басқалары) неғұрлым көп мәнге ие болуда, оларда ауыл шаруашылығына тікелей субсидиялардың ең төмен деңгейі бар және саланы өндірістің бәсекеге қабілеттілігін және тиімділігін өсіру есебінен дамытуда.

Аграрлық саладағы алдыңғы қатарлы елдердің қазіргі даму үрдістерін талдау Қазақстанның АӨК одан әрі дамуы мемлекеттік қолдаудың тиімділігін арттыру және аграрлық бизнесті дамыту үшін тең қолайлы жағдайлар жасау есебінен ауыл шаруашылығы өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағдарлануы тиіс екендігін көрсетті, 9 кесте.

Кесте 9 - Қазақстан Республикасында 2008 – 2012 жылдары 2008-2012 жж. субсидиялау түрлері мен көлемдері, млн. теңге

Субсидиялар түрлері	2008-2012 ж.ж. орташа, млн. теңге	Үлесі %	2012, млн. теңге
Өсімдік шаруашылығын дамытуға арналған субсидиялар	22 820,5	50,8	30 011,4
Мал шаруашылығын дамытуға арналған субсидиялар	14 757,4	32,9	26 211,3
Қайта өңдеуге арналған субсидиялар	3 140,8	7,0	5 000,0
Экспортқа арналған субсидиялар	2 555,8	5,7	5 000,0
Суару суына арналған субсидиялар	1 201,1	2,7	1 248,7
Сақтандыруға арналған субсидиялар	360,7	0,8	1 203,3
Стандарттарды енгізуге арналған субсидиялар	55,5	0,1	40,0
<b>Жиыны</b>	<b>44 891,7</b>	<b>100</b>	<b>68 714,6</b>
Ескерту АШМ мәліметтері негізінде автордың есептеулері			

Ауыл шаруашылығын тікелей қолдауды пайдаланбайтын Керн тобы елдерінің тәжірибесі субсидиялардан бас тартқаннан кейінгі кезеңдегі өндіріс факторларының жиынтық өндіргіштігінің неғұрлым жоғары өсуін көрсетеді.

Қазақстанға қатысты бұл әрбір ел өзінің ауыл шаруашылығын қолдау жүйесін әзірлейтінін растайды, бастысы сол қолдау өндірушілерді ынталандыруы, жер мен малдардың өнімділігін арттыруы, экспортты ынталандыруы тиіс. Бұдан басқа дамыған елдерде ауыл шаруашылығының жеке бағыты – органикалық өнімнің өндірісі қалыптасты. Әлемдегі органикалық өнім нарығының дамуы дәстүрлі ауыл шаруашылығы өнімдерімен салыстырғанда неғұрлым жоғары және тұрақты бағаларға қарамастан жеткілікті жоғары өсу қарқынын көрсетуде. Органикалық өндірістің отандық өнімдері әлемнің дамыған елдерінде мойындалған органикалық өндірісті сертификаттау жүйесін енгізгеннен кейін ғана шетелдік тауарларға қатысты бәсекеге қабілетті болуы мүмкін [58, 59].

Мемлекеттік қолдаудың жеткілікті жоғары деңгейіне қарамастан бірқатар кемшіліктер байқалады:

- бірқатар субсидиялар оларға ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің (бұдан әрі – АШТӨ) төмен қызығушылығына байланысты тиімсіз (дәнді, майлы, басқа да бірқатар дақылдар өндірісінің 1 гектарына арналған, ІҚМ 1 басына жұмсалатын жемшөпке арналған субсидиялар және т.б.);

- субсидияларды әкімшілендіру жоғары шығындармен ұштасады;

- АШТӨ-нің субсидияларды алуы кешіктіріледі;

- субсидияларды бөлу тетігі нарықтық бағаларды бұрмалайды;

- субсидияларды алудың атаулылығы жеткіліксіз бақыланады (қолдан ұрықтандыруға, өсімдік шаруашылығындағы тұқым шаруашылығына арналған субсидиялар және т.б.).

Ауыл шаруашылығында 2012 жылы негізгі азық-түлік тауарлары импортының көлемі 1 093,7 млн. АҚШ долларын құрады. Импорттың негізгі үлесін шикі қантты қоса алғанда, қант (31%), өсімдік майы (13%), сүт және қоюлатылған кілегей (13%) секілді өнімдер алады. Сусындарды қоса алғанда, тамақ өнімдері өндірісінің құрылымында негізгі үлесті астық өңдеу (31,1%), ет өңдеу (9,4%), сүт өңдеу (10,2%), балық өңдеу (3,2%), жеміс-көкөніс (2,2%) өндірісі, май-тоңмай (2,6%) салалары, сусын өндірісі саласы (9,5%) алады.

Агроөндірістегі өңдеу секторының дамуын негізгі тежеуші факторлар мыналар болып табылады:

1) шикізаттың төмен сапасы және тапшылығы, сондай-ақ шикізатты дайындау, тасымалдау және сақтау бойынша логистиканың дамымағандығы, бұл қайта өңдеу қуаттылықтарының толық жұмыс істемеуіне әкеледі;

2) сауда-логистикалық инфрақұрылымның дамымағандығы, бұл азық-түлік нарығында көптеген ұсақ ойыншылардың жұмыс істеуіне және өнімнің негізсіз қымбаттауына әкеледі;

3) отандық ауыл шаруашылығы өнімдері мен оны қайта өңдеу өнімдерінің ішкі және сыртқы нарықтардағы төмен бәсекеге қабілеттілігі;

4) импорттың едәуір көлемінің болу себебі бойынша ішкі нарықта отандық тамақ өнімдерін өткізудегі қиындықтар.

Осы арада, техникалық регламенттердің талаптарына сәйкестігіне, оның ішінде жасанды тауарлардың (декларацияланбайтын өсімдік майлары, соя

коспалары және басқа да алмастырғыштар, консерванттар, хош иістендіргіштер, бояғыштар, т.б.) болуына зертханалық талдауды жүргізе отырып, тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі мен сапасына қатысты мемлекеттік бақылауды күшейту қажет.

Өз кезегінде бұл қолданыстағы техникалық регламенттерді метрологиялық сараптау жүргізуді және жетіспейтін сынақ зертханаларын салу және жаңғырту, олардың материалдық-техникалық базасын нығайту, сондай-ақ сынақтар стандарттары мен әдістемелерін әзірлеу бойынша шаралар қабылдауды талап ететін болады [60, 61, 62].

Үкіметтік емес ұйымдарға нарықта қолдан жасалған тамақ өнімдерін анықтау жөніндегі іс-шаралар жүргізу құқығын беретін мәртебе беру мүмкіндігін пысықтау қажет.

Азық-түлік өнімдерін тұтынудың қарқынды өсуімен және бір уақытта су, жер, отын-энергетика ресурстары тапшылығының артуымен әлемдік халықтың өсуі орын алуда, бұл азық-түлік өнімдеріне бағаның өсуіне әкеледі. Жалпы 2020 жылға қарай әлем халқы 7,6 млрд. адам құрайды, яғни 2011 жылмен салыстырғанда 600 млн. адамға өседі. Тамақ өнімдерін тұтыну құрылымы өзгереді: етті, сүтті және сүт өнімдерін, балықты, көкөніс пен жемістерді тұтыну үлесі артады. Әлемде ауыл шаруашылығы алдында тұрған негізгі міндет өндірісті 2050 жылға қарай 70%-ға арттыру болып табылады. Осы мақсатқа қол жеткізу ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігі өсуінің баяулай түсуімен және су ресурстарының шектеулі болуымен қиындайды. Ауыл шаруашылығы жерлерінің шөлейттену және тозу процесі жүруде. Біріккен Ұлттар Ұйымының (бұдан әрі – БҰҰ) Қоршаған орта жөніндегі бағдарламасының деректері бойынша жыртылған жерлердің үштен бірі тозуға ұшырауда, бұл 100-ден астам елдегі 1 млрд. астам адамның өмір сүруіне кері әсерін тигізеді.

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (бұдан әрі – ЭЫДҰ) кіретін әлемнің дамыған елдері өкілдерінің министрлері кездесуінде аграрлық сектордағы мемлекеттік саясаттың бірлескен қағидаттары туралы келісімге қол жеткізілді, оларға сәйкес мемлекеттік саясаттың қолданылатын шаралары мынадай сипатқа ие болуы тиіс:

1) ашықтылық: нақты айқындалған міндеттерге, шығындарға, пайдаларға және игілік алушыларға ие болуы;

2) нәтижелілік: нақты айқындалған нәтижелер;

3) оңтайлылық: шығыстар нақты айқындалған нәтижелерге қол жеткізу үшін барынша аз қажетті болуы тиіс;

4) икемділік: ауыл шаруашылығында туындайтын жағдайлардың әр түрлілігін көрсету, міндеттер мен басымдықтардағы өзгерістерге ден қоюға дайын болу, сондай-ақ қойылған нәтижелерге қол жеткізу үшін қажетті уақыт ішінде қолданылатын болуы;

5) тең мәнділік: қолдауды секторлар, фермерлер мен өңірлер арасында бөлу әсерлерін назарға алу.

ЭЫДҰ ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау саясаты азық-түлікке деген жылдам өсіп келе жатқан әлемдік сұранысты, бағалардың күрт ауытқуын

және жаһандық нарықтардың өзгергіштігін ескеруі тиіс деп санайды. Сол ұйымның ЭЫДҰ елдерінің, сондай-ақ Бразилия, Қытай, Ресей, Украина және Оңтүстік Африканың статистикаларын талдау негізіндегі соңғы зерттеулерінің (2011ж.) нәтижелері бойынша жасаған ұсынымдарында аграрлық саясатты әзірлеу кезінде акцентті мемлекеттік дотациялардан өндіргіштікті арттыруға, ресурстарды ұтымды пайдалануға арналған инвестицияларға ауыстыру ұсынылады.

Әлемнің әр түрлі елдерінің ауыл шаруашылығын қолдау тәжірибесін қорыту көптеген елдердің субсидиялауды ауыл шаруашылығы өндірісін қолдаудың шешуші құралы ретінде пайдаланатынын көрсетті. Алайда алдыңғы қатарлы ауыл шаруашылығы өнімдерін экспорттаушы елдер (Австралия, Жаңа Зеландия, Аргентина, Бразилия және т.б.) өндірушілерді тікелей субсидиялауды қолдамайды [63,64,65,67].

Дамыған елдерде пайдаланылатын субсидиялау жүйелерінен аграрлық секторды мемлекеттік реттеудің мынадай негізгі нысандарын бөлуге болады: бағаны қолдау (АҚШ), гектар мен мал басына төлемдер арқылы табысты қолдау (ЕО елдері), тарихи табыс деңгейінің негізіндегі төлемдер арқылы табыстарды қолдау (Канада) және кредит берудің артықшылық режимдері (Бразилия). Әкімшілендіру тұрғысынан алғанда субсидиялаудың қарапайым түрі гектарға немесе мал басына төлеу болып табылады.

Экономиканың аграрлық секторын қолдау деңгейінің көрсеткіштері бойынша Қазақстан салыстырмалы көрсеткіштерде орташа деңгейде тұр. Ауыл шаруашылығын жалпы қолдау бұл жағдайда ауыл шаруашылығы құрылымдарына бюджеттен төлемдерді де, жанама қолдау шараларын да (мысалы, тарифтік қорғау) қамтиды.

Қазіргі уақытта жүнді және былғары илеу шикізатын қайта өңдеу үлесі өте төмен деңгейде қалуда. Негізінен бұл осы тауарға сұраныстың болмауымен байланысты болып отыр. Жуылған жүнді және өңделген былғары шикізатын сату көлемдерін арттыруға жеңіл және тоқыма өнеркәсібінің кәсіпорындарын дамыту ықпал ететін болады.

Нарықты қорғау жөніндегі іс-шаралар идеологиялық қолдаумен нығайтылуы тиіс. Бұл үшін отандық тамақ өнімдерін тұтынуды насихаттау және халықтың отандық өнімдерге сенімділігін арттыру бойынша кең ауқымды науқан жүргізу қажет.

Біздің қоғамымыздың қазіргі даму кезеңіндегі ерекшеліктерінің бірыңғай халық шаруашылық кешенге айналуы. Оның құрамында келесі бір бірімен байланысты салалар кешендерін атап өтсе болады: жанар май – энергетикалық, металлургиялық, машина жасау, химия – орман және агроөнеркәсіптік (АӨК). Олар біртұтас өндіріс үрдісін сипаттайтын кәсіпорындар мен салалар арасындағы байланысты дамыту негізінде пайда болды. Осындай салааралық кешендердің бірі агроөнеркәсіптік кешен.

АӨК – мемлекет экономикасының кеңейген саласы. АӨК құрамындағы салалар үлесіне жалпы қоғамдық өнімнің, негізгі өндірістік қорлар мен жұмысшылар санының үштен бірі тиесілі.

Қазақстан ежелден аграрлық - өнеркәсіптік мемлекет. Тың игеру жалпы одақтық еңбек бөлінісінде мемлекетіміздің бидай мен еттің ірі өндірушісіне айналдырды. Бұл кезеңде бұрыннан қолданылмай жатқан жерлер игеріліп, ауылда әлеуметтік жақсарту проблемелары шешілді. Сонымен қатар ауыл шаруашылығына өнім дайындап, ауыл шаруашылық өнімдерді өңдейтін салалар мен өндірістер дами бастады. Қазақстанда алғаш рет ауыл шаруашылық техниканы шығару және жөндеу, минералдық тыңайтқыштар шығару өндірістер инфрақұрылымы қалыптасып, жол торабы кеңейді. Осыға байланысты, республикада агроөнеркәсіптік кешенді республика экономикасының жетекші бөлігі ретінде қалыптастыруға қажетті объективті материалдық жағдайлар жасалды.

Ауыл шаруашылығының проблемалары өнеркәсіп, көлік, құрылыс және әлеуметтік салаларының көпшілігінің дамуына едәуір әсерін тигізеді. Мысалы, ауыл шаруашылығымен байланысты өнеркәсіп салаларының өнім өндіруінің кемуі, ауыл шаруашылық өнімінің өндірісінің қысқаруына тәуелді болды.

Ауыл шаруашылық өнімінің және шикізатының өндірісінің қысқаруы, демпингтік бағалармен тауарларды өткізудің бақылаусыздығы және реттелмеуі тамақ және жеңіл өнеркәсібінің кәсіпорындарының күйреуіне әкеліп, отандық шикізатпен қамтамасыздандыру проблемасын өршітті. Нәтижесінде өндіріс мөлшері қысқарудан бұл салалар күйреуге душар болды. Соңғы жылдары тамақ өнеркәсібі ұзақ құлдыраудан соң өнім өндіру көлемін өсіре бастады. Сауда негізгі қорлар жаңара бастап, өнімнің жаңа түрлері игеріліп, сапалары жақсарды. Бірақ саладағы жақсару тенденциялары ауыл шаруашылық шикізаты мен өнімдерді өңдейтін өндірістермен байланысты емес. Бұл негізінен алкогольді және көкөніс шараптарын өндіру, шайды қораптау, күнбағыс мйын ыдысқа құю және т.б.

Көптеген кәсіпорындар тоқтап тұрып, шығынға батуда. Негізінен ол ет және сүт өнеркәсібінің ірі кәсіпорындары, өйткені олардың өнімдері көп шығын және ет пен сүт өндірісінің қысқаруы себебінен рентабельсіз. Ауыл шаруашылық өндірушілері негізінен сүт пен етті өңдемей өткізуге бейімделген. Егін алқаптарының және қант қызылшасы өндірісінің қысқаруына байланысты, қант өнеркәсібі негізінен импорттық қант шикізатына бағытталған. Жеңіл өнеркәсібінде ауыл шаруашылық өндірісімен мата және тері – аяқ киім салалары тығыз байланысты. Мал шаруашылығындағы дағдарыс, мал санының кемуі, жүн мен тері шикізатының қысқаруына әкеліп, соның салдарынан жуылған жүн, тоқыма бұйымдары, тері бұйымдары мен аяқ киім өндірісі азайды. Жүн және тері шикізатын өндірушілері сыртқы нарықтарға жұмыс істей бастады. Жеңіл өнеркәсіп шикізатпен қамтамасыз ету проблемалары, өнімдердің импорттық тауарлармен салыстырғанда бәсекеге қабілеттілігінің төмендігі саланың толық күйреуіне әкелді.

Егіс алқаптарының жағдайының нашарлығы эпизоотикалық жағдайдың төмендеуі, техникалық жарақтандыру деңгейінің төмендігі, және

де көптеген ауыл шаруашылық кәсіпорындарының күйреуі төлем қабілетінің жоқтығы – саланың созылған күйреуі негізгі себептер. Ауыл шаруашылығының тиімді дамытудың жоғарыда көрсетілген проблемалары республиканың барлық аймақтарында орын алады.

Шаруашылық механизм агроөнеркәсіптік кешеннің қарым қатынастарын реттеуге бағытталған және салалардың, кәсіпорындардың шаруашылық қызметінде өндірісті басқарудың экономикалық заңдарын жүзеге асыруға негізделген мәселелерді шешуге арналған.

Шаруашылық механизмінің құрамдас элементтеріне келесілер жатады:

1. АӨК әр түрлі деңгейлеріндегі басқару жүйесі. Ол өндірістің барлық деңгейлерінде басқару аппаратымен жүзеге асырылатын әкімшілік басқару. Мысалы, кәсіпорын директоры тікелей нұсқаулар, шешімдер, бұйрықтар арқылы өндірісті басқарады;

2. Өндірісті басқарудың экономикалық әдістері де өнімді өндіру немесе белгілі бір салаларды дамытуда кеңінен қолданылады.

Оларға тауар өндірушілердің экономикалық қызметтеріне әсер ететін экономикалық әдістер жатады. Мысалы, мемлекеттік тапсырыс бойынша өнімді өткізудің қатаң бағалары, өнімді өткізу мерзімі және сапасына байланысты реттелетін бағалар: қаржы механизмі, салық саясаты, несиелер және субсидиялар.

Аграрлық экономиканың нарықтық қатынастарға негізделуі көптеген экономикалық проблемаларды шешудегі көзқарастарды түбегейлі өзгертеді, әсіресе агроөнеркәсіптік кешенін басқарудың тиімділігін арттыру проблемаларына байланысты.

Аграрлық саладағы меншікке байланысты сұрақтар әлі күнге дейін АӨК нарықтық экономика жағдайында басқаруды ұйымдастырудың маңызды, өзекті мәселелерін кейінге қалдырды. Жедел жекешелендіру, ауыл шаруашылық және агроөнеркәсіптік кәсіпорындарды акционерлеу жеке мақсат ретінде қарастырылып, АӨК ұйымдық – экономикалық басқару жүйесін реформалай жоғары тиімді агроөнеркәсіпке айналады делінді.

Қазіргі уақытта ҚР аграрлық мемлекет. Реформалау саясаты негізінен мемлекеттік және ұжымдық меншікті жекешелендіру идеясы саласынан соның негізінде нақты өндіріс қожайыны мен меншік иесі қалыптастырады. Ауыл шаруашылығындағы реформалардың құқықтық базасының негізгі осы идеяларды ескере отырып, жасалып жүзеге асырылады.

Бірінші кезеңде мемлекеттік меншік негізінде қайтарымсыз беріліп, біразы ауылдағы еңбек ұжымдарына сатылды.

Екінші кезеңде әлеуметтік теңдік принципін қамтамасыз ету үшін аталған ұжымдық меншік ауыл тұрғынына мүліктік пай туралы куәлік беру арқылы жекешелендірілді. Шаруашылық жүргізу тәсілін еркін таңдау идеясы жарияланды. Жаңа меншік иелері пайлар мөлшері арқылы тәуелсіз шаруа және фермерлік шаруашылықтар құра бастады. Ал ауыл тұрғындарының қалған бөлігі өндірістік кооперативтерге, акционерлік қоғамдарға және басқа шаруашылық серіктестердің түрлеріне бірікті.

Нәтижесінде 1998 ж. басында бұрынғы 2529 совхоз, колхоз базасында 84 мыңға жуық жекеменшік ауыл шаруашылық құрылымдар құрылды. Мемлекет меншігінде тек ҚР ғылым және жоғарғы білім Министрлігінің аграрлық зерттеулер Ұлттық Академиялық орталығының 63 мал тұқымы және тұқым дайындайтын шаруашылығы қалды.

## **2 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АГРОӨНДІРІСІН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАЛДАУ**

### **2.1 Агроөндірісті басқару жүйесін экономикалық талдау**

Қазақстан Республикасы индустриалды-аграрлы мемлекет. Мемлекетіміздің Ауыл шаруашылығын басқару органдарының жүйесі:

- Қазақстан Республикасы Үкіметі;
- ауыл шаруашылық министрлігі- облыстардағы, астана және Алматы қалаларындағы, қалалар мен аудандардағы аумақтық органдары – шаруа қожалықтары, ауыл шаруашылық кооперативтері және т.б.;
- Қазақстан Республикасы жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі облыстық және аудандық жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық органдары;
- әкімшілік аумақтық бөлімдері.

Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігі-бұл ауыл шаруашылығы саласында, сондай-ақ мал дәрігерлігі, фитосанитария, асыл тұқымды мал шаруашылығы, мемлекеттік астық ресурстарын сақтау және сату, мелиорация, суландыру саласында басшылықты, сол сияқты заңдарда көзделген шектерде сала аралық үйлестіруді іске асыратын ҚР орталық атқару органы.

ҚР ауыл шаруашылық министрлігінің қызметі ҚР Конституциясына, заңдарына, ҚР Президентінің және ҚР Үкіметінің актілеріне және өзге де нормативті-құқықтық актілерге, сондай-ақ Министрлік туралы Ережеге сәйкес жүзеге асырылады. Министрлік өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңдарда белгіленген тәртіпте бұйрықтар шығарады.

Ауыл шаруашылық министрлігіне мынадай міндеттер жүктелген:

- ауыл шаруашылығы өндірісінде, мал дәрігерлігі, фитосанитария, асыл тұқымды мал шаруашылығы, мелиорация, суландыру салаларында мемлекеттік саясатты әзірлеу және іске асыру;
- ауыл шаруашылығын дамытудың мемлекеттік және өзге де бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысу;
- маркетингтік қызметтерді дамытуға және агротехникалық кешенді ақпараттық қамтамасыз ету жүйесін қалыптастыруға жәрдем көрсету;
- ауыл шаруашылығы өндірісі саласымен тікелей айналысатын шаруашылық жүргізуші субъектілердің өндірістік қызметін реформалауға және заңдарға сай оларды қаржылай сауықтыруға әдістемелік басшылық жасау;
- ауыл шаруашылық өнімдерін өндірушілерді техникалық және энергетикалық қамтамасыз ету, химияландыру, ауыл шаруашылығын сумен жабдықтау, мелиорация, сервистік қызмет көрсету саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;
- жер қатынастарын дамыту, әртүрлі ауыл шаруашылығы ұйымдарының тиімді жұмыс істеуі үшін құқықтық және әлеуметтік -экономикалық жағдайларды жетілдіру, жердің құнарлылығын сақтау мен арттыруға және оларды ұтымды пайдалануға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыру және министрлік туралы ережедегі басқа да міндеттерді атқарады.



Елдің АӨК шамамен 65 сектор мен кіші секторлар кіреді. Егжей-тегжейлі талдау негізінде неғұрлым перспективалы бағыттар мен өңірлерді мамандандыруды күшейту жөніндегі шараларды нақтылау үшін 15 перспективалы бәсекеге қабілетті секторлар (астық экспорты және оның тағамдарын қайта терең өңдеу өндірісі, ет және ет өнімдерінің экспорты мен өндірісі, ет өніміне бағытталған құс шаруашылығы, майлы дақылдарды өндіру мен қайта өңдеу, жеміс-көкөніс өнімдерін өндіру мен қайта өңдеу; сүт және сүт тағамдарының өндірісі, қант қызылшасынан ақ қантты өндіру; жүннің және оны қайта терең өңдеу өнімдерінің өндірісі мен экспорты; аквакультураны дамыту және балық өнімдерін қайта өңдеу; шошқа етін өндіру мен қайта өңдеу, ет пен сүт өнімдеріне, одан әрі дайын өнімдерді өндіруге бағытталған өнімді жылқы шаруашылығын дамыту; түйе шаруашылығын және оның қайта өңдеу өнімдерін дамыту; фармацияның қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін марал шаруашылығын дамыту; халықтың қажеттіліктерін және фармацияның ішкі сұранысын қанағаттандыру үшін бал ара шаруашылығын дамыту, мақтаның өндірісі мен қайта өңдеу) сұрыпталып алынды.


Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы саласының 2008-2012 жж. даму көрсеткіштері 1 кестеде келтірілген. Кестеден көрініп тұрғандай экономикалық зерттеулер жүргізген жылдарда: қой мен ешкі-5,15 % немесе 863 мың басқа артқан, жылқы-23,07 % немесе 316 мың басқа өскен, құс-3,4 млн басқа яғни 11,3 % көбейген, текірі қара мал басы-301 мың басқа немесе 5,02% азайған, 10 кесте.

Кесте 10 – Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы саласының 2008-2012 жж. даму көрсеткіштері

№ р/ р	Көрсеткіш тер	Жылдар					Өзгеруі 2012 жылды 2008 жылмен салыстырғанд а	
		2008	2009	2010	2011	2012	абс. (+,-)	сал. (%)
1.	Егістік ауданы, мың га	20119	21424	21438	21083	21190	1071	105,32
2.	Астық, мың тонна	15578	20830	12185	26960	12864	-2714	82,58
3.	Ірі қара мал, мың бас	5991	6095	6175	5702	5690	-301	94,98
4.	Қой мен ешкі, мың бас	16770	17369	17988	18091	17633	863	105,15
5.	Жылқы, мың бас	1370	1438	1528	1607	1686	316	123,07
6.	Құс, млн бас	30,1	32,7	32,8	32,9	33,5	3,4	111,3


Ескерту ҚР статистика агенттігінің деректері негізінде автордың есептеулері

Егістік жерлердің ауданы 2008 жылы -20119 мың га, 2012 жылы-21190 мың га құраған немесе 1071 мың га артқан, яғни 5,32 %, 7 сурет.




Сурет 7 – Қазақстан Республикасында 2008-2012 жж. егістік жерлердің ауданы, мың га

Қазақстан Республикасында жиналған астық көлемі 2008 ж.-15578 мың тонна, ал 2012 жылы-12864 мың тонна, оның 2714 мың тоннаға кемуінің басты себебі құрғақшылық, 8 сурет.




Сурет 8 – Қазақстан Республикасында 2008-2012 жж. жиналған астық көлемі, мың тонна

Мемлекетіміздегі ірі қара мал мен қой, ешкі, құс 2008-2012 жж. 9-12 суреттерде берілген.



Сурет 9 – Қазақстан Республикасында 2008-2012 жж. ірі қара саны, мың бас


Экономикалық зерттеулер жүргізіп отырған жылдары ірі қара мал басы 2008 жылы-5991 мың бастан, 2012 жылы -5690 мың басқа дейін төмендеген немесе 301 мың басқа кеміген (5,1%). Ал қой мен ешкі санына келсек осы аталған жылдары 2008 жылы-16770 мың бастан, 2012 жылы -17633 мың басқа дейін өскенін байқаймыз, яғни 863 мың басқа өскен немесе 5,1(5,1%), 10 сурет.



Сурет 10– Қазақстан Республикасында 2008-2012 жж. қой мен ешкі саны, мың бас


Еліміздегі жылқы санының жылдан жылға көбейіп жатқанын келесі 11 суретте беріліп отыр: 2008 жылы-1370 мың бастан, 2012 жылы -1686 мың басты

құраған. Яғни осы 5 жылдың ішінде 316 мың басқа көбейген, немесе 23 %, бұл өте жоғары деңгейге жатады. Яғни аталған салаға мемлекет деңгейінде қаржылық көмектердің жасалып жатқанын байқаймыз, 11 сурет.



Сурет 11 – Қазақстан Республикасында 2008-2012 жж. жылқы саны, мың бас

Соңғы жылдары мемлекетімізде құс шаруашылығына да айтарлықтай көңіл бөлініп, әр аймақтарда құс шаруашылықтары салынып жатыр. Оның дәлелі соңғы 5 жылда: 2008 жылы-30 млн құс, 2012 жылы -33,5 млн құсқа, яғни 3,5 млн басқа артқан, 11,6 %, өскен, 12 сурет.



Сурет 12– Қазақстан Республикасында 2008-2012 жж. құс саны, млн бас


Еліміздегі өсімдік шаруашылығында 2008-2012 жж. ауыл шаруашылығы дақылдарының жалпы өнімі келесідей болғанын 11 кестеден көреміз: майлы дақылдар 2008 жылы - 414 мың тоона, 2012 жылы-977 мың тонна немесе 563 тоннаға өскен, немесе 236 %; картоп 2008 жылы-2354 мың тоннадан, 2012

жылы 3126 тонна, яғни аталған жылдарда 772 мың тоннаға көбейген, немесе 32,8 % көбейген; көкөніс 2008 жылы-2280 мың тоннадан 2012 жылы-3061 мың тоннаға дейін өскен, яғни 781 мың тоннаға артқан, немесе 34,2 % өскен; бақша дақылдары 2008 жылы-869 мың тоннадан 2012 жылы 1649 мың тоннаға дейін көбейген 780 мың тоннаға немесе 89,7 %; қант қызылшасы 2008 жылы-130 мың тоннадан, 2012 жылы-151 мың тоннаға дейін өскен, яғни соңғы жылды бастапқы жылмен салыстырғанда 16,1% көбейгенін есептеулер анықтады. Қазақстанның нарықтық экономикаға өте отырып экономиканы жедел дамытуда, жоғары экономикалық өсімге қол жеткізуде кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру мен кәсіпкерлікті қолдау экономиканы құрылымдық қайта құруды жандандыруға, таңдау еркіндігі мен қосымша жұмыс орындарын ұсынуға, шығындардың тез қайтымдылығын қамтамасыз етуге, тұтынушылық сұраныстың өзгерістеріне жедел бейімделуге мүмкіндік беретін шағын кәсіпкерлік торабын құруды тездетуді талап етеді. Еліміздегі өсімдік шаруашылығында 2008-2012 жж. ауыл шаруашылығы дақылдарының көлемі 13-17 суреттерде берілген.


Кесте 11 – Қазақстан Республикасының өсімдік шаруашылығында 2008-2012 жж. ауыл шаруашылығы дақылдарының көлемі, мың тонна

№ р/ р	Көрсеткіш тер	Жылдар					Өзгеруі 2012 жылды 2008 жылмен салыстырғанд а	
		2008	2009	2010	2011	2012	абс. (+,-)	сал. (%)
1.	Майлы дақылдар, мың тонна	414	703	775	1142	977	563	236
2.	Картоп, мың тонна	2354	2755	2554	3076	3126	772	132,8
3.	Көкөністер, мың тонна	2280	2457	2577	2877	3061	781	134,25
4.	Бақша дақылдары, мың тонна	869	852	1118	1248	1649	780	189,76
5.	Қант қызылшасы, мың тонна	130	181	152	200	151	21	116,15


Ескерту ҚР статистика агенттігінің деректері негізінде автордың есептеулері




Сурет 13 – Қазақстан Республикасында 2008-2012 жж. майлы дақылдар көлемі, мың тонна




Сурет 14– Қазақстан Республикасында 2008-2012 жж. жиналған картоп көлемі, мың тонна



Сурет 15 – Қазақстан Республикасында 2008-2012 жж. көкөністер көлемі, мың тонна



Сурет 16 – Қазақстан Республикасында 2008-2012 жж. бақша дақылдарының көлемі, мың тонна



Сурет 17 – Қазақстан Республикасында 2008-2012 жж. жиналған қант қызылшасының көлемі, мың тонна


Агроөндіріс саласында өндірілген өнімдердің жалпы көлемі 12 кестеде және 18-22 суретте келтірілген. Көрініп тұрғандай: ет 2008 жылы 874 мың тоннадан 2012 жылы- 934 мың тоннаға дейін көбейген немесе 6,9%; сүт

Кесте 12 - Қазақстан Республикасы агроөндірісінің 2008-2012 жж. өндірген өнімдері

№ р/р	Көрсеткіштер	Жылдар					Өзгеруі 2012 жылды 2008 жылмен салыстырғанда	
		2008	2009	2010	2011	2012	абс. (+,-)	сал. (%)
1.	Ет, мың тонна	874	896	937	939	934	60	106,9
2.	Сүт, мың тонна	5198	5303	5381	5332	4851	-347	93,3
3.	Жұмыртқа, млн дана	2989	3306	3720	3718	3673	684	122,9
4.	Жүн, мың тонна	35,2	36,4	37,6	38,5	38,4	3,2	109
5.	Қаракөл, мың дана	115	79	49	42	44	-71	38,3


Ескерту ҚР статистика агенттігінің деректері негізінде автордың есептеулері






Сурет 18– Қазақстан Республикасында 2008-2012 жж. өндірілген ет, мың тонна


2008 жылы-5198 мың тоннадан 2012 жылы-4851 мың тонна сүт сауылған, немесе соңғы жылды бастапқы жылмен салыстырғанда 347 мың тонна кем алынған немесе 6,7 % кеміген; жұмырқа 2008 жылы-2989 млн данадан 2012 жылы-3673 млн данаға дейін өскен, немесе 684 млн данаға көбейген, яғни 22,9 %; жүн 2008 жылы- 35,2 мың тоннадан 2012 жылы 38,4 мың тоннаға дейін көбейген немесе 3,2 мың тоннаға дейін көп алынған, 9%; қаракөл елтірісіне келсек 2008 жылы-115 мың данадан 2012 жылы-44 мың данаға дейін кеміген немесе соңғы жылды бастапқы жылмен салыстырғанда 71 мың дана кем алынған немесе 61,7 % кеміп кеткен.



Сурет 19 – Қазақстан Республикасында 2008-2012 жж. алынған сүт көлемі, млн дана



Сурет 20– Қазақстан Республикасында 2008-2012 жж. жинап алынған жұмыртқа көлемі, млн дана



Сурет 21– Қазақстан Республикасында 2008-2012 жж. қырқып алынған жүн көлемі, мың тонна



Сурет 22 – Қазақстан Республикасында 2008-2012 жж. қойлардың қаракөл елтірісінің көлемі, мың дана


Бүгінгі таңда азық-түлік қауіпсіздігі дүниежүзіндегі 180 елден астам елдің ұлттық экономикасындағы ең күрделі басты мәселесі болып отыр. Осыған қарамастан ЕО және басқа экономикасы дамыған мемлекеттерде ауыл шаруашылығы дақылдарынан өсіру мен өңдеудің озық тәжірибелері бар. Қазір қоғамда азық-түлік қауіпсіздігі уақыт өткен сайын күрделене береді деп келешекке сенімсіздікпен қарайтын көзқарастар жиі айтылуда. Біріккен Ұлттар Ұйымының азық-түлік, ауыл шаруашылығы бөлімшесінің мәліметтері бойынша қазіргі уақытта әрбір жетінші адам азық-түлік жетіспеушілік ауыртпашылығын басынан өткізуде. Сарапшылардың есептеуінше әлемде жыл сайын 800 млн-нан 1 млрд. 200 млн-ға дейінгі адам ашаршылық пен азық-түлік тапшылығын көруде. Олардың басым көпшілігі дамып келе жатқан елдер тұрғындары. Сонымен қатар зерттеушілердің болжамы бойынша ауа райында қалыптасудағы қолайсыз өзгерістер 2020 жылы әлем кеңістігіндегі мемлекеттердің басым көпшілігінде азық-түлік өндірісін төмендеуіне алып келмек. Қазақстан Республикасында өсімдік және мал шаруашылығы өнімдерінің 2008-2012 жж. көлемі 13 кестеде келтірілген.

Өсімдік шаруашылығының өндірген өнімі 2008 жылы -770239 млн теңге, 2012 жылы-981190 млн теңгені құраған, яғни соңғы 5 жылда 210951 млн теңгеге өскен, немесе 27,4 %; мал шаруашылығының өндірген өнімі 2008 жылы 628601 млн теңгеден 2012 жылы- 1011191 млн теңгеге өскен, немесе 382590 млн теңгеге яғни 60,9 % көбейген; ауыл шаруашылығы дақылдарын және жануарларды өсіру саласындағы көмекші қызмет 2008 жылы-5652 млн теңгеден 2012 жылы-6664 млн теңгеге дейін көбейген немесе 1012 млн теңгеге өскен, немесе 17,9 %.


Кесте 13- Қазақстан Республикасында өсімдік және мал шаруашылығы өнімдерінің 2008-2012 жж. көлемі

№ р/ р	Көрсеткіш тер	Жылдар					Өзгеруі 2012 жылды 2008 жылмен салыстырғанд а	
		2008	2009	2010	2011	2012	абс. (+,-)	сал. (%)
1.	Өсімдік шаруашылығы, млн теңге	770239	932305	662652	1337194	981190	210951	127,4
2.	Мал шаруашылығы, млн теңге	628601	703174	774105	942384	1011191	382590	160,9
3.	Ауыл шаруашылығы дақылдарын және жануарларды өсіру саласындағы көмекші қызмет, млн теңге	5652	5872	5871	6463	6664	1012	117,9
Ескерту ҚР статистика агенттігінің деректері негізінде автордың есептеулері								


Әлемдік қаржы саласының тұрақсыздығы және әлеуметтік, ұлттық, саяси, экономикалық жағдайлармен санасу қажеттілігі күннен-күнге маңызды орын алуда. Сондықтан әрбір аймақтың ерекшеліктерін ескере отырып, ауылшаруашылығын тиімді дамыту керек. Инновациялық технологияны енгізу талабы әлемдік озық деңгейде болуы керек, сонда ғана өсірілетін дәнді-дақылдың сапасы жоғары болып, бәсекеге төтеп беру қабілеттілігі болады. Сонда ғана ауыл экономикасын, ондағы халықты жұмыспен қамтып қана қоймай, әлеуметтік жағдайын жақсартуға зор мүмкіншіліктер туады.



Сурет 23– Қазақстан Республикасында өсімдік шаруашылығы саласының 2008-2012 жж. өндіріс көлемі, млн теңге



Сурет 24– Қазақстан Республикасында мал шаруашылығы саласының 2008-2012 жж. өндіріс көлемі, млн теңге



Сурет 25 – Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылығы дақылдарын және жануарларды өсіру саласындағы көрсетілген көмекші қызмет 2008-2012 жж., млн теңге

Қолданыстағы салық жүйесі ауыл шаруашылығында пайдаланатын басты құрал – жерді ұтымды пайдалануды ынталандырмауда. Соның салдарынан біраз жер пайдаланудан шығып қалды, нарықтағы субъектілердің ұтымды экономикалық қатынастарын ғылыми тұрғыда қалыптастыру мүмкіншілігі жойылды, құнарлығы төмен нарықтан алыс жерлерде орналасқан кәсіпкерлерді құлдыратты. Салық жүйесінің кері әсері аталғандармен ғана шектелмейді. Сондай-ақ, сақтандыру жүйесі де оны ұйымдастыруда қойылған талаптарға сәйкес келмейді, кәсіпкерлердің тұрақты дамуына ықпалы төмен деңгейде қалуда. Ауылшаруашылық кәсіпкерлер өнімдерін нарықтық бағамен сатуға қол жеткізе алмай, осы уақытқа дейін арада жүрген алып-сатушыларға тәуелді. Табыстарының ауқымды көлемін солар иеленуде. Банк жүйесінің кәсіпкерлерге беретін несиеге қоятын пайыздық жүктемесінің жоғарлығы оларда қалыптасқан қолайсыз жағдайды ұлғайтуда. Осылардың нәтижесінде ауыл шаруашылығында өндіріс тиімділігі төмен және инвестицияға тартымсыз.

## 2.2 Еңбек ресурстарының қозғалысын басқару жүйесін экономикалық талдау


Ауыл шаруашылығында жұмыспен қамтылған адамдардың саны неғұрлым көбейген сайын ондағы халықтың әлеуметтік жағдайы жақсарып қоймай, ауылда өндіретін өнімнің көлемі көбейеді, еңбек өнімділігі артады, кәсіпкерлік дамиды, инфрақұрылым мен көрсететін қызмет түрлері көбейеді. Бүгінгі таңда жер бетіндегі халықтың саны 7 млрд. адамнан асты, 2050 жылы бұл көрсеткіш 9 млрд. адам, ал 2100 жылы 10,1 млрд. адамға жетпек. БҰҰ зерттеулері сүйенсек, 2050 жылы адамдардың азық-түлікке деген қажеттілігі 2 есеге өспек. Қазақстан Республикасының халқы 17 млн адамнан асып, 2100 жылы 23-25 млн жетпек. Адамзат үшін бірінші кезекте азық-түлік қажет және оның маңыздылығы артады. Бұл қажеттілікті қалай қанағаттандыруға болады – бұл ғасырдың басты мәселесіне жатады. Әлемдік азық-түлік ұйымы (ФАО) аштықтың және азық-түліктің жетіспеушілік территориясын анықтады. Бұл Қазақстан Республикасына жақын орналасқан кейбір мемлекеттерді де қамтып отыр. Сондықтан Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылық даму болашағын қарастыру анық, ал азық-түлікті қазіргі кезде және болашақта ең тұрақты "әлемдік валюта" деп есептеуге болады. Азық-түлік әр кезде өз бағасында болады.

Қазақстан Республикасы әлемде территориясының ауданы жөнінен 9 орында, 2,7 млн шаршы километр. Бүгінгі таңда елімізде барлық ауыл шаруашылық жерлерінің жалпы ауданы 90 млн га, оның 25 млн га егістік жерлер, 61 млн га жайылым. Ресей, Белорусь мемлекеттерімен құрылған Кедендік Одақ 170 млн адамнан асатын аумақта ауыл шаруашылық өнімдерін сатуға мүмкіндік болып тұр, Осы 3 мемлекеттің ЖҰӨ 1,8 трлн АҚШ долларын құрап отыр, ал еліміздің ДСҰ 2014 жылы өтетінін ескеретін болсақ болашақта өте кең рынок кеңістігінде ауыл шаруашылық өнімдерін көптеп экспортқа шығаруға мүмкіндік туады. Сондықтан еліміздің ауыл шаруашылық өнімдері өндірісін экспорттық бағытта өнім дайындауға бағыттаған дұрыс болады.

Қазақстан Республикасындағы бизнесің ахуалы әлемдік банкт "Doing Business" жүргізетін бағалауға байланысты, олардың зерттеулеріне сүйенсек дүниежүзіндегі 183 мемлекет ішінде Қазақстан 46 орында тұр. Бұл жерде атап өтетін жағдай, 2011 жылы біздің мемлекет 58 орында болатын, яғни өз деңгейіміз жоғарлағанын атап өткен жөн. Орасан үлкен территориямыз, іс-жүзінде нақты табиғи-климаттың және топырақ зоналарының барлық түрінің бар болуы, бизнеске қолайлы жағдайдың және үлкен ашық рыноктың болуы ауыл шаруашылығы дамитын Қазақстанды ерекше мемлекетке айналдырады. Сондықтан еліміз жеткен жетістіктерімізге тоқтап қалмай, өзіміздің күшті жақтарымызды дамытып және өзімізде бар әлеуетімізді барынша жүзеге асыруға тиіспіз. Өткен 2012 жылы еңбекке жарамды жастағы экономикалық тұрғыдан белсенді халықтың саны 8,8 млн. адамнан құрады, осы жастағы экономикалық тұрғыдан енжар халықтың саны – 2,0 млн. адам.

Республика экономикасында еңбекке жарамды жастағы 8,3 млн. адам жұмыспен қамтылды, одан жалдамалы қызметкерлер есебінде – 5,5 млн. адам немесе 69,0% еңбекке жарамды жастағы барлық жұмыспен қамтылғандардан,

өз бетінше жұмыспен қамтылғандар – 2,6 млн. адам, немесе 31,0%. Экономикада қамтылған еңбекке жарамды жастағы халықтың жалпы санында ерлер 4,3 млн. адамды (51,9%), әйелдер – 4,0 млн. адамды (48,1%) құрады. Барлық жұмыспен қамтылғандардан қызмет көрсету саласында жұмыс істейтіндердің үлесі 55,4%-дан асты, ауыл шаруашылығы, орман және балық шаруашылығындағылар – 25,0%, өнеркәсіп және құрылыстағылар – 19,6%. Жалдамалы қызметкерлердің жалпы санынан кәсіпорындар мен ұйымдарда 4692,8 мың адам (немесе 81,6%), шаруа (фермер) қожалықтарында – тиісінше 343,7 мың адам (6,0%), жеке тұлғаларда – 711,6 мың адам (12,4%) жұмыс істеді. Өз бетінше жұмыспен қамтылғандар қызметкерлер санынан жұмыс берушілер 180,4 мың адамды (7,0%), өз бетінше жұмыс істейтін қызметкерлер – 2341,1 мың адамды (90,5%), кооператив мүшелері – 25,6 мың адамды (1,0%), отбасылық кәсіпорындардың еңбек ақы төленбейтін қызметкерлер – 38,8 мың адамды (1,5%) құрады. ҚР ауыл шаруашылығында 2008-2012 жж. жұмыс жасайтын заңды тұлғалардың саны 26 суретте беріліп отыр.



Сурет 26– ҚР ауыл шаруашылығы өндірісінде 2008-2012 жж. жұмыс жасайтын заңды тұлғалардың саны

Еңбекке жарамды жастағы экономикалық тұрғыдан енжар халықтың негізгі үлесін күндізгі оқу нысанындағы оқушылар – 61,3% зейнеткерлікке шыққан, мүгедектігіне байланысты еңбекке жарамсыз адамдар – 15,7%, үй шаруашылығын жүргізушілер – 13,5%. Жекелеген реттерде қосындының қорытындысы мен жиынтығы арасындағы аздаған айырмашылықтар деректерді дөңгелектеумен түсіндіруге болады. Еңбекке жарамды жастағы жұмыссыз халықтың саны 474,8 мың адам болды. Жұмыссыздардың жалпы санынан қалалықтар 271,3 мың адамды (57,1%) құрады, әйелдер – 286,1 мың адам (60,3%). Еңбекке жарамды жастағы жұмыссыздық деңгейі 5,4%, қалада – 5,7%, ауылда – 5,1%. Экономикалық




талдауларға сүйенсек, ауылдық жерде жұмыспен қамтылған адамдар саны оңтүстік 78 %, ал ең кенже қалғаны батыс-47 % ауыл шаруашылық зонасында. Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылық зоналары бойынша жұмыспен қамтылған адамдар саны 14 кестеде және 27 суретте келтірілген.

Кесте 14- Ауыл шаруашылық зоналарында 2008-2012 жж. жұмыспен қамтылған адамдар, %


№ р/р	Ауылдық жерде жұмыспен қамтылған адамдар саны, %	Жылдар				
		2008	2009	2010	2011	2012
1.	Оңтүстік	57	59	62	64	78
2.	Батыс	40	42	44	45	47
3.	Солтүстік	55	57	59	60	65
4.	Орталық	45	47	48	49	53
5.	ШЫҒЫС	52	54	57	58	60

Ескерту ҚР статистика агенттігінің деректері




Сурет 27 – ҚР ауыл шаруашылық зоналарында 2008-2012 жж. жұмыспен қамтылған адамдар, %

Оңтүстік ауыл шаруашылық зонасында 2008-2012 жж. жұмыспен қамтылған адамдар 2008 жылы- 57 %, ал 2012 жылы-78% болған, яғни соңғы 5 жылда өсу серпіні -31 % құраған, 28 сурет.




Сурет 28– Оңтүстік ауыл шаруашылық зонасында 2008-2012 жж. жұмыспен қамтылған адамдар, %

Батыс ауыл шаруашылық зонасында жұмыспен қамтылған адамдар 2008 ж.-40%, ал 2012 ж.-47% зерттеліп отырған жылдарда бар болған 7 % өскен, 29 сурет.




Сурет 29 – Батыс ауыл шаруашылық зонасында 2008-2012 жж. жұмыспен қамтылған адамдар, %

Солтүстік ауыл шаруашылық зонасында жұмыспен қамтылған адамдар 2008 ж. – 55 % , 2012 жылы- 65 % , яғни осы жылдарда 10 % артқан, 30 сурет.




Сурет 30 – Солтүстік ауыл шаруашылық зонасында 2008-2012 жж. жұмыспен қамтылған адамдар, %

Орталық ауыл шаруашылық зонасында жұмыспен қамтылған адамдар 2008 ж.-45%, 2012 ж.-53%, яғни 8 % көбейген, 31 сурет.



Сурет 31 – Орталық ауыл шаруашылық зонасында 2008-2012 жж. жұмыспен қамтылған адамдар, %

Шығыс ауыл шаруашылық зонасында жұмыспен қамтылған адамдар 2008 ж.-52%, 2012 ж.-60%, яғни 5 жылда 8 % көбейген, 32 сурет.



Сурет 32 – Шығыс ауыл шаруашылық зонасында 2008-2012 жж. жұмыспен қамтылған адамдар, %


Қазақстан Республикасында 2008-2012 жж. ауыл шаруашылық зоналарында өнім өндіріп жатқан шаруа қожалықтары мен фермерлердің саны жылдан-жылға артуда, 15 кесте.

Кесте 15 - ҚР 2008-2012 жж. ауыл шаруашылық зоналарында өнім өндіріп жатқан шаруа қожалықтары мен фермерлердің саны

№ р/ р		Жылдар					Өзгеруі 2012 жылды 2008 жылмен салыстырғанда	
		2008	2009	2010	2011	2012	абс. (+,-)	сал. (%)
1.	Оңтүстік	135223	136056	136153	137171	143062	7839	105,8
2	Батыс	10032	10196	11522	11913	10931	899	109
3	Солтүстік	14986	15032	17225	17861	15006	20	100,1
4	Орталық	4986	5012	6721	6979	5302	316	106,3
5	ШЫҒЫС	12988	13886	14852	14964	13273	285	102,2


Ескерту ҚР статистика агенттігінің деректері негізінде автордың есептеулері

Шаруа қожалықтары мен фермерлердің саны 2008 жылы оңтүстікте-135223, ең аз орталықта – 4986, ал 2012 жылы ең көбі оңтүстікте-143062, ең азы тағы да орталық ауыл шаруашылық зонасында-5302, 33 сурет.




Сурет 33 - ҚР 2008-2012 жж. ауыл шаруашылық зоналарында өнім өндіріп жатқан шаруа қожалықтары мен фермерлердің саны

Оңтүстік ауыл шаруашылық зонасында өнім өндіріп жатқан шаруа қожалықтары мен фермерлердің саны осы соңғы 5 жылда 7389 немесе 105,8 артқан, 34 сурет.




Сурет 34 - Оңтүстік ауыл шаруашылық зонасында өнім өндіріп жатқан шаруа қожалықтары мен фермерлердің саны

Батыс ауыл шаруашылық зонасында өнім өндіріп жатқан шаруа қожалықтары мен фермерлердің саны 899 көбейген, немесе 9% артқан, 35 сурет.




Сурет 35 - Батыс ауыл шаруашылық зонасында өнім өндіріп жатқан шаруа қожалықтары мен фермерлердің саны

Солтүстік ауыл шаруашылық зонасында өнім өндіріп жатқан шаруа қожалықтары мен фермерлердің саны: 2008-14986-дан 2012 жылы-15006 яғни бар болғаны-20 шаруа қожалығына көбейген, 36 сурет.




Сурет 36 - Солтүстік ауыл шаруашылық зонасында өнім өндіріп жатқан шаруа қожалықтары мен фермерлердің саны

Орталық ауыл шаруашылық зонасында өнім өндіріп жатқан шаруа қожалықтары мен фермерлер 2008 жылы-4986, ал 2012 жылы-5302, яғни 316-ға өскен немесе 6,3 %, 37 сурет.



Сурет 37 - Орталық ауыл шаруашылық зонасында өнім өндіріп жатқан шаруа қожалықтары мен фермерлердің саны

Шығыс ауыл шаруашылық зонасында өнім өндіріп жатқан шаруа қожалықтары мен фермерлердің саны: 2008 жылы-12988-ден, 2012 жылы-13273 дейін өскен, немесе 2,2 %, 38 сурет.



Сурет 38 - Шығыс ауыл шаруашылық зонасында өнім өндіріп жатқан шаруа қожалықтары мен фермерлердің саны

Ауылдағы еңбек ресурстарын жұмыспен қамтудың экономикалық тиімділігі:

- еңбек өнімділігі артып, агроөндірістің өнімі артады;
- халықтың әлеуметтік жағдайы жақсарады;
- ауыл халқының қалаларға жұмысқа кетуі азаяды;
- жаңа техника мен технология сатып алу мүмкіншілігі болады;

- еңбек өнімділігі артады;
- көрсететін қызмет түрлері көбейеді;
- инфрақұрылымды ұстап тұру мәселесі шешіледі;
- ауылдағы кәсіпкерлік дамиды,
- жергілікті бюджетке түсетін қаржы көбейеді;
- ауылдағы қаржы қызметтері нарығы дамиды;
- ауыл тұрғындарының өмір сапасы жақсарады;
- инвестиция әлеуеті өседі;
- ауыл тұрғындарын жұмыспен қамту деңгейі жоғарлайды;
- ауыл тұрғындарының табысының ұлғаяды;
- аймақтың жалпы өнімі өседі.

Жүргізіліген зерттеулер барысы көрсеткендей, агроөндірістегі еңбек ресурстарының қозғалысын басқару жүйесінің механизмдерін жетілдіру керек. Себебі ауыл шаруашылық зоналарында ауыл халқын жұмыспен қамту жағы біркелкі емес, оның объективті және субъективті себептері бар.

### **2.3 Агроөндірістегі қаржы-несие ресурстарын экономикалық талдау**

Бүгінгі таңда отандық ауыл шаруашылық саласының, соның ішінде агроөндірістің жағдайы және болашақтағы дамуы еліміздің әлемдік нарықтағы алатын орнын анықтау өзекті де күрделі экономикалық мәселеге жатады. Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылық саласы егемендік алғалы үлкен кезеңді бастан өткізді: барлық күш жігерді жұмсау арқылы өнім алуға бағытталғаннан, нарық экономикасындағы ең тиімді өндіріске дейін. Бүгінгі таңда еліміз өзімізге қажетті азық-түліктің 80 пайызын қамтамасыз жасап отыр. Еңбек өнімділігі 2012 жылы 4 мың АҚШ долларын құрады. Биылғы 2013 жылы 20,7 млн тонна, бұл сыртқы рынокқа 9 млн тонна астықты экспортқа шығаруға мүмкіндік береді. Өндірілген астық тұрақты да жоғары сапасымен ерекшеленеді. Тұтастай алғанда қазақстан астығы 70 астам елге экспортқа шығарылады. Ауыл шаруашылық саласында өндірілген өнімдер жылдан – жылға өсу серпінін көрсетіп отыр. Соңғы 2000-2012 жж. аралығында жалпы өнірілген өнімдердің көлемі 4 есеге өсіп, 2012 жылы 2 трлн. теңгені құрады. Өсімдік шаруашылығы саласында 2000-2012 жж. кезеңінде 3 есеге 325,7 млрд. теңгеден 981,2 млрд. теңгеге дейін, ал мал шаруашылығы саласы 5 есе 207,9 млрд. теңгеден 1,0 трлн. теңгеге өсті. Сондай-ақ 2012 жылы мал шаруашылығының өндірілген өнімінің деңгейі өсімдік шаруашылығынан асып түсіп, оның үлесі 50,6 % құрады. Бұл қатынаста құрғақшылықтың болуы бірсыпыра кедергісін келтірді, бірақ тұтастай алғанда мал және өсімдік шаруашылығы салаларның өндірілген өнімдері деңгей жағынан теңесіп отыр. Ауыл шаруашылығы саласының экспортқа шығарған өнімдері 2012 жылы 3 млрд. АҚШ долларынан асып түсті, 2011 жылдың деңгейімен салыстырғанда 66 % асып түсті. Астықтың экспорты ұнды қоса есептегенде 11,1 млн тонна (астық-7,9 млн тонна, бидай эквивалентіндегі ұн -3,2 млн тонна), бұл егемендік алған жылдар бойындағы еліміздің ауыл шаруашылық саласының дамуының нарыққа көшкендегі рекордтық көрсеткіші.



Жалпы өнімнің ары қарай өсуіне жағдай туғызатын, өсімдік және мал шаруашылығы саласында болып жатқан келесі оң тенденциялары атап өту маңызды. Ғылыми негізделген астыққа арналған егістік ауданы 2009 жылы 69 % құрады-14,8 млн.га, 2012 жылы 64 % дейін қысқарып-13,5 млн. га, ал 2013 жылы 61 % -13,1 млн. га болды. Республика бойынша агроқұрылымдардағы малдың үлесі 2009-2012 жж. кезеңінде 18 %-дан 28 % дейін өсіп, шаруа қожалықтары және фермерлердің қарамағындағы малдардың саны 20,1 % көбейген, сонымен қатар 2009-2012 жж. аналық бастардың саны жалпы ірі қара малдар санындағы үлесі 37,2 %-дан 43,9 % көбейгенін атап өту керек. Бұл еліміздің Президенті ірі қара мал етін экспорттау әлеуетін арттыру жөніндегі тікелей тапсырмасы екенін айтуға тиіспіз. Кешенді жобада қарастырылған аймақтар бойынша мал бордақылау инфрақұрылымдарын қалыптастыру, аналық жоғары өнімді асыл тұқымды ірі қара малдарды сатып алу арқылы фермерлік шаруашылықтар жүйесін құру. Фермерлік шаруашылықтар үшін 2011-2012 жж. жоспарда көрсетілген 82,0 мың бас аналықтың орнына 115,0 мыңы сатып алынып, аталған көрсеткіш 40 % артық орындалды. Бүгінгі таңда малдарды сатып алуға жоспардағы көрсеткішке қарағанда сұраныс артып отыр. Биылғы 2013 жылы фермерлік шаруашылықтар үшін 42 мың бас ірі қара малдар сатып алу жоспарланған.. Сонымен қатар, ірі қара мал етін экспорттау әлеуетін дамыту бағытындағы бағдарламаның басқа бағыттары жүзеге асырылып жатыр. Мысалы, жобада асыл тұқымды мал басын көбейтумен қатар, ірі қара малдарды 2015 жылға дейін 72000 басқа дейін импорттау қарастырылған. Соңғы 2 жылда 30,0 мың бастан астам импортталған (2010 жылы-10 мың бас, 2012 жылы-12 мың бас). Етті бағыттағы ірі қара малдарды импорттан сатып алу жоспары 2011 жылы-35 %, ал 2012 жылы-38% артық орындалған. Биылғы 2013 жылы 14 мың ірі қара малды сатып алу жоспарланған. Мұнда ірі қара малдарды таңдау, бағасын анықтау, оларды жеткізу жағдайы және сатып алуды жүзеге асыратын кәсіпкерлердің өздері, ауыл шаруашылығы министрлігі мен КазАгро қатысы жоқ десе де болады. Мал бордақылау алаңдары салынып жатыр: бүгінгі кезде 35,2 мың басқа арналған салынып бітті, сондай-ақ өздерінің жеке қаражаттарымен 22,9 мың басқа арналған мал бордақылау алаңдарын тұрғызу жоспарланған. Бизнес бағдарламаның қажеттігін көрсетіп отыр. Аталған бағдарлама ауыл шаруашылық саласындағы фермерлер мен шаруа қожалықтарының жұмысының тиімділігінің артуына оң ықпалын тигізіп, адамдардың жеке бизнеске деген сенімділігінің күшеюіне мүмкіндік берді. Себебі жылдан-жылға даму деңгейі жоғары және өсуде. Бірақ өсу үрдісі жеткіліксіз, мұндағы ең басты кедергі фактор ауыл шаруашылығы саласындағы инвестиция көлемінің өте төмендігі.

Дегенмен, ауыл шаруашылығы өндірісін дамытуға тежеуші факторлар бар: салыстырмалы түрде қарағанда ауыл шаруашылығы өндірісіне инвестицияның өте аздығы. Өткен 2012 жылы ауыл шаруашылығы саласына салынған инвестицияның көлемі 133,9 млрд теңгені құрады.

Ауыл шаруашылығы саласына инвестицияның өте аздығының теріс әсерлері:

- саланың техникамен жабдықталуы төмендігі (ауыл шаруашылық техникалық паркінің 80% тозығы жеткен);

- егішіліктің интенсификация деңгейінің жеткіліксіздігі (жылына егістікке 2,6 млн тонна тыңайтқыш енгізу қажет, бірақ нақты іс жүзінде барлық қажеттіліктің 7-8 % ғана енгізіледі);

- ауылшаруашылық малдарының генетикалық әлеуеті деңгейінің төмендігі (асыл тұқымды ірі қара малдардың жалпы сандағы үлесі 8 %, ал мал шаруашылығы дамыған мемлекеттерде бұл көрсеткіш 40-50 % шамасында);

- ауылшаруашылық малдарының өнімділігінің аздығы ( бүгінгі таңда етке союға жіберілетін ірі қара малдардың тірідей салмағы 310 кг, ал әлемдегі стандарт бойынша 500-520 кг. Республикамызда бір сиырдан сауылатын жылдық сүттің орташа мөлшері 2200 литр, ал шет елдерде аталған көрсеткіш жылына 6-8 мың литр.)

Ауыл шаруашылығы өндірісіндегі жоғарыдағы көрсетілген экономикалық мәселелерді шешу үшін 2014 жылдың ақпан айында "Агробизнес-2020" бағдарламасы қабылданды, мұнда мемлекеттік қолдаудың жаңа инструменттері қарастырылған: инвестициялық субсидия түрі, займдарға кепілдік беру және сақтандыру, несиелі және лизинг бойынша ставка пайыздарын субсидиялау, ЕДБ қаржыландыру, сонымен қатар өсімдік шаруашылығында міндетті сақтандыру механизмін жетілдіру шаралары және мал шаруашылығында сақтандыруды енгізу. Сондай-ақ ауыл шаруашылығы саласында қазіргі кезде қолданылып жүрген мемлекеттік қолдаудың механизмдерін жетілдіру көзделген.

Ауыл шаруашылығы саласында субсидиялаудың механизмдері:

1. Өсімдік шаруашылығында:

- ауыл шаруашылық дақылдарын өсіруде тамшылап суғаруды қолданғанда субсидиялаудың нормативін дифференциалау;

- бақтар мен жүзімдіктер алқабын жасауда тамшылап суғару жүйесін қолданудағы шығындарын субсидиялау; осының нәтижесінде елімізде 2012 жылы тамшылап суғару жүйесінің ауданы 31,9 мың га жетті, бұл 2007 жылдың (713 га) деңгейімен салыстырғанда 45 есе көп

2. Мал шаруашылығында:

- субсидиялау 1 аналық басқа 4500 теңге, шаруа қожалықтары мен фермерлерге жетіспейтін жемшөпті алуға мүмкіндік берді, себебі барлығы қажетті жемшөпті өздері өндіруге мүмкіндігі жоқ. Аталған шаралар еліміз бойынша ірі қара малдардың жалпы санының өсуіне алып келді. Селекция және мал тұқымдарын асылдандыр жұмыстарына 2012 жылы асыл тұқымды және сүтті бағыттағы аналықтардың әр басына 14000 теңгеден шамасында субсидия берілді. Ал 2013 жылы аталған механизм қой шаруашылығына енгізілді: әр бас аналыққа 1500 теңгеден берілді.

Ауыл шаруашылығы өндірісін мемлекеттік қолдаудың жаңа механизмі енгізілуде. Төлем қабілеттілігін жақсарту мақсатында, кредиттік күштерді төмендету және ауыл шаруашылық құрылымдарының банкротқа ұшырауын азайту көзделген келесі жолдар арқылы: қайта қаржыландыру, қайта құру, сондай-ақ берешегі бар АӨК субъектілерін қаржыландыру. АӨК субъектілерін

қаржылық сауықтыру мақсатында бағдарламамен қарастырылған 300 млрд. теге

Қазіргі уақытта ауыл шаруашылығы саласын ғылыми түрде әлемдік инновациялық жетістіктерді қолдану арқылы жетілдіру уақыт талабы және оның маңыздылығы арта береді. Ауыл шаруашылық дақылдарын терең өңдеу арқылы сапалы азық-түлік тағамдарын даярлауға қол жеткіземіз және олардың бәсекеге қабілеттігін арттыра аламыз.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері байқатқандай, еліміздің 14 облысында агроөндіріс саласы жақсы дамыған және елімізді азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз жасауда өзіндік орны бар және дамытудың маңызы зор. Себебі еліміздің ауыл шаруашылық зоналарында агроөндірісті дамытуға қажетті егістік жерлер және оған қажетті су ресурстарының көздері мен инновациялық технологияны енгізу мен инвестицияны тартуға зор мүмкіншіліктер бар.

Зерттеу барысы көрсеткендей, агроөндірістің дамуына айтарлықтай кері әсерін тигізіп отырған келесі факторларды анықтадық: ауыл шаруашылық саласында инновациялық технологияның аздығы; рыноктық инструменттердің баяу дамуы; рыноктың қызметінің кең түрде етек жаюындағы көптеген кедергілер; ауыл шаруашылық саласын мемлекеттік қолдаудың жанама және тікелей механизмдерінің жұмыс жасамауы; фермерлерге қажетті отандық техниканың шығарылмауы; фермерлердің білімін көтеру мен ақпараттармен қамтамасыз жасаудың өз деңгейінде болмауы.

### **3 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АГРОӨНДІРІСІН БАСҚАРУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ МЕХАНИЗМДЕРІН ЖЕТІЛДІРУДІҢ БОЛАШАҒЫ**

#### **3.1 Агроөндірісті басқарудың инновациялық механизмдерін жетілдірудің болашағы**

Елімізде, ауыл шаруашылығы саласын 2013-2020 жж. арналған агроөнеркәсіптік кешенді дамыту (АӨК) бағдарламасы қабылданды. Осы бағдарламаны жүзеге асыруға жалпы алғанда 3122, 2 млрд. теңге қаражат жұмсау көзделуде. Аталған қаражаттың 2 триллион 662 миллиарды мемлекеттік бюджет есебінен, ал қалған бөлігі облигациялық займдар және КазАгро жеке есебінен. Нақтырақ айтқанда, 2014 жылы – 106,2 млрд. теңге, ал 2015 жылы 90,7 млрд. теңге керек болмақ. Агроөндірісті басқаруды жетілдіруге сәйкес, 2020 жылы субсидиялау көлемі 2013 жылмен салыстырғанда 4,5 есеге артатын болады. Болашақта АӨК субъектілерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға жағдай жасау қарастырылған, отандық азық-түлік өндірушілерді Кедендік Одақ пен ДСҰ өту кезеңі аясындағы бәсекелестік тартысында қажетті мемлекеттік қолдауды қамтамасыз жасау көзделген. Мұнда негізінен негізгі 4 міндеттерді жүзеге асыру жоспарланған: АӨК қаржылық сауықтандыру; тауарлардың, қызметтердің АӨК субъектілеріне экономикалық қолжетімділігін арттыру; АӨК субъектілерін қамтамасыз жасау мемлекеттік жүйесін жетілдіру; АӨК мемлекеттік реттеу жүйесінің тиімділігін арттыру. Осы шараларды жүзеге асырылуы нәтижесінде: инвестицияны субсидиялау, АӨК сақтандыруды субсидиялау және субъектілердің займдарын. АӨК өндірістік және қайта өңдеу салаларының әлеуетін игеру. АӨК дамытуға жалпы қаржыландырудың қажетті көлемі 2013 жылмен салыстырғанда 2020 жылға қарай 1,3 есе, ал облигациялық қарыздарды, "Азық-түлік келісімшарт корпорациясы" АҚ және "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ меншікті қаражатын есепке алмай бюджеттік қаржыландыру көлемі 2,3 есе өседі және 428 млрд. теңге құрайды. АӨК субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі іс-шаралар облигациялық қарыздар және республикалық бюджет есебінен жүзеге асырылады, олардың көлемі 375,6 млрд. теңге құрайды. АӨК субъектілері үшін тауарлар, жұмыстар және көрсетілетін қызметтер қолжетімділігінің артуы АӨК субъектілерін мемлекеттік қамтамасыз етуді дамытуға бөлінген қаражат үлесі және мемлекеттік реттеу жүйесінің тиімділігін арттыруға шығыстар үлесі 2013 жылмен салыстырғанда 2020 жылы 1,2 есе өседі.

Қаржылық сауықтыру АӨК субъектілерінің меншік иелері, кредит берушілер мен мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдау шараларының көлемдері бойынша бірлескен және тең өлшемді тепе-теңдік бастамада жүргізілуі тиіс.

Кредит берушілер: АӨК субъектілерінің қаржылық міндеттемелерін қайта құрылымдауды (сыйақы ставкасын төмендету, кредиттерді қайтару мерзімдерін ұзарту, негізгі қарызын қайтару бойынша жеңілдік кезеңін ұсыну, айыппұлдарды, өсімпұлдарды, мерзімі өткен сыйақыны есептен шығару, басқа

шаралар арқылы), АӨК субъектілерін бар берешектерін өтеуге қайта қаржыландыруды және қаржыландыруды қамтамасыз етеді.

АӨК субъектілерінің меншік иелері: кредит берушілер алдындағы міндеттемелерді толық өтегенге дейін пайданың бір бөлігін қатысушылар арасында бөлмеу, қосымша капиталдандыру, инвесторларды тарту, кредит берушілерге қаржылық сауықтыру шарттарын орындау бойынша толық жәрдем көрсету жолымен және басқа да шаралармен қолдау көрсетеді.

Мемлекет, кредит берушілер мен меншік иелерінің қатысуына қарай, негізгі құралдарды сатып алуға және айналымдағы құралдарды толықтыруға қаржылық сауықтыруға жататын кредиттер және/немесе лизингтік міндеттемелер бойынша сыйақы ставкасын субсидиялауды жылына 7 %-ға дейін жеткізу мақсатында, ал ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша түпкілікті төлеуші – АӨК субъектісі үшін жылына 4 %-ға дейін жеткізу мақсатында оларды қаржылық агент арқылы ұсына отырып, қолдау көрсетеді. Қаржылық сауықтыруға жататын әрбір АӨК субъектісі бойынша шешім ҚР Үкіметі бекіткен АӨК субъектілерін қаржылық сауықтыру үшін қаржылық институттардың кредиттері бойынша сыйақы ставкаларын субсидиялау қағидаларына сәйкес жеке тәртіппен қабылданады.

- АӨК саласындағы шаруашылық субъектілері арасында пайда болған берешектер бойынша қаржылық сауықтыру мәселелері реттелетін болады. бірқатар АӨК салаларында импорт алмастыруды дамыту және экспорттық әлеуетті іске асыру;
  - саланы тиімді мемлекеттік қолдауды қалыптастыру;
  - тауарлық балық аулауды, ІҚМ етінің экспортын, жайылымдық мал шаруашылығын, алма, майлы дақылдар және басқа өнім түрлері өндірісін дамыту.
- АӨК жалпы өнімінің тұрақты өсуі;
  - Қазақстан бидай мен бидай ұны өндірісінде әлемдік көшбасшы болып табылады;
  - Қазақстанның АӨК-сі едәуір мемлекеттік қолдау алады;
  - жер және су ресурстарымен қамтамасыз етілуі;

Агроөндірістегі өнім өндірісі мен экспортының жоғары әлеуеті. Қазақстан Республикасы агроөндірісті басқаруды дамыту мақсатын белгілеу кезінде мынадай сыртқы ортада қалыптасқан шешуші үрдістерді ескеру қажет:

- экстенсивті дамыту мүмкіндіктерінің аяқталуы орын алды;
- өнімділікті арттыру және технологияларды жаңғырту қажет;
- ДСҰ-ға 2014 жылы кіру және КО шеңберіндегі қызмет жағдайларында, халықаралық сауданы, көлік және коммуникация құралдарын белсенді дамыту, өнім стандарттарын көтеру, тұтынушылар қалауларының өзгеруі және мемлекеттік қолдау деңгейін төмендету кезінде бәсекеге қабілеттілігіне және онымен тікелей байланысты еңбек өнімділігі, АШТӨ-нің экономикалық тиімділігі, өнім сапасы мен оның маркетингі мәселелеріне қойылатын талаптар бірінші кезекке қойылады;
- өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығындағы субсидиялауды қоса алғанда, саланы қаржылық сауықтыру, АШТӨ үшін тауарлардың, жұмыстар

мен көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін арттыру, сондай-ақ АӨК субъектілерін ветеринариялық, фитосанитариялық қауіпсіздік және сумен қамтамасыз ету саласында мемлекеттік қамтамасыз етуді дамыту, жер қатынастары, техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік реттеу мен мемлекеттік бақылау және қадағалау жүйесінің тиімділігін көтеру мақсатында АӨК салаларын мемлекеттік қолдау жөніндегі бірқатар жүйелі шаралар талап етіледі.

- дақылдарды өңдеудің ғылыми негізделген ылғал-ресурс үнемдеуші технологияларына көшу, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету, ауыл шаруашылығы айналымына жаңа және қазір пайдаланылмайтын жерлерді тарту жолымен өндірісті әртараптандыруды, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру көлемін арттыруды көздейді, осыған байланысты салық салу жүйесін жетілдіру қажет.

Бұдан басқа, табыстарды баршаға ортақ декларациялау тұжырымдамасына сәйкестікті, ДСҰ талаптарын, салық салу көлемдерін табыстар көлемдеріне барабар қамтамасыз етуді, ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан салықтық есеп енгізуді, салықтық есепті оңайлатуды, жеке қосалқы шаруашылықтарды қоса алғанда салық салушылардың толық қамтылуын қамтамасыз етуді, көлеңкелі схемалар құру мүмкіндігін алып тастауды, жалдамалы жұмыскерлердің әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етуді, салықтық жүктеменің мәнді артуын болдырмауды ескере отырып, мүдделі мемлекеттік органдарға АӨК субъектілеріне оңтайлы салық салу режимдері жөніндегі ұсыныстар енгізу қажет.

Астық өндірісінің инфрақұрылымын дамытуға ерекше назар аудару қажет, өйткені дәнді дақылдар ауыл шаруашылығы өнімдерін экспорттау құрылымында неғұрлым үлкен үлес алады. Элеваторлар мен астық тасығыштар жетіспеушілігі проблемасы астықты өңдеу мен сақтауға, сондай-ақ оны тасымалдауға арналған қуаттылықтарды құру және кеңейту есебінен шешілетін болады.

Мал шаруашылығы саласында ІҚМ етінің экспорттық әлеуетін арттыру және АШТӨ-ні етті мал шаруашылығын дамытуға ынталандыру бойынша жұмысты жалғастыру қажет. Асыл тұқым базасын дамыту және мал мен құстың генетикалық әлеуетін арттыру бойынша жұмыс, оның ішінде одан әрі репродукциялау үшін асыл тұқымды малдарды импорттау есебінен жалғастыру қажет. Дәстүрлі мал шаруашылығы салаларын дамыту үшін жайылымдық мал шаруашылығын, оның ішінде қой шаруашылығын дамытуды ынталандыратын іс-шаралар кешенін қабылдау керек. Сондай-ақ жемшөп өндірісін дамыту, азып-тозған жайылымдық жерлерді қалпына келтіру және суландыру жөніндегі шараларды қабылдау тиіс. Шағын және орта фермаларды және отбасылық үлгідегі шаруашылықтарды құру бойынша жұмысты күшейту қажет.

Балық шаруашылығын дамытудың басым бағыты ретінде балықты тауарлық өндіруді арттыру мақсатында акваөсіру өнімдерін отандық өндірушілерді мемлекеттік қолдау шараларын қабылдау керек.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу саласында отандық өнім сапасын арттыру, азық-түлік тауарларының түр-түрін кеңейту және сол арқылы

КО бойынша негізгі сауда серіктестерімен бәсекелестікке тең жағдайлар жасау үшін өндірісті техникалық және технологиялық қайта жарақтау, халықаралық сапа стандарттарына көшу өзекті болып қалуда. Осы арада, мемлекеттік органдардың стратегиялық құжаттарын техникалық реттеу, сауда, бәсекелестікті қорғау, ақпарат, кеден және шекара қызметтері мәселелерінде түзетулерді жүргізу қажет. Өнімді сақтау және тұтынушыларға дейін жеткізу логистикасын дамыту жолымен нарықты отандық өндірістің азық-түлік тауарларымен одан әрі молықтыру, АШТӨ-ні кооперациялау жолымен дайындау, қайта өңдеу және сақтау пункттерін құру бойынша шараларды іске асыру қажет. Осылайша, ҚР АШМ саясатын еңбек өнімділігі жоғары АӨК субъектілері үшін өнімді тауарлық өндіруді қолдауға бағыттау қажет, бұл отандық өндірісті қарқындатуға және көлемін көтеруге мүмкіндік береді.

Ветеринариялық және фитосанитариялық қауіпсіздік жүйесін дамытуға ерекше назар аудару қажет. Жоспарланып отырған ДСҰ-ға кіру АШТӨ-ден халықаралық тамақ қауіпсіздігі стандарттарына сәйкес келетін сапалы және қауіпсіз өнімді жеткізуді талап етеді. Осыған байланысты, халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық шеңберінде заңнамалық базаны жетілдіру мәселесін пысықтау қажет, жануарлардың ауруларына қарсы күрес стратегияларын қайта қарап, ауруларды бақылау, қадағалау және мониторингілеу үшін ықпалдастырылған ақпараттық жүйесі бар зертханалардың тармақталған желісін құру керек. Мемлекеттік ветеринариялық ұйымдардың кенттер деңгейінде жұмыс істеуін қамтамасыз ету керек. Фитосанитария саласында аса қауіпті организмдермен күресудің заманауи қауіпсіз әдістерін енгізу жөніндегі бірқатар іс-шаралар жүргізу қажет.

Алдыңғы қатарлы технологияларды енгізуді ынталандыру және отандық ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндіріс көлемдерін ұлғайту мақсатында қолданыстағы қолдау шараларымен қатар жеке дақылдарды тікелей субсидиялаудан жеңілдетілген қаржыландыру арқылы қолдауға біртіндеп көшуді (кредиттер және лизинг бойынша пайыздық ставканы субсидиялау, қаржы ұйымдары алдындағы АШТӨ қарыздарын кепілдендіру жүйесін және сақтандыру жүйесін енгізу), сондай-ақ жобаларды іске асыру кезінде инвестициялық субсидиялауды көздеу қажет. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының қаржылық тұрақсыздығын болдырмау және олардың қысқаруына жол бермеу мақсатында аталған кәсіпорындарды қаржылық сауықтыруды жүзеге асыру қажет.

Отандық тамақ және қайта өңдеу өнеркәсібі өнімдерінің ішкі нарығын арттыру және сыртқы нарығын кеңейту мақсатында мүдделі уәкілетті органдармен ынтымақтастықта ішкі нарықты импорттық тауарлардың жасырын демпингінен қорғау; техникалық реттеу саласындағы заңнаманың сақталуына бақылауды күшейту; отандық тамақ өнімдерін басым сатып алу бөлігінде заңнама талаптарының орындалуын қамтамасыз ету; отандық өнімдерді сауда желілерінің сөрелеріне жеткізу тетігін жетілдіру; сауда-логистикалық инфрақұрылымды дамыту; отандық өнімді сыртқы нарықтарға шығару; аралас салаларды дамыту; ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізу бойынша шаралар қабылдау қажет. ЕДБ-нің, микрокредиттік ұйымдардың және кредиттік

серіктестіктердің АӨК жобаларын қаржыландыруға аз қатысуы оларда ұзақ мерзімді қорландыру көздерінің жоқ болуымен және саланың жоғары кредиттік тәуекелдерімен түсіндіріледі.

Осы проблеманы шешу үшін Германияның тәжірибесін қолдану және АӨК жобаларын АӨК субъектілері үшін қолайлы шарттарда олардың одан әрі қаржыландырулары үшін ЕДБ-ні қорландыру үшін ЕДБ-нің, микрокредиттік ұйымдардың және кредиттік серіктестіктердің АӨК жобаларын қаржыландыруға аз қатысуы оларда ұзақ мерзімді қорландыру көздерінің жоқ болуымен және саланың жоғары кредиттік тәуекелдерімен түсіндіріледі.

Осы проблеманы шешу үшін Германияның тәжірибесін қолдану және АӨК жобаларын АӨК субъектілері үшін қолайлы шарттарда олардың одан әрі қаржыландырулары үшін ЕДБ-ні қорландыру үшін "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ пайдалану ұсынылады. Бұл ретте, тартылған ақшаны холдинг директорлар кеңесі кезең-кезеңімен бекітетін және қайта қарайтын лимиттерге сәйкес еншілес ұйымдарына орналастыруы мүмкін.

Осылайша, "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ АӨК субъектілерін тікелей кредиттеуді кезең-кезеңімен қысқартып, меншікті және тартылған қаражат негізінде ЕДБ-ні, микрокредиттік ұйымдар мен кредиттік серіктестіктерді қорландыруды жүзеге асыратын болады. Бұл дамыған филиалдық желісі бар қолданыстағы банктік инфрақұрылымды пайдалана отырып, қаржыландыруға қолжетімділікті кеңейтуге мүмкіндік береді, сондай-ақ АӨК субъектілеріне қолайлы бекітілген ставка бойынша қарыздарды неғұрлым ұзақ мерзімге, сондай-ақ банктік қызметтердің толық спектрін алуға мүмкіндік береді.

"ҚазАгро" ҰБХ" АҚ пайдалану ұсынылады. Бұл ретте, тартылған ақшаны холдинг директорлар кеңесі кезең-кезеңімен бекітетін және қайта қарайтын лимиттерге сәйкес еншілес ұйымдарына орналастыруы мүмкін.

Осылайша, "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ АӨК субъектілерін тікелей кредиттеуді кезең-кезеңімен қысқартып, меншікті және тартылған қаражат негізінде ЕДБ-ні, микрокредиттік ұйымдар мен кредиттік серіктестіктерді қорландыруды жүзеге асыратын болады. Бұл дамыған филиалдық желісі бар қолданыстағы банктік инфрақұрылымды пайдалана отырып, қаржыландыруға қолжетімділікті кеңейтуге мүмкіндік береді, сондай-ақ АӨК субъектілеріне қолайлы бекітілген ставка бойынша қарыздарды неғұрлым ұзақ мерзімге, сондай-ақ банктік қызметтердің толық спектрін алуға мүмкіндік береді.

АӨК субъектілерін қаржылық сауықтыруға арналған қаражатты қаржылық агент және/немесе екінші деңгейдегі банктер ұйымдастырылған капитал нарықтарынан тартады. Бұл ретте, қаржылық агент тартқан қаражат Экономиканы жаңғырту жөніндегі мемлекеттік комиссияның шешімі бойынша басқа да кезек күттірмейтін міндеттерге пайдаланылуы мүмкін.

Қаражаттың (соның ішінде субсидиялардың) тиімді пайдаланылуын және қаржылық сауықтыру көрсеткіштері мен нәтижелеріне қол жеткізуді бақылау қаржылық агент және уәкілетті орган тарапынан жүзеге асырылады. Ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру объектілерінде, мал шаруашылығы объектілерінде ветеринариялық-санитариялық бақылауды қатерлерді айқындау тәсілдері мен әдістерін ескере отырып жүргізу талап етіледі. Тамақ қауіпсіздігін



камтамасыз ету үшін қалдық заттардың болуына тамақ өнімдерінің мониторингі жүргізілетін болады, бұл түпкі тұтынушы үшін мал шаруашылығы өнімінің қауіпсіздігін арттырады.

Агроөндірісті басқарудың инновациялық механизмдерін жетілдіру шаралары:

- заңнамалық базаны қалыптастыру;
- төлеу мерзімдерін ұлғайта және сыйақы ставкасын төмендете отырып, АӨК субъектілерін қайта құрылымдау, қайта қаржыландыру, сондай-ақ қаржыландыру арқылы АӨК-ні қаржылық сауықтыру бойынша шаралар қабылдау;

- өсімдік және мал шаруашылығындағы, сондай-ақ ауыл шаруашылығы шикізатын терең қайта өңдеу өндірісі үшін тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің экономикалық қолжетімділігін арттыру;

- ауыл шаруашылығы жалпы өнімін арттырудың экстенсивті әдістерінен қарқынды әдістеріне көшу;

- өсімдік шаруашылығындағы сақтандыру жүйесін жетілдіру;

- қолдау құралдарының кең спектрін қолдану есебінен қаржылық қызметтердің экономикалық қолжетімділігін қамтамасыз ету және қолайлы инвестициялық климат жасау;

- инвестициялық және пилоттық жобалар жүйесін, өсімдік шаруашылығына, мал шаруашылығына және ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуге енгізу үшін озық агротехнологиялар жүйесін қалыптастыру;

- агралық ғылымда технологияларды трансферттеу, бейімдеу және коммерцияландыру пысықтау, білім тарату орталықтарының желісін кеңейту;

- ветеринариялық және фитосанитариялық қауіпсіздіктің жоғары деңгейін қамтамасыз ету;

- ауыл шаруашылығы дақылдарын мемлекеттік сорттық сынау тиімділігін арттыру;

- органикалық ауыл шаруашылығы өнімінің өндірісі мен айналымын дамыту үшін жағдай жасау.

ҚР АӨК бизнесін дамыту үшін қолайлы жүйелі жағдайлар жасау, қамтамасыз етуші инфрақұрылымды дамыту, секторға тартылатын орташа жылдық инвестицияларды екі есе арттыру, өнімділікті өсіру нәтижесінде Қазақстан Республикасының агроөндірісін басқаруды жетілдіру бағытында болашақта келесі индикаторларға қол жеткізу күтіледі:

- АӨК субъектілерін субсидиялау есебінен ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау көлемін 2020 жылға қарай 4,5 есе арттыру;

- АӨК субъектілерінің борыштық жүктемесін қаржылық сауықтыру шаралары есебінен жалпы сомасы 300 млрд. теңгеге кемінде 8 жылға ұзарту;

- кредиттер мен лизингтің қолжетімділігін арттыру жөніндегі шаралар есебінен АӨК-ге тартылған мемлекеттік емес кредиттік қаражат көлемі 2013 – 2020 жылдары 2 трлн. теңгеге дейін;

- карантиндік және аса қауіпті зиянды организмдер таралуының қауіптілік коэффициенті 2020 жылға қарай 0,88;

- мониторингтік зертханалық зерттеулерге ұшырайтын тамақ өнімдерінің үлесін 2020 жылға қарай 0,4 %;
- электрондық форматқа көшірілген мемлекеттік қызмет көрсету үлесі 2015 жылға қарай 62 % болады.
- ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндіріс көлемін елеулі түрде өсіру;
- барлық негізгі тамақ өнімдері бойынша Қазақстанның импортқа тәуелділігін қысқарту;
- экспорттық әлеуетті іске асыру;
- өсімдік дақылдары түсімділігінің және малдар өнімділігінің нысаналы көрсеткіштеріне қол жеткізуге мүмкіндік беретін заманауи агротехнологияларды қолдану;
- ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігін ұлғайту.

### **3.2 Агроөндірісте агромаркетинг басқару жүйесін дамыту жолдары**

Жүргізілген экономикалық зерттеулер көрсеткендей, Қазақстан Республикасының агроөндірістегі маркетингтік басқаруда келесідей міндеттер тұрғанын анықтауға мүмкіндік берді:

- нарықты, сұраныс пен ұсынысты жан-жақты және мұқият зерттеу;
  - өндірісті нарық талаптарына бейімдеу, тұтынушы сұранысына жауап беретін ауыл шаруашылық өнімдерін шығару;
  - агроөндіріс мүддесі негізінде нарыққа және сұранысқа әсер ету.
- Бүгінгі таңдағы ең өзекті мәселелердің бірі елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесін шешу агромаркетингті қолданусыз мүмкін еместігі болып табылады. Агромаркетингті дамытудың объективті түрде өзектілігі:
- халықаралық ауыл шаруашылығы нарықтарына шығу,;
  - агромаркетингтің халықаралық жүйесін қалыптастыру;
  - сыртқы экономикалық байланыстардың тиімді формасын таңдау;
  - әлемдік ауыл шаруашылығы нарығын терең зерттеу.

Аталған экономикалық мәселелерді шешу қажеттілігінің туындауына байланысты, агромаркетингтің маңыздылығын агроөндіріске жан-жақты енгізудің талабынан және нарық кеңістігіне енгізуден болып отыр.

Агромаркетинг жүйесінің тиісті дәрежеде ілімдік негіздемесінің болмауы, аграрлық секторда оны ендіру бойынша тәжірибелік әдістемелердің өте аз болуы жағдайын ескере отырып агромаркетингтің келешектегі дамуын ғылыми қамтамасыз етілу деңгейін көтеру қажеттігін бүгінгі таңдағы агроөнеркәсіптік кәсіпорындардағы жағдай дәлелдейді. Агроөнеркәсіп кешенінде агромаркетингтің тұтас икемді жүйесін құру, маркетинг бөлімін ұйымдастыру, агромаркетингті ұйымдастыру механизмін жетілдіру, агромаркетинг қызметі сферасында кадрлық саясатты жақсарту, ірі агроөндірістерді, агрохолдингтар және т.б. құру, басқарудың автоматтандырылған жүйесін қалыптастыру, агромаркетингті басқаруды жетілдіруді жатқыза аламыз.

Жоғарыда сипатталған, агромаркетингті дамыту бағыттары тек агромаркетингтің ғылыми-негізделген жүйесін құру және оның тұрақты жұмыс істеу жағдайында ғана мүмкін болып табылады. Бұл жүйе нарықтық

катынастарға (конъюнктура, сауда, бәсеке, баға және т.б.) бейім және сезімтал болуы тиіс, сонымен бірге мақсатты бағдарламаларды орындау қажеттілігімен анықталады.

Маркетингтік зерттеулерді пайдалана ақпараттық қажеттілікті зерттеңіздер. Агроөндіріс кешенін ақпараттық қамтамасыз етудің тиімділігін арттыру үшін аудан, ауылшаруашылық кәсіпорындары, шаруа қожалықтарының басшыларымен, жеке кәсіпкерлермен, ветеринарлық қызмет өкілдерімен, фермерлермен, агроөндіріс кешені мамандарын: агроном, ветеринарлық дәрігерлер мен зоотехниктер, сүт өңдеу бойынша технологтар, механиктер мен жұмыскер мамандықтарын және т.б. дайындайтын колледж, техникум оқытушыларымен Келісім-шарт бекітуді ұсынамыз. Деректер базасын құрыңыздар: аты-жөндері, байланыс телефондары, электронды мекен-жай енгізілсін, бұл электронды пошта арқылы ақпараттық сұранысты орындаудың жеделдігін қамтамасыз етеді. Агроөндіріс кешенінің қызметкерлеріне ақпараттық-библиографиялық қызмет көрсету келісім-шарт құралы болып саналады. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп кешенінің жағдайы өндірістің сатылы өсуімен, ауылдағы қаржы қызметтері нарығының дамуымен, ауыл тұрғындарының өмір сапасын жақсартумен сипатталады.

Сонымен қатар, АӨК өндіргіштігін және бәсекеге қабілеттілігін арттыру факторы ретіндегі агромаркетингтің одан әрі дамуын тежейтін жүйелі сипаттағы бірқатар проблемалар бар. Олардың ішінде негізгілер мыналар болып табылады:

- жеткіліксіз қаржыландыру – ауыл шаруашылығы өнімдерін жетекші экспорттаушы елдермен салыстырғанда қаржыландыру көлеміндегі көп еселік айырмашылық;

- жоғары білікті жас мамандардың – ғылыми қызметкерлердің, көмекші және техникалық персоналдың тапшылығы;

- инфрақұрылымның моральдық және физикалық тозуы – 20 жылдан артық пайдаланылып келе жатқан ғылыми-зерттеу жабдығының үлесі 28%, ауыл шаруашылығы техникасы мен автомашиналар – 41 %, 20 жылдан артық күрделі жөндеусіз пайдаланылып келе жатқан ғимараттардың үлесі – 95 % құрайды;

- ғылыми әзірлемелерді енгізу және бизнеспен өзара іс-қимыл жасау құралдарының дамытылмауы;

- отандық аграрлық ғылымның әлемдік ғылыми жүйеге ықпалдасуының жеткіліксіз деңгейі.

Өсімдік өсіру саласында құрылымдық және технологиялық әртараптандыруды жүзеге асыру бойынша, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған басымды ауылшаруашылық дақылдарының егін егу алаңдарын кеңейтуде атқарылатын жұмыстар жалғасып келеді.

Агроөндірістің дамуы үшін әрқашан өсу және даму, үздік бизнес технологияларына талантты адамдардың тәжірибесін байланыстыра отырып, агроқұрылымдарда ең тиімді стратегиялық шешімдерді қабылдауға көмектесу және ойға алған жобалардың барлығын жүзеге асыру, маңызды міндет тапсырмаларын орындау керек:

- маркетингтік және сауда-саттық инфрақұрылымы мен логистиканы дамыту арқылы нарықтық тәуекелдерді төмендету;
- көліктік-логистикалық қуаттарды, соның ішінде ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау жүйесін қажетті деңгейге дейін дамыту;
- ауыл шаруашылығына агрохимиялық қызмет көрсету тиімділігін арттыру;
- АӨК субъектілерін ақпараттық қамтамасыз ету жүйесін дамыту;
- мемлекеттік қызмет көрсету және техникалық реттеу жүйесін дамыту;
- АӨК-дегі мемлекеттік бақылау және қадағалау жүйесінің тиімділігін арттыру.

Қазақстан Республикасында агроөндірісте агромаркетинг басқару жүйесін дамытудың келесі жолдарын ұсынамыз:

- АӨК мамандарын сауалдама негізінде сұраныстағы тақырыптар бойынша мекен-жайлық ақпараттандыру;
- интернет ресурстарын, ҚР мен ТМД елдерінің электронды каталогтарын қолдана күрделі тақырыптық сұраныстарды орындау;
- электронды пошта арқылы ақпараттық сұраныстарды жедел орындау;
- мамандарға он-лайн режимінде қызмет көрсету (виртуалды анықтама, құжаттарды электронды жеткізу).
- ауылшаруашылығы мамандарының сұраныстары бойынша Интернет-жіберулерді ұсыну.
- АӨК мәселелері бойынша "Заң", "Параграф", e-gov.kz арқылы құқықтық және заңнамалық құжаттарды іздеу;
- АӨК қызметкерлерінің сұраныстағы тақырыптары бойынша ақпараттық-библиографиялық тізімдер, дайджестер дайындау;
- мамандар күнін, ақпарат күнін жүргізу, оларды маңызды тақырыптар бойынша мультимедиялық тұсаукесерлермен сүйемелдеу (мамандармен келісу);
- орталық кітапханалар ауылшаруашылығы бағытындағы іс-шараларды, семинар, кездесулерді өткізуге арналған орындар ұсынсын;
- материалдарды көшіру, сканерлеу және т.б.

Қазіргі заманға сай, шаруашылық жүргізудің нарықтық жағдайлары ауылшаруашылығы мамандарынан жоғары кәсіптік білімді, қандай да мәселелер болмасын және оңтайлы шешімдер қабылдай алатын қабілетті болуларын талап етеді. Мұндай жағдай да еліміздің аграрлық бағытындағы жоғары және арнайы орта оқу орындары ауылшаруашылық органдарымен тығыз байланыссыз қажетті жұмыс бітіре алмайды. Ал ауылшаруашылық органдары өз тарапынан қазіргі жағдайда ауылшаруашылығы өндірісін ұйымдастыру және дамыту үшін қандай мамандар керек екенін анық біліп отырулары керек.

Ауылшаруашылық органдары отандық ауылшаруашылық өнімдерін белсенді түрде жарнамалау керек, ол үшін жәрмеңкелерді әр жерде ұйымдастыру ұсынылады. Осындай тәжірибе бізде кездесіп те жүр, оны байыта түсіп, осы күннің талабына сай жетілдіру де ауылшаруашылық органдарының құзырында.

### **3.3 Ауыл шаруашылығында басқару шешімдерін сызықтық модельдеу әдістері және ақпараттық технологиялар арқылы қабылдау**

Тәжірибелік жағдайда оңтайлы жоспар құрудың шаруашылыққа онша қажеттігі жоқ бола тұрса да, социалистік жоспарлы экономика талаптарына байланысты ауыл шаруашылық өндірісін кәсіпорындар деңгейінде оңтайластыратын экономикалық-математикалық модельдер жүйесі қалыптастырылғаны белгілі. Социализм заманында өндірістің құрамдары және дамуы жөнінде көптеген көрсеткіштер туралы тапсырыстарды жоғарғы ұйымдар анықтады да, ал оңтайлы жоспарлау өте саяз, аз мөлшерлі, тек кейбір тех-нологиялық үрдістерді оңтайластыратын есептерді шешумен шек-телді. Мысалға, мұндай есептерге азық рациондарын және азық қоспаларын оңтайластыру, минералды тыңайтқыштарды бөліп тарату үрдісінің оңтайлы жоспарын құру, машинно-тракторлық парк құрамын қолданылатын жыл маусым аралығына байланысты оңтайластыру және осыларға ұқсас тағы басқа да есептерді жатқызуға болады.

Қазіргі кезде қоғамымыздың нарық жағдайына, яғни жаңа экономикалық қарым-қатынасқа өтуіне байланысты, ауыл шаруа-шылық кәсіпорындары үшін оңтайластыру есептерін қайтадан жүргізу керектігі туындалды және оған үлкен қызығушылық пайда болды. Бірақ, социалистік экономика принциптері бойынша қалыптасқан бұрынғы экономикалық-математикалық модельдерде бірқа-тар кемшіліктер болатыны сөзсіз. Мысалға, көптеген өндірістік қорлар және олардың ішінде айрықша ақша бірлігімен өлшенетін қорлар түрлері белгісіз болып есептелініп, олардың оңтайлы мәнде-рі ізделінді, яғни ақша қорларын қалыптастыру шектеулері қарас-тырылды. Сөйтіп, есепті шешу нәтижесі арқылы іздеп отырған ай-нымалының мәні бойынша ақша қорының керекті мөлшері анықталынды. Қазіргі кезде жыл маусымы кезеңдерінде ақша құралдарының нақтылы бір қатынастарда болуы өте маңызды. Өйткені, айналымдық қорлардың ұтымды қолданылмауы, қымбат тұратын несие алуға қажеттілікті, айлық жалақыны уақтылы төлей алмауға байланысты әлеуметтік қайшылықтар және тағы да басқа теріс әсерлер тудыруы мүмкін. Сондықтан, мал және өсімдік шаруашы-лықтар өнімдерін нарыққа өткізуден түскен ақша ағымдарын анықтайтын, материалдық және айлық төлем ақыларға кеткен шығындарды, алынған несие мөлшерімен оны қайтаратын уақытты анықтау қарастырылған, кәсіпорынның қаржылық бағдарламасын оңтайластыру “Экономикалық-математикалық модельдің” бөлінбейтін бөлігі болуға тиіс.

Барлық ауыл шаруашылығы деңгейінде қарастырылған немесе өсімдік шаруашылығы құрамын немесе ауыл шаруашылық техникалары паркі құрамын оңтайластыру есептері бойынша құрылған бұрынға экономикалық-математикалық модельдерде қорлардың жылдық көлемдегі сомасы есепке алынады. Өсімдік шаруашылығы жұмыстары толығымен маханикаландыру қарастырылатын болса, есептің осылай қойылуы жылдың кейбір маусымдарында техниканың жетіспеуіне, ал қысқы және күзгі маусымдарда техниканың қолданылмай босқа тұратын жағдайына әкеледі. Сондықтан, мұндай есептердің шешім нәтижесі, маусымдық ауыл шаруашылығы

жұмыстарының толық дәйектелінген жоспары бойынша анықталған әртүрлі техникалардың керекті санын көрсететін, шаруашылықта бар техника қорларын есепке алған, өндіріс құрамы болуға тиіс.

Осы кездерге дейін экономикалық-математикалық модельдерде мал шаруашылығында жүргізілетін мал айналымдары толыққанды есепке айналмады. Мысалға, ірі қара малдардың айналымдарын оңтайластыратын экономикалық-математикалық модельде өндіріс орнының оңтайлы құрамы ескерілмей, ірі қара малдардың жас-жыныс көрсеткіштеріне байланысты тек жай қарапайым бір топтан екінші бір топқа өту әрекеттері қарастырылады, тіпті азықтандыру блогы түсіп қалады. Міне осындай кемшіліктерге байланысты аталған модель тәжірибеде көп қолданылмай келеді.

Ауылшаруашылығында өндірістік даму үрдістерін, өсімдік және мал шаруашылықтарының технологиялық үрдістерінің ерекшеліктеріне байланысты әртүрлі кезеңдерге бөлу арқылы, осындай кемшіліктерді түзетуге болатынына көз жеткізу қиын емес. Ауыл-шаруашылығында жыл маусымдарына (қыс, көктем, жаз және күз) байланысты өндіріс технологияларында көптеген өзгерістер пайда болады. Аталған ерекшеліктерді ескеру арқылы құрылған модель-дерді көпкезеңділер деп атайды. Сызықтық-динамикалық модельдерге қарағанда, олар жыл маусымы кезеңдеріне байланысты құрылған блоктардан тұрады. Кезеңдер санына байланысты көпкезеңді модельдер үлкен өлшемді болуы мүмкін. Дегенмен де, қазіргі қуатты компьютерлерге мұндай жағдай айтарлықтай кедергі тудыр-майды.

Көпкезеңді модельдерді қолдану есептің бүтінсандылық мәселелерін шешуде жай қарапайым ыңғайлы тәсілдерін табуға көп көмектеседі және есеп өндірістің нақтылы жағдайларын ескеріп, тәжірибеде қолдануға болатын дұрыс шешім алынады.

Төменде ауыл шаруашылық өндірісінің құрамын оңтайластыруға бағыталған экономикалық-математикалық модельдердің жаңа модификациясын құрумен айналысқан көптеген ғалымдардың [100, 101, 102, 104, 105 және т.б.] еңбектерін зерделеп талқылаудың нәтижесінде, кәсіпорын деңгейінде ауыл шаруашылығы өндірісін оңтайластыру үшін құрылған, сызықты көпкезеңдік жарым–жартылай бүтін санды есептің экономикалық-математикалық моделін келтіреміз.

Өсімдік шаруашылығында көпкезеңдік оңтайластыру есебінің жарым-жартылай бүтін санды экономикалық-математикалық моделі.

Қабылданған белгілер.

Көптіктер және индекстер:

$j$  – ауыл шаруашылығы дақылдарының индексі,  $j \in J$ , мұндағы  $J$  - барлық ауыл шаруашылығы дақылдары және жыртыл-ған жер көптігі;

$i$  – ауыл шаруашылығы техника түрлерінің индексі,  $i \in I$ , мұндағы  $I$  - барлық ауыл шаруашылығы техника түрлерінің (трак-торлардың және комбайндардың) көптігі;

$t$  – барлық маусымдық ауыл шаруашылығы жұмыстарының орындалынатын кезеңдерінің индексі,  $t \in T$ , мұндағы  $T$  – барлық кезеңдердің көптігі;

Ізделінетін айнымалылар:

$x_j$  – ауыл шаруашылығы  $j$ -ші дақылдарының егіс ауданы және жыртылған жердің ауданы, га;

$y_i$  – қолданылатын  $i$ -шы түрдегі ауыл шаруашылығы техни-касының саны, дана;

$d_i$  – жетіспейтін, сатып немесе жалға алынған  $i$ -шы түрдегі техника саны, дана;

$f_i$  – артық, сыртқа сатылған  $i$ -шы түрдегі техника саны, дана;

$y'$  – техникада жұмыс істейтін барлық механизаторлардың саны, адам.

Алғашқы деректер:

$P$  – шаруашылықтағы егістік (жыртылған) жердің ауданы, га;

$L_i$  – шаруашылықта бар  $i$ -шы түрдегі ауыл шаруашылығы техникасының саны, дана;

$B_{it}$  –  $t$ -шы кезеңде  $i$ -шы түрдегі тахниканың бір данасы есебіндегі жұмыс уақыты, сағат;

$a_{tij}$  –  $t$ -шы кезеңде  $i$ -шы түрдегі тахникамен  $j$ -ші ауыл шаруашылығы дақылдарын 1 га егіуге немесе жыртылған жерді өңдеуге кеткен уақыт шығыны, сағат;

$k_i$  –  $i$ -шы түрдегі ауыл шаруашылығы техникасында жұмыс істейтін механизаторлардың санын белгілейтін коэффициент;

$c_j$  – тұқымға, тыңайтқышқа және т.б. кеткен шығындарды алып тастағаннан кейінгі, 1 га түсетін  $j$ -ші ауыл шаруашылығы дақылдарының тауарлық өнімдерінің бағасы, мың теңге;

$c_i$  –  $i$ -шы түрдегі ауыл шаруашылығы техникасының бір данасын қолдануға және ағымдағы жөндеуіне кеткен шығындар, мың теңге;

$\alpha_i$  – бір жылға есептегендегі, жетіспейтін, сатып немесе жалға алынған  $i$ -шы түрдегі ауыл шаруашылығы техникасының бағасы, мың теңге;

$\beta_i$  – бір жылға есептегендегі, артық, сыртқа сатылған  $i$ -шы түрдегі ауыл шаруашылығы техникасынан түскен түсім, мың теңге;

$c'$  – жұмыскерлерге бір жұмыс маусымында төленген еңбек ақы, мың теңге;

$w$  – пропорциональдық коэффициент.

Анықтау керек  $Z$  (шартты пайда) функциясының максимальды мәнін

$$Z = \sum_{j \in J} c_j x_j - \sum_{i \in I} c_i y_i - c' y' - \sum_{i \in I} \alpha_i d_i + \sum_{i \in I} \beta_i f_i \Rightarrow \max \quad (1)$$

мына жағдайда:

3) егіс ауданы бойынша

$$\sum_{j \in J} x_j \leq P \quad (2)$$

2) техникалардың түрлері бойынша берілген агротехникалық уақыт аралықтарында ауыл шаруашылық дақылдарын өсіріп-өндіру технологиялық әрекеттердің орындалуы

$$\sum_{j \in J} a_{tij} x_j \leq b_{ti} y_i \quad (i \in I, t \in T) \quad (3)$$

3) ауыл шаруашылығы техникаларының түрлері бойынша балансталуды

$$y_i - d_i + f_i \leq L_i \quad (i \in I) \quad (4)$$

4) еңбек қоры

$$\sum_{j \in J} k_i a_{tij} x_j \leq b_{ti} y'_i \quad (i \in I, t \in T) \quad (5)$$

5) ауыл шаруашылық дақылдарын өсіріп-өндірудің технологиялық шарттары

$$x_j \leq w \sum_{j \in J} x_j \quad (6)$$

6) айнымалылардың теріс болмау және олардың кейбіреулерінің бүтін сан болу шарттары

$$x_j \geq 0, (j \in J), y_i \geq 0, d_i \geq 0, f_i \geq 0 \quad (i \in I), y'_i > 0$$

$$y_i, d_i, f_i \quad (i \in I) \text{ ждне } y'_i - \text{бүтін сан} \quad (7)$$

Сонымен, жарым-жартылай бүтін санды сызықты экономикалық-математикалық модель құрылды. Енді осы модельді тәжірибелік жағдайда қолдану тәсілдерін қарастырайық.

Есепті қою.

Қостанай облысында өндірістік кооператив "Дархан" өзінің орналасқан аймағында ең тиімді дәнді дақылдарды: күздік бидай және қара бидай, арпа, сұлы, тары және қарақұмық өсіріп-өндірумен айналысады. Мал шаруашылығы шығынды болуына байланысты шаруашылықтың экономикасы үшін дәнді дақылдарды өсіру үлкен маңызды. Тауарлы дәнді дақылдарды өсіру үшін шаруашылықтағы егістік жердің максималды ауданы 1450 га құрайды. Тозығы жеткен ауыл шаруашылығы техникаларының паркі, оның ішінде қанағаттанарлық қалыптағы 10 дөңгелекті, 12 шынжыр табанды тракторлардан, 13 дәнді дақылдарды орып-жинайтын комбайндардан тұрады. Сонымен қатар шаруашылықта жерді өңдеуге, жыртуға және дәндерді себуге керекті әртүрлі ауыл шаруашылық техникалық құрал-жабдықтар және автомобильдер жеткілікті мөлшерде. Егер жиналған дәнді дақылдарды нарыққа өткізуден түскен түсім жеткілікті болса, онда жетіспеген ауыл шаруашылығы



техникаларын шаруашылыққа сатып алуға немесе лизинг есебімен алуға болады. Техникалар мен жұмысшылардың оңтайлы санын анықтау қажет.

Шаруашылыққа дәнді дақылдар өнімдерін нарыққа өткізгенде түсетін пайда максималды болатындай, оларға егістік жерді оңтайлы бөлу және өндіріс орнына керекті ауыл шаруашылығы техникалар мен жұмысшылардың оңтайлы санын анықтау қажет.

Алғашқы деректер ретінде, есепте бұрын-соңды мұндай есептердің модельдерінде қолданылмаған, біраз көрсеткіштер ұсынылады. Мысалға, техниканың бір данасына керекті уақыт (16-кестені қараңыз).

Кесте 16- Шаруашылықтағы жұмыстарды орындау мерзімін және техникалардың бір бірлігіне керекті уақытты есептеу

Кезеңдер	Жұмыстардың орындалынатын календар. уақыты	Ауа райы коэффициенті	Техниканың бір данасына келетін жұмыс уақыты, сағат	Жұмыстардың түрлері
I	4.05 – 10.05	0,8	48	Арпа және сұлыны егу
11	15.05 – 21.05	0,8	48	Жарма дақылдыларды егу және жерді жырту
111	16.07 – 25.07	0,7	63	Күздік дақылдарды бөліп жинау
IV	1.08 – 10.08	0,7	63	Жаздық дақылдарды жинау, күздік дақылдардан кейін жерді жырту (сүдігер)
V	15.08 – 20.08	0,9	45	Жарма дақылдыларды жинау, жазғы дақылдардан кейін жерді сүдігерге жырту
VI	25.08 – 3.09	0,8	64	Қарақұмықтан кейін жерді сүдігерге жырту, күздік дақылдарды егу
Ескерту: автордың есептеулері				

Бұл көрсеткіш бір жұмыс күнінің ұзақтығын (өсімдік шаруашылығында маусым кезінде бұл уақыт 10 сағатқа тең), ауа райы коэффициентіне және осы кезеңнің ұзақтығына (күндер санына) көбейтеді.

Ауыл шаруашылық техникасын интенсивті қолдану жолдары маусымдық ауыл шаруашылық жұмыстарын жүргізу мерзімі арқылы анықталынады. Шаруашылықтағы жұмыстарды орындау мерзімін және техникалардың бір бірлігіне керекті уақытты есептеу.

Шаруашылыққа дәнді дақылдар өнімдерін нарыққа өткізгенде түсетін пайда максимальды болатындай, оларға егістік жерді оңтайлы бөлу және өндіріс орнына керекті ауыл шаруашылығы кестені қараңыз). Бұл көрсеткіш бір жұмыс күнінің ұзақтығын (өсімдік шаруашылығында маусым кезінде бұл уақыт 10 сағатқа тең), ауа райы коэффициентіне және осы кезеңнің ұзақтығына (күндер санына) көбейтеді.

Ауыл шаруашылық техникасын интенсивті қолдану жолдары маусымдық ауыл шаруашылық жұмыстарын жүргізу мерзімі арқылы анықталынады. Сондықтан, кез келген дақылдардың егу және жинау мезгілдерін кешіктіру олардың сапасын төмендетіп, тиісті өнім мөлшерін жоғалтуға алып келетіні белгілі. Топырақтың құнарлығын сақтау және өсімдіктерді әртүрлі аурулардан қорғау үшін, фермер ауыл шаруашылық дақылдарын бірінен кейін бірін, өзінің ретімен өсіріп-өндіруге тиіс. Ол үшін егістік жерлерді дер кезінде жырту, яғни сүрі жер негізінде: сүрі жер – күздік дәнді дақылдар – жазғы дәнді дақылдылар, сол сияқты керісінше, яғни міндетті түрде ауспалы егіс технологиялары қатаң сақталуға тиіс.

Кесте 17- Ауыл шаруашылығы жұмыстарын жасауға кететін уақыт шығынының нормасы

Ауыл шаруашылық дақылдары	Жұмыстар түрі және аралық нөмірі	1 га керекті уақыт шығыны, сағат			
		Дөңгелекті трактор	Шынжыр таб. трактор	Комбайн	Жұмыскерлер
Күздік бидай	III кезеңде жинау	0,95		2 (бөлектеп)	6,00
	IV кезеңде жырту		1,45		1,45
Күздік қара бидай	III кезеңде жинау	0,95		1,8	5,40
	IV кезеңде жырту		1,45		1,45
Жаздық дақылдар (арпа, сұлы)	I кезеңде егу	0,85			2,5
	III, IV кезең. жинау	0,85		1,5	4,50
	IV кезең. жырту		1,45		1,45
Жармалылар (қарақұмық, тары)	II кезеңде егу	0,95			2,5
	V кезеңде жинау	1,0		2,0	6,00
	VI кезеңде жырту		1,45		1,45
Сүрі жер (пар)	II кезеңде жырту		1,55		2,5
	VI кезеңде күздік дақылдарды егу	0,85			1,50

Ескерту: автордың есептеулері

Күздік дақылдардан жақсы өнім алу үшін, жаздық дәнді дақылдардан босатылған егістік жер-лерді жыртып, оларды осы жерге егу, ал жаздық дәнді дақылдар үшін күздік дақылдардан босатылған жерді жыртып, осы жерге жаздықтарды егу немесе басқа күздік дақылдарды егу қарасты-рылады.

Кез келген дақылдарды егу үшін егістік жерді жыртқанда, негізінде шынжыр табанды трактор, ал егу үшін дөңгелекті трактор, және орып-жинау үшін өз бетінше жүргізілетін бір типті комбайн қолданылады. Егісті жинау кезінде жиналған дәнді дақылдар дөңгелекті трактор тіркемесімен және автомобильдермен тиісті орындарға тасымалданады. Шаруашылықта олар жеткілікті мөлшер-де және оларға ешқандай да шектеулер қойылмайды.

Ауыл шаруашылық техникасы, дақылдар түріне және жұмыс түрлеріне байланысты 1 га есептелген уақыт шығыны 17-кестеде келтірілген. Мысалға, дақылдарды егу жұмысының бір күндік нормасы 12-15 га (0,85 - 1,0 сағ/га), жыртыу – 7-8 га (1,4-1,6 сағ/га) құрайды. Күздік дәнді дақылдылары бөлектеп (ору, кептіру және жинау) жиналуы және бірден комбайндармен орып-жиналуы мүмкін. Мысалға, күздік қарақұмықтарды жинау бөлектеп жүргізіледі. Осыған байланысты 1 га керекті уақыт шығыны 1,5-нан 2,5 сағат аралығында болады. Дақылдарды егу кезінде дөңгелекті және шынжыр табанды тракторларды жүргізу үшін 1 адам және сеялкада 1 адам жұмыс істейді. Комбайнды жүргізуге комбайнермен қоса оған көмекші қажет.

Кесте 18- Ауыл шаруашылығы дақылдары бойынша мақсат функция коэффициенттерін есептеу

Ауыл шаруашылығы дақылдары	1 га алынатын тауарлық өнім, ц	1 ц өнімнің орташа құны, теңге	1 га алынатын тауарлық өнімнің бағасы, теңге	Механикалан. жұмыстардан басқа шығындар, теңге/га	C <sub>i</sub> - коэффициенттері, мың теңге
Күздік бидай	19	346,5	6583,5	1732,5	4,851
Күздік қарабидай	20	295,5	5900,0	1410,0	4,490
Арпа(III кезеңде)	17	202,5	3442,5	1053,0	2,390
Сұлы (III кезеңде)	18	189,0	3402,0	1021,5	2,381
Арпа(IV кезеңде)	13,6	202,5	2754,0	1053,0	1,701
Сұлы (IV кезеңде)	14,4	189,0	2721,6	1021,5	1,700
Тары	9	292,5	2632,5	508,5	2,124
Қарақұмық	8	427,5	3420,0	684,0	2,736
Тексеру: автордың есептеуімен					

Ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіріп, өндіру тиімділігі өнімдерді нарықта өткізу құнымен, олардың өнімділігімен және механикаландырған жұмыстарға кеткен ағымдағы шығындармен анықталады (18-кесте). Техникаларды ұтымды пайдалану үшін жаздық дәнді дақылдыларды орып-жинау, тек жалғыз III кезеңде емес IV кезеңде де жүргізілуі мүмкін. Бірақ

мұндай жағдайда өнім көлемі 20% қысқарады. Техникаларды нақтылы қолданылатын жыл маусымына есептегенде, бір тракторды пайдалануға және оның ағымдағы жөндеулеріне кеткен шығындар, дөңгелектіге – 30 мың теңге, шынжырлыға – 35 мың теңге, комбайнға – 40 мың теңге құраса, ал осы мерзімде 1 жұмыскерді жалдауға кеткен шығын 35 мың теңге құрайды. Жаңа техниканы сатып алуға кететін шығын, бір жыл есебінде бір дөңгелекті тракторға – 20 мың теңге, шын-жыр табандыларға – 24 мың теңге, комбайнға – 36 мың теңге құрайды. Артық техникаларды өте төменгі бағалармен, дөңгелекті – 15; шынжырлы – 20 және комбайн – 35 мың теңгеге сатуға болады.

Сандық экономикалық-математикалық модель.

Ауыл шаруашылық дақылдарының егістерінің және жыртылған жердің аудандарының оңтайлы мәндерін мынадай айнымалылармен белгілейік, бірінші топ, га:

$x_1$  – күздік бидай;  $x_2$  – күздік қара бидай;  $x_3$  – III кезеңде жиналынатын арпа;  $x_4$  – III кезеңде жиналынатын сұлы;  $x_5$  – IV кезеңде жиналынатын арпа;  $x_6$  – IV кезеңде жиналынатын сұлы;  $x_7$  – тары;  $x_8$  – қарақұмық;  $x_9$  – жыртылған жер.

Ауыл шаруашылығы техникалар және жұмысшылардың оңтайлы сандары, екінші топ айнымалылары (бүтін санды):

$y_1$  – дөңгелекті тракторлар саны, дана;

$y_2$  – шынжыр табанды тракторлар саны, дана;

$y_3$  – дәнді дақылдарды жинайтын комбайндар саны, дана;

$y$  – жұмысшылар (механизаторлар) саны, адам.

Есепті шешу барысында анықталынатын үшінші топ айнымалылары:

$d_i$  – жетіспейтін  $i$ -ші ауыл шаруашылығы техникалар саны, дана;

$f_i$  – артық  $i$ -ші ауыл шаруашылығы техникалар саны, дана.

Немесе нақтылы айтқанда:

$d_1$  – сатып алынатын дөңгелекті тракторлар саны, дана;

$d_2$  – сатып алынатын шынжыр табанды тракторлар саны, дана;

$d_3$  – сатып алынатын комбайндар саны, дана;

$f_1$  – артық дөңгелекті тракторлар саны, дана;

$f_2$  – артық шынжыр табанды тракторлар саны, дана;

$f_3$  – артық комбайндар саны, дана.

Мақсат функция, сатып алуға және жұмысқа қолданғаны үшін техникаларға және жұмыскерлерге кеткен шығындарды алып тастағаннан кейінгі, дәнді дақылдарды нарыққа өткізуден түскен табыс сомасы, яғни фермер ( $Z$ ) функцияны максималдауға тырысады:

$$Z = 4,851x_1 + 4,490x_2 + 2,39x_3 + 2,381x_4 + 1,701x_5 + 1,7x_6 + \\ + 2,124x_7 + 2,736x_8 - 30y_1 - 35y_2 - 40y_3 - 35y - 20d_1 - 24d_2 - \\ - 36d_3 + 15f_1 + 20f_2 + 25f_3 \rightarrow \max$$

1) Ауыл шаруашылығы дақылдарының оңтайлы егіс аудандарының және жыртылған жердің ауданы сомасы шаруашылықта бар егістік жердің ауданынан артық болмауға тиіс:

$$x_1 + x_2 + x_3 + x_4 + x_5 + x_6 + x_7 + x_8 + x_9 \leq 1450$$

Маусымдық жұмыстар түрлерін берілген мерзімде орындау үшін ауыл шаруашылығы техникаларын пайдалану бойынша шектеулер:

а) дөңгелекті тракторлар.

2) I-ші кезеңде арпаны және сұлыны егу

$$0,85x_3 + 0,85x_4 + 0,85x_5 + 0,85x_6 \leq 48y_1$$

3) II кезеңде қарақұмықты және тарыны егу

$$0,95x_7 + 0,95x_8 \leq 48y_1$$

4) III кезеңде күздік дақылдарды орып-жинау

$$0,95x_1 + 0,95x_2 \leq 63y_1$$

5) IV кезеңде арпаны және сұлыны (тез пісетін) орып-жинау

$$0,85x_3 + 0,85x_4 \leq 63y_1$$

б) V кезеңде арпаны, сұлыны (кеш пісетін) және жармалыларды орып-жинау

$$0,75x_5 + 0,75x_6 + x_7 + x_8 \leq 45y_1$$

7) VI кезеңде жыртылған жерге күздік дақылдарды егу

$$0,85x_9 \leq 64y_1$$

8) Дөңгелекті тракторлар санының жалпы баланысы

$$y_1 - d_1 + f_1 \leq 10$$

б) шынжыр табанды тракторлар.

9) II кезеңде жерді жырту (сүрі жер)

$$1,55x_9 \leq 48y_2$$

10) IV кезеңде сүдігерге жерді жырту (күздік дақылдарды жинағаннан кейін)

$$1,65x_1 + 1,65x_2 \leq 63y_2$$

11) V кезеңде сүдігерге жерді жырту (ерте мерзімдік жазғы дақылдарды жинағаннан кейін)

$$1,45x_3 + 1,45x_4 \leq 45y_2$$

12) VI кезеңде сүдігерге жерді жырту (жармалыларды және кеш пісетін жаздық дақылдарды жинағаннан кейін)

$$1,45x_5 + 1,45x_6 + 1,55x_7 + 1,55x_8 \leq 64y_2$$

13) Шынжыр табанды тракторлар санының жалпы балансы

$$y_2 - d_2 + f_2 \leq 13$$

в) комбайндар.

14) III кезеңде күздік дақылдарды бөліп орып-жинау

$$2x_1 + 1,8 x_2 \leq 63y_3$$

15) IV кезеңде арпа және сұлыны (ерте мерзімдік) орып-жинау

$$1,5 x_3 + 1,4 x_4 \leq 63 y_3$$

16) V кезеңде арпа және сұлыны (кеш мерзімдік) орып-жинау және жармалыларды бөлектеп орып-жинау

$$1,5x_5 + 1,5x_6 + 2x_7 + 2x_8 \leq 45y_3$$

17) Дәнді дақылдарды жинайтын комбайндар санының жалпы балансы

$$y_3 - d_3 + f_3 \leq 13$$

Еңбек қоры бойынша шектеу (ауылшаруашылық техникаларымен жұмыс істейтін механизаторлар санын анықтау).

18) I кезеңдегі жұмыстар

$$2,5x_3 + 2,5x_4 + 2,5x_5 + 2,5x_6 \leq 48y'$$

19) II кезеңдегі жұмыстар

$$2,5x_7 + 2,5x_8 + 2,5x_9 \leq 48y'$$

20) III кезеңдегі жұмыстар

$$6x_1 + 5,4 x_2 \leq 63y'$$

21) IV кезеңдегі жұмыстар

$$1,45x_1 + 1,45x_2 + 4,5x_3 + 4,5x_4 \leq 63y'$$

22) V кезеңдегі жұмыстар

$$1,45x_3 + 4,5x_4 + 1,45 x_5 + 4,5 x_6 + 6x_7 + 6x_8 \leq 45y'$$

23) VI кезеңде жармалылар және жаздықтардан кейін сүдігерге жерді жырту және күздік дәнді дақылдыларды егу

$$1,5x_1 + 1,5x_2 + 1,45x_3 + 4,5x_4 + 1,45 x_5 + 1,45 x_6 + 1,45x_7 + 1,45x_8 + 1,45x_9 \leq 64y'$$

24) механизаторлар саны бойынша шектеу

$$y' \leq 40$$

Ауыспалы егіске байланысты дақылдарды өсіріп-өндірудің технологиялық шарты.

25) сүрі жер (пар) бойынша күзгі дақылдарды егу

$$x_1 + x_2 - x_9 \leq 0$$

Айнымалылардың теріс сан болмау және кейбір айнымалылардың бүтін сан болу шарттары:

$$x_1 \geq 0, x_2 \geq 0, x_3 \geq 0, x_4 \geq 0, x_5 \geq 0, x_6 \geq 0, x_7 \geq 0, x_8 \geq 0, x_9 \geq 0,$$

$$y_1 \geq 0, y_2 \geq 0, y_3 \geq 0, y' \geq 0, d_1 \geq 0, d_2 \geq 0, d_3 \geq 0, f_1 \geq 0, f_2 \geq 0,$$

$$f_3 \geq 0, y_1, y_2, y_3, y', d_1, d_2, d_3, f_1, f_2, f_3 - \text{бүтін сандар}$$

Сандық модельді шешу нәтижесі.

Жарым-жартылай бүтін санды есептің математикалық моделін тұрғыздық. Бүтін санды айнымалылармен бірге модельде айнымалылар саны – 19, шектеулер саны – 25. MS Excel-дің жұмыс бетіне қарапайым тәсілімен есептің кестелік моделін тұрғызамыз. Бірінші жолға есептің атын: «Кәсіпорынның өсімдік шаруашылық бағдарламасын оңтайластыру», ал екінші жолға «Белгісіздер» деп жазамыз. В3:Т3 ұялар аралықтарына айнымалылардың белгілері орналастырылады да, В4:Т4 ұялар аралықтарында олардың оңтай-лы мәндері анықталынатын болады. Оңтайлы мәндері ізделініп отырған айнымалыларға есептің шарты бойынша төменгі және жоғары жағынан шектеулер қойылмайды. Сондықтан аздап болса да есептің өлшемін кішірейту үшін айнымалылардың шеткі мәндері үшін арнайы ұялар қарастырылмайды. Бірден В5:Т5 ұялар аралығына айнымалылардың белгілеріне сәйкес ұяларға мақсат функциядағы олардың коэффициенттерін енгіземіз де, U5 ұяда белгілі тәсілмен мақсат функцияның формуласын жазамыз: =СУММПРОИЗВ(В5:Т5; \$B\$4:\$T\$4). Келесі жолға «Шектеулер», осы жолда U6 ұяға шектеулердің сол жағының формулалары жазылатын ұялардың басқы тақырыбы «Сол жағы», V6 ұяға шектеулер белгілері «Белгісі» және W6 ұяға шектеулердің оң жағының мәндері тұратын ұялардың басқы тақырыбы «Оң жағы» комментариялары жазылады (39-суретті қараңыз).

Шектеулердің белгілерін “<=» және олардың оң жақтарының мәндері тиісті орындарына отырғызамыз да, келесі кезекте шектеулердің сол жағының формулаларын жазамыз.

	A	B	C	D	E	F	G	H	I	J	K	L	M	N	O	P	Q	R	S	T	U	V	W
1		Кәсіпорның өсімдік шаруашылық бағдарламасын оңтайластыру																					
2		Белгісіздер																					
3		$x_1$	$x_2$	$x_3$	$x_4$	$x_5$	$x_6$	$x_7$	$x_8$	$x_9$	$y_1$	$y_2$	$y_3$	$y_4$	$d_1$	$d_2$	$d_3$	$f_1$	$f_2$	$f_3$			
4	Мәні	204	193	376	0	132	0	0	147	397	9	13	12	36	0	0	0	1	0	1			
5	МФ	4,85	4,49	2,39	2,38	1,7	1,7	2,12	2,74	0	-30	-35	-40	-35	-20	-24	-36	15	20	25	958,9	Мак	
6		Шектеулер																					
7	1)	1	1	1	1	1	1	1	1	1											Сол жа	Белгі	Оң жағы
8	2)			0,85	0,85	0,85	0,85														1450	<=	1450
9	3)							0,95	0,95												1E-13	<=	0
10	4)	0,95	0,95																		-292	<=	0
11	5)																				-190	<=	0
12	6)																				-247	<=	0
13	7)																				-159	<=	0
14	8)																				10	<=	10
15	9)																				-8,19	<=	0
16	10)																				-163	<=	0
17	11)																				-39,8	<=	0
18	12)																				-412	<=	0
19	13)																				13	<=	13
20	14)																				2E-13	<=	0
21	15)																				-192	<=	0
22	16)																				-47,3	<=	0
23	17)																				13	<=	13
24	18)																				-467	<=	0
25	19)																				-367	<=	0
26	20)																				9E-13	<=	0
27	21)																				9E-13	<=	0
28	22)																				2E-13	<=	0
29	23)																				-182	<=	0
30	24)																				36	<=	40
31	25)																				0	<=	0

**Поиск решения**

Установить целевую ячейку:

Равной:  максимальному значению  значению:

минимальному значению

Изменяя ячейки:

Ограничения:

Сурет 39 - Өсімдік шаруашылығы бағдарламасын оңтайластыруға арналған көпкезеңдік жарым-жартылай бүтін санды экономикалық-математикалық модельдің шешімі

Мысалға, U7 ұяға  $f_x$ -функция көмегімен мына формула жазылды: =СУММПРОИЗВ-(B7:T7;\$B\$4:\$T\$4). Шектеулердің барлығы да бір бағытта “<=” болғандықтан, әріқарай U7 ұядағы формула, белгілі әдіспен соңғы U31 ұяға дейін көшіріледі.

Осыдан кейін Поиск решения құралы іске қосылады. Кестелік модельде берілген мақсат функция \$U\$5 ұясын, оның бағытын (max), барлық шектеулерді: \$U\$7:\$U\$31<=\$W\$7:\$W\$31 және бүтін санды айнымалылар туралы анықтаманы: \$K\$4:\$T\$4=целое (Ескерту: бірінші кезекте есеп бүтін санды шартсыз шешіледі, яғни көрсетілген анықтама жазылмайды), белгілі тәсілмен Поиск решения – ға отырғызамыз (39-сурет).

Поиск решенияның Параметры арқылы алынған сұхбаттасу терезесінде Неотрицательные значения (айнымалылардың теріс болмау шартына) Линейная модель және Автоматическое масштабирование-ны белгілейміз (флажок қойылады). **Выполнить** батырмасын іске қосамызда есептің табысты шешілгені туралы Результаты поиска решения сұхбаттасу терезесін аламыз. Алынған оңтайлы шешім 1-суретте көрсетілген.

Жарым-жартылай бүтін санды сандық модельді шешу нәтижесі.

Осы жерде, жарым-жартылай бүтін санды есептерді компьютермен шешуге арналған әркімнің қолы жетерлік арнайы программалар пакеттерінің көп таралмауына байланысты көптеген авторлар осындай есептерді шешу барысында осы күнге дейін әртүрлі тәсілдер қолданатынын атап өтейік. Сөйтіп,



осындай есептерді белгілі сызықтық программалау пакетімен шығару барысында көбінесе бүтін сандық шарт қарастырылмайды. Есепте бірінші кезекте үздікті айнымалылардың оңтайлы мәндері ізделінеді де, қосалқы бағаларға талдау жасау арқылы бүтін санды айнымалыларды кәдімгі қарапайым әдіспен (дөңгелекту әдісімен) бүтін санға айналдырады. Өйткені басқа шектеулермен салыстырғанда қосалқы бағасының мәні ең жоғары шектеу бойынша, яғни ауыл шаруашылығында нағыз науқан басталған кезеңде бір жұмыстарда жетіспеушілік жағдай пайда болуы әбден мүмкін. Осыған байланысты бүтін санды айнымалының мәні арқылы зерттеулер жүргізіледі де, оның осы жетіспеушілікті болдырмайтын мәні ізделінеді (бұл ұзақ, көп есептеулер қажет ететін жұмыс). Бірақ қаншама есептеулер жүргізілгенімен мақсат функцияның мәні одан жақсармайды. Демек, есепті жарым-жартылай бүтін сандық мәндерді іздеуге шешкендегі, ең негізгі оңтайлы шешім - ол егістік жерді толығымен пайдаланылған жағдай.

MS Excel-дің Поиск решения құралы аталған жұмыстарды жеңіл орындауға көп мүмкіншілік тудырады. Есептің оңтайлы шешім нәтижесі, 39-суретте берілген, онда түсі бөлек 4-ші жолда:

- мақсат функцияның максимальды мәні  $Z = 958,86$  мың теңге;
- күздік бидайдың егіс ауданы  $x_1 = 204,4$  га;
- күздік қара бидайдың егіс ауданы  $x_2 = 192,9$  га;
- III кезеңде жиналынатын жазғы арпаның егіс ауданы  $x_3 = 376$  га;
- III кезеңде жиналынатын жазғы сұлының егіс ауданы  $x_4 = 0$ ;
- IV кезеңде жиналынатын кеш пісетін арпаның егіс ауданы  $x_5 = 132,3$  га;
- IV кезеңде жиналынатын кеш пісетін сұлының егіс ауданы  $x_6 = 0$ ;
- жарма дақылдарының, оның ішінде:
  - тарының егіс ауданы  $x_7 = 0$  га;
  - қарақұмықтың егіс ауданы  $x_8 = 147,2$  га;
  - сүдігерге және сүріге жыртылатын жерлердің егіс ауданы  $x_9 = 397,2$  га;
- дөңгелекті тракторлар саны  $y_1 = 9$  дана;
- шынжыр табанды тракторлар саны  $y_2 = 13$  дана;
- дәнді дақылдарды орып-жинайтын комбайндар саны  $y_3 = 12$  дана;
- жұмысшылар (механизаторлар) саны  $y = 36$  адам;
- сатып алынатын дөңгелекті тракторлар саны  $d_1 = 0$  дана;
- сатып алынатын шынжырлы тракторлар саны  $d_2 = 0$  дана;
- сатып алынатын комбайндар саны  $d_3 = 0$  дана;
- артық дөңгелекті тракторлар саны  $f_1 = 1$  дана;
- артық шынжырлы тракторлар саны  $f_2 = 0$  дана;
- артық комбайндар саны  $f_3 = 1$  дана.

Шешім нәтижесінен көріп отырмыз, шаруашылықта дөңгелекті тракторлар және комбайндар артық мөлшерде. Кем дегенде шаруашылықтағы

10 дөңгелекті тракторлардың біреуі, сонымен қатар 13 комбайндардың да біреуі қолданылмай қалып отыр. Сөзсіз, оларды сатып немесе басқа шаруашылыққа жалға беру керектігі ешқандай күмән келтірмейтін шешім. Аталған техникалардың артық мөлшерде екенін, есепті бүтін сандық шартсыз шешу, мысалға, дөңгелекті тракторларды өндірісте қолдану жолдарын модельдейтін 2 – 7 топтағы, сол сияқты комбайндардың 14 – 16 топтағы шектеулердің қосалқы бағалары (нөлге тең) арқылы көз жеткіздік. Сонымен қатар есепті бүтін сандық шарт арқылы шешу нәтижесі бойынша алынған 39-суретте шектеулердің сол жақтағы мәндері де көрсетіп тұр (олардың теріс таңбалы мәндері, қанша сағат қолданылмай қалғанын көрсетеді). Осы жерде, тек 2-ші шектеу (1-ші кезеңде арпаны егуде), шаруашылықтағы дөңгелекті тракторлардың оңтайлы санына сәйкес (9 дана) олардың қолдану қоры ( $48 \cdot 9 = 432$  сағат) және 14-ші шектеу (күздік дәнді дақыл-дарды III-кезеңде орып-жинауда) комбайндардың оңтайлы санына сәйкес (12) олардың қолданатын уақыты ( $63 \cdot 12 = 756$  сағат) ең жоғары шегіне дейін қолданылатынын байқауға болады. Осындай жағдайдың әсерінен еңбек қоры үшін құрылған 21-ші және 22-ші шектеулерде (IV және V кезеңдер) де толық ең шеткі мәніне дейін қолданылған (39-суретті қараңыз). Сөзсіз, аталған кезеңдер шаруашылық үшін қолайсыз жағдайлар тудыруы мүмкін. Сондықтан осы кезеңдерде шаруашылықта бар дөңгелекті тракторлар және ком-байндар ақаусыз жұмыстарын уақытылы бастап, тиісті мерзімінде бітіруге міндетті.

Шешім нәтижесі бойынша жаздық дақылдылар, оның ішінде арпа ең тиімді дақыл, оның жаз кезінде орып-жиналатын бөлігінің егіс ауданы  $x_3 = 376$  га, ал кеш пісіп IV кезеңде (бұл кезде өнім 20% қысқаратынына қарамастан) жиналатын бөлігінің егіс ауданы  $x_5 = 132,3$  га. Шаруашылыққа сұлы өсірумен айналысу ( $x_4 = 0$  және  $x_6 = 0$ ) тиімсіз болып шықты. Күздік дәнді дақылдардың екеуінде өсіріп-өндірген пайдалы екені, оның ішінде күздік бидайға  $x_1 = 204,4$  га, ал күздік қара бидайға  $x_2 = 192,9$  га егіс ауданын бөлген тиімді болатынын дәлелденді. Жармалы дақылдылардың ішіндегі қарақұмықты  $x_8 = 147,2$  га егіс ауданына өсіріп-өндіру пайдалы болды да, ал тары өндірумен айналысу шаруашылық үшін тиімсіз екені анықталды.

Сонымен шаруашылықтың 1450 га егістік жерінің 35,1% жазғы дәнді дақылдылар (арпа), 27,4 % күздік дәнді дақылдылар (бидай және қара бидай), 27,3% сүдігерге және сүгерге жыртты-латын жер, сонымен қатар 10,2% жарма дақылдыларды (қара-құмық) өсіріп - өндіруге қолданылатын егіс аудандары құрайды.

Шаруашылықта бар 13 шынжыр табанды тракторлар, 10 дөңгелекті тракторлар (1 трактор артық) және 13 комбайндардың (1 комбайн артық) 1450 га егістік жерге аталған дәнді дақылдыларды өсіріп-өндіруге толық техникалық мүмкінділіктері жетеді. Артық техникаларды сыртқа сату пайдалы. Шаруашылықтың жалпы пайдасы 958,86 мың теңге құрайды. Маусымдық жұмыстарды мерзімінде орындау үшін шаруашылықта еңбек қоры 36 адам механизаторлардан құралады. Олармен алдын ала келсім шарт жасалынғаны, шаруашылық үшін ұтымды.

### 3.4 Жаңа құрылған шаруа қожалығының бизнес жоспарын модельдеу

Ауыл шаруашылығы өндірісінің әртүрлі салаларында жаңадан жаңа өндіріс орнын ашу үшін, мысалға, ең төменгі кәсіпкерлік, жекеменшік шаруашылығы немесе шаруа қожалығын ұйымдастыру алдында, іскер адам мұндай істі бизнес жоспар құрудан бастайды. Қазіргі кезде алдыңғы тақырыпта қарастырылғандай оңтайластыру есептерін шығаруда, оның ішінде бизнес жоспарын құруда, сызықтық көпкезеңдік жарым–жартылай бүтін санды экономикалық-математикалық модель жиі қолданылады. Төменде өсімдік шаруашылығында кәсіпкерлікпен айналыспақшы шаруа қожалығы деңгейінде жай қарапайым есептің шешу технологиясына тоқталамыз.

Қостанай облысының «Тілеке» шаруа қожалығы болашақ нарық сұранысын оқып, зерделеп, бұршақ және қарақұмық өсіріп-өндірумен айналысу пайдалы деп шешті. Шаруа қожалығы өндірісінің мүмкіншілігі 160 га егістік жер, бірнеше комбайндар, тракторлар және механизаторлармен шектеледі.

Бизнес жоспар құрудағы шаруа қожалығының негізгі мақсаты, жоспарды өндіріске енгізіп, іске асыру нәтижесінде аталған дақылдарды өндіріп, нарыққа шығару арқылы максималды пайда табу үшін егістік жерді, техникаларды және жұмыс күшін әрбір дақылдарды өндіруге қаншадан бөлген тиімді екенін анықтау.

Алғашқы деректер бойынша өндірістің мынадай жағдайлары белгілі:

– әрбір дақылдар өнімдерін жинаған кезде бір типті комбайн қолданылады;

– егістік жерді жыртуға және дақылдарды егуге тек тракторлар қолданылатын болса, ал егіс өнімін жинауға комбайндар және тракторлар да қажет;

– жұмыскерлер мен механизаторлар керек:

1. Жерді жырту және дақылдарды егу жұмысын жалғызғана тракторист орындайды. Өйткені соқа да сеялка да гидравликаға ілінген. Бірақ қарақұмық өнімін жинау үшін 3 механизатор қажет, оның 2-еуі комбайында жұмыс атқарса, ал 1-еуі трактористің жұмысын орындайды.

2. Бұршақ өнімін жинау үшін 1 тракторист және 1 комбайншы қажет.

Аталған деректерден басқа бизнес жоспар құруда ауыспалы егіс талаптарын да ескеруге тура келеді. Біздің жағдайда, агротехникалық талаптар бойынша қарақұмықты бір егістік жерге 2 жылда бір рет, ал бұршақты 3 жылда екі ретке дейін (яғни бір жерге 2 жылға дейін егіп, 3-ші жылы екпейді) егуге болады. Сонымен қатар нарық сұранысы бойынша қарастырылып отырған дақылдарды жылда өндіру керек болса, онда шаруа қожалығына барлық егістік жерге жылда оларды қандай ретте өсіріп-өндіру керектігін шешуге тура келеді.

Бизнес жоспарды құру барысындағы алғашқы қадамдар. Аталған дақылдарды өсіріп-өндіру үшін шаруа қожалығы негізгі үш түрлі жұмыстарды (егістік жерді жырту, егу және өнімді жинау) орындайды. Сондықтан шаруа қожалығының өндірісінің орналасқан аймағына тән, осы жұмыстарды орындауға байланысты бар-лық мәліметтерді жинап, оларды математикалық статистикалық әдістермен өңдеп, осы көрсеткіштердің 1га егістік жерге

есептелген нақтылы, дәлелді мәндерін анықтаймыз. Бірінші кезекте, шаруа қожалығының орналасқан аймағының табиғаттық-климаттық жағдайына байланысты жоғарыда келтірілген әрбір жұмыстың орында-лынатын ыңғайлы кезеңдерін және олардың ұзақтығын дәйектей-міз. Сөйтіп, өңделіп анықталған, дәйекті, нақтылы мәліметтер 18-кестеде келтірілген. Кестеде шаруа қожалығында өсімдік шаруа-шылығындағы жұмыстарды орындау мезгілдері 4 кезеңнен тұратыны және олардың ұзақтығы анықталған. Сонымен қатар әрбір дақылдарды 1 га өсіріп-өндіру үшін керекті еңбек шығыны (адам-сағат) дәйектелінген. Бұл жерде ескеретін бір жағдай, егіс өнімін жинағанда бір агрегатта (тіркемелі комбайн және трактор; трактор гидравликаға ілінген соқа немесе сеялка) 3 немесе 2 немесе 1 механизатор жұмыс атқаруына байланысты кестедегі көрсеткіштер-дің барлығы 1 га жерге қанша машина-сағатқа келетін есепке емес адам-сағатқа келтірілген. Мұндай дәйектелген нормативтік көрсеткіштер есептің математикалық моделін дәйекті құруға үлкен көмек көрсетеді.

Кестеден көріп отырмыз, бұршақ өнімі 3-ші кезеңде немесе 4-ші кезеңдерде жиналынуы мүмкін. Бірақ егер бұршақ өнімі 4-ші кезеңде жиналатын болса, онда 1 га кететін шығын 0,1 мың теңгеге өседі.

1 га жиналған өнімнен алынатын табыс (пайда) бұршақтан 5 мың теңге, қарақұмықтан 9 мың теңге. Қарастырылып отырған жұмыстарды орындауға кететін шығын, 1 механизаторға 15 мың теңге, 1 комбайнға (жанармайға, ағымдағы жөндеуіне) 3 мың теңге және 1 тракторға (жанармайға, ағымдағы жөндеуіне) 1,5 мың теңге.

Кесте 19- «Тілеке» шаруа қожалығының өндірістік көрсеткіштері  
(1 га есептелінген)

Тиімді кезеңдер	Кезеңдердің ұзақтығы, күн	Жұмыстарды орындауға керекті еңбек шығыны, адам-сағат					
		Бұршақ			Қарақұмық		
		Жырту	Егіу	Жинау	Жырту	Егіу	Жинау
I	5	0,5	-	-	-	-	-
II	10	-	0,3	-	0,5	-	-
III	15	-	-	0,95	-	0,75	-
IV	20	-	-	0,95	-	-	2,0

Ескерту: автордың есептеулері

Есептің экономикалық-математикалық моделі.

Ауыл шаруашылық дақылдарының егіс аудандарының оңтайлы мәндерін мынадай айнымалылармен белгілейік, га:

$x_1$  – III кезеңде өнімі жиналынатын бұршақтың егіс ауданы;

$x_2$  – IV кезеңде өнімі жиналынатын бұршақтың егіс ауданы;

$x_3$  – қарақұмық дақылының егіс ауданы;

Ауыл шаруашылығы техникалар және жұмысшылардың оңтайлы сандары, дана (адам):

- $y_1$  – бұршақ жинайтын комбайндар;
- $y_2$  – қарақұмық жинайтын комбайндар;
- $y_3$  – тракторлар;
- $y$  – жұмысшылар (механизаторлар).

Мақсат функция, жұмысқа қолданғаны үшін техникаларға және жұмыскерлерге кеткен шығындарды алып тастағаннан кейінгі, дақылдарды нарыққа өткізуден түскен табыс сомасы, яғни максималды пайда:

$$Z = 5x_1 + (5 - 0,1)x_2 + 9x_3 - (3+1,5)y_1 - (3+1,5)y_2 - 1,5y_3 - 15y \rightarrow \max$$

1) Дақылдарының оңтайлы егіс аудандарының сомасы ша-руашылықта бар егістік жердің ауданынан артық болмауға тиіс:

$$x_1 + x_2 + x_3 \leq 160$$

Маусымдық жұмыстар түрлерін берілген мерзімде орындау үшін техникаларды пайдалану бойынша шектеулер:

а) Тек тракторлармен жасалатын жұмыстар

2) I кезеңде егістік жерді жырту

$$0,5x_1 + 0,5x_2 \leq 5 \cdot 10y_3 \quad \text{немесе} \quad 0,5x_1 + 0,5x_2 - 50y_3 \leq 0$$

3) II кезеңде бұршақты егу және қарақұмыққа керекті жерді жырту

$$0,3(x_1 + x_2) + 0,5x_3 \leq 10 \cdot 10 y_3 \quad \text{немесе} \quad 0,3x_1 + 0,3x_2 + 0,5x_3 - 100y_3 \leq 0$$

4) III кезеңде қарақұмықты егу

$$0,75x_3 \leq 15 \cdot 10y_3 \quad \text{немесе} \quad 0,75x_3 - 150y_3 \leq 0$$

б) Тіркемелі комбайндар және тракторлармен орындалатын жұмыстар

5) III кезеңде бұршақ өнімін жинау

$$0,95x_1 \leq 15 \cdot 10y_1 \quad \text{немесе} \quad 0,95x_1 - 150y_1 \leq 0$$

6) IV кезеңде бұршақ өнімін жинау

$$0,95x_2 \leq 20 \cdot 10y_1 \quad \text{немесе} \quad 0,95x_2 - 200y_1 \leq 0$$

7) IV кезеңде қарақұмық өнімін жинау

$$2,0x_3 \leq 20 \cdot 10y_2 \quad \text{немесе} \quad 2,0x_3 - 200y_2 \leq 0$$

Еңбек қоры бойынша шектеу (техникаларымен жұмыс іс-тейтін механизаторлар санын анықтау).

8) Бұршақ және қарақұмық өнімдерін жинайтын агрегаттарда, егу және жырту жұмыстарындағы механизаторлар

$$2y_1 + 3y_2 + y_3 \leq y' \quad \text{немесе} \quad 2y_1 + 3y_2 + y_3 - y' \leq 0$$

Ауыспалы егіске байланысты дақылдарды өсіріп-өндірудің технологиялық шарты.

9) Қарақұмықты бір егістік жерге 2 жылда бір рет егуге болады, олай болса оның егіс ауданы ( $x_3$ ) шаруашылықтың жалпы егіс ауданының жартысынан көп болмауға тиіс:

$$x_3 \leq 160/2 \text{ немесе } x_3 \leq 80$$

10) Бұршақты бір жерге 3 жылда екі рет (яғни бір жерге 2 жыл егіп, 3-ші жылы екпейді) егуге болады, олай болса оның егіс ауданы ( $x_1 + x_2$ ) шаруашылықтың жалпы егіс ауданының  $2/3$  бөлігінен аспауға тиіс:

$$x_1 + x_2 \leq 160 \cdot 2/3 \text{ немесе } 3x_1 + 3x_2 \leq 320$$

Айнымалылардың теріс сан болмау және кейбір айнымалы-лардың бүтін сан болу шарттары:

$x_1 \geq 0, x_2 \geq 0, x_3 \geq 0, y_1 \geq 0, y_2 \geq 0, y_3 \geq 0, y' \geq 0, y_1, y_2, y_3, y' -$  бүтін сандар.

Сандық модельді шешу нәтижесі.

Жарым-жартылай бүтін санды есептің сандық математикалық моделін тұрғызығаннан кейін MS Excel-дің жұмыс бетіне қарапайым тәсілімен есептің кестелік моделі тұрғызылды (40-суретті қараңыз). Кестелік модельдің құру тәсілі осы бөлімде баяндалған бірінші есеппен сәйкес. Тек бизнес жоспар құруға керекті мәлімет-тер бөлек жолда «Шешімі» құжатталған. Бұл жолдағы ерекшелік G20 ұяда шаруа қожалығына керекті тракторлардың нақтылы оңтайлы саны мына формула бойынша анықталады: =E4+F4+G4. Өйткені бұршақ және қарақұмық өнімдері тіркемелі комбайндармен жиналады. Сондықтан E4 және F4 ұяларда анықталған, сәйкесінше комбайндар саны қанша болса, соншама тракторлар болады.

	A	B	C	D	E	F	G	H	I	J	K
1	<b>Шаруа қожалығында бизнес жоспар</b>										
2	<i>Белгісіздер</i>										
3		$x_1$	$x_2$	$x_3$	$y_1$	$y_2$	$y_3$	$y^1$			
4	Мәні	80	0	80	1	1	1	6			
5	МФ	5	4,9	9	-4,5	-4,5	-1,5	-15	1019,5	Max	
6	<i>Шектеулер</i>										
7	1)	1	1	1					Сол жағы	Белгісі	Оң жағы
8	2)	0,5	0,5				-50		160	<=	160
9	3)	0,3	0,3	0,5			-100		-10	<=	0
10	4)	0,95			-150				-36	<=	0
11	5)		0,95		-200				-74	<=	0
12	6)			0,75			-150		-200	<=	0
13	7)			2		-200			-90	<=	0
14	8)				2	3	1	-1	-40	<=	0
15	9)			1					0	<=	0
16	10)	3	3						80	<=	80
17									240	<=	320
18	<b>Шешімі</b>										
19		$x_{1,га}$	$x_{2,га}$	$x_{3,га}$	$y_1$	$y_2$	$y_3$	$y^1$	Z, мың теңге		
20	мәні	80	0	80	1	1	3	6	1019,5		

**Результаты поиска решения**

Решение найдено. Все ограничения и условия оптимальности выполнены.

Тип отчета  
 Результаты  
 Устойчивость  
 Пределы

Сохранить найденное решение  
 Восстановить исходные значения

Сурет 40- Шаруа қожалығының өндірістік параметрін оңтайластыру үшін құрылған көпкезендік жарым-жартылай бүтін санды ЭММ шешімі

Сонымен, есептің оңтайлы шешімі бойынша «Тілеке» шаруа қожалығына  $x_1=80$  га егістік жерге бұршақ өсірген және оның өнімін III кезеңде жинап алған тиімді, ал бұршақ өнімін IV кезеңде жинау пайдасыз, ол туралы  $x_2=0$  оңтайлы мәнінен де көреміз. Сол сияқты қаракұмыққа да  $x_3 = 80$  га егістік жер бөлген пайдалы. Егістік жерді тек осылай бөлгенде, ауыспалы егіске қойылған талаптар орындалады.

Шаруа қожалығында өсімдік өнімін жинауға керекті комбайндардың оңтайлы саны:  $y_1=1$  дана – бұршаққа және  $y_2=1$  дана – қаракұмыққа, сонымен қатар тракторлардың оңтайлы саны  $y_3=3$  дана, ал механизаторлар саны  $y=6$  адам болу керектігі анықталды (40-суретті қараңыз). Шаруа қожалығында өсімдік шаруашылығының өндіріс құрамы тек есептің шешіміне сәйкес келген жағдайда жалпы пайда  $Z=1019,5$  мың теңге максимальды шегіне жетеді.

Сонымен жоғарыда келтірілген ауыл шаруашылығында басқару шешімдерін жетілдіру мақсатында экономикалық-математикалық модельдерді және IT-технологияларды қолдану өте бағалы екеніне көз жеткіздік. Сонымен қатар ауыл шаруашылығы мамандарына сызықтық программалау әдістерімен есептеулер жүргізуде MS EXCEL электрондық кестесін пайдалану өте ыңғайлы, оларға аталған құрал кең мүмкіндік береді және арзан шығынмен әртүрлі өндірістік басқару шешімдерін ала-алады. Дегеніменде, бұл тұжырымда

да қиыншылықтар кездеседі. Біріншіден, ауыл шаруашылығы маманы MS EXCEL –де қарапайым әрекеттерді орындауға қабілетті болғаны жөн. Екіншіден, онда макростар, яғни қарапайым программалар құра білуге тиіс. Сөзсіз, екінші талап, ауыл шаруашылығы мамандарының ақпараттық жүйелері мамандарынан көмек алуды, арнайы білімін жоғарлатуды көздейді.

Диссертациялық жұмыста нақты баяндалған тәсіл және даярланған программалық өнім арқылы әрбір ауыл шаруашылығы маманы ауыл шаруашылығы қорларын тиімді, пайдалы қолдану үшін есептеулер жүргізіп, оларды оңтайлы қолдану туралы ұсыныстар және нұсқаулар жасай алады. Біздің ойымызша, жоғары білімді ауыл шаруашылығы мамандарына экономикалық-математикалық әдістері және IT-технология құралдарын іс жүзінде қолдана білу өте қажетті, олар осы мамандардың еңбек құралдарына айналуға тиіс.



## ҚОРЫТЫНДЫ

Диссертацияда жүргізілген ғылыми зерттеулер нәтижесінде агроөндірісті басқарудың инновациялық механизмдерін жетілдірудің келесі механизмдерін анықтадық:

- заңнамалық базаны қалыптастыру;
- төлеу мерзімдерін ұлғайта және сыйақы ставкасын төмендете отырып, АӨК субъектілерін қайта құрылымдау, қайта қаржыландыру, сондай-ақ қаржыландыру арқылы АӨК-ні қаржылық сауықтыру бойынша шаралар қабылдау;
- өсімдік және мал шаруашылығындағы, сондай-ақ ауыл шаруашылығы шикізатын терең қайта өңдеу өндірісі үшін тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің экономикалық қолжетімділігін арттыру;
- ауыл шаруашылығы жалпы өнімін арттырудың экстенсивті әдістерінен қарқынды әдістеріне көшу;
- өсімдік шаруашылығындағы сақтандыру жүйесін жетілдіру;
- қолдау құралдарының кең спектрін қолдану есебінен қаржылық қызметтердің экономикалық қолжетімділігін қамтамасыз ету және қолайлы инвестициялық климат жасау;
- инвестициялық және пилоттық жобалар жүйесін, өсімдік шаруашылығына, мал шаруашылығына және ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуге енгізу үшін озық агротехнологиялар жүйесін қалыптастыру;
- агралық ғылымда технологияларды трансферттеу, бейімдеу және коммерцияландыру пысықтау, білім тарату орталықтарының желісін кеңейту;
- ветеринариялық және фитосанитариялық қауіпсіздіктің жоғары деңгейін қамтамасыз ету;
- ауыл шаруашылығы дақылдарын мемлекеттік сорттық сынау тиімділігін арттыру;
- органикалық ауыл шаруашылығы өнімінің өндірісі мен айналымын дамыту үшін жағдай жасау.

АӨК-ні индустриялық-инновациялық дамытуды жоғары технологиялы инвестициялық жобаларды іске асыру арқылы, сондай-ақ су ресурстарын ықпалдастырылған басқару қағидаттарын енгізу жолымен жүзеге асыру қажет.

Мемлекеттік қолдау тиімділігін арттыру мақсатында субсидиялау жүйесін жетілдіру қажет. ДСҰ-ға кіру, сондай-ақ КО мен БЭК-тағы мүшелік тұрғысында отандық АШТӨ-ге тең жағдайларды қамтамасыз ету үшін жоспарланып отырған кезеңде мемлекеттік қолдау деңгейін ықпалдастыру процестері шеңберінде тиісті келісілген көрсеткіштерге дейін жеткізу қажет. Қаржылық қызметтердің экономикалық қолжетімділігін арттыру. Кредиттер мен лизингтің экономикалық қолжетімділігін арттыру.

Агробизнесті тұрақты жүргізу үшін АӨК субъектілеріне (ауыл шаруашылығы техникаларының лизингін қоса алғанда) негізгі құралдарды сатып алуға және айналымдағы қаражатын толықтыруға қаражат қажет, олар негізінен қаржы институттарының қарыз қаражаты есебінен тартылады.

Нәтижесінде АӨК субъектілері негізгі және айналым қаражатты толықтыруға арналған кредиттер бойынша жоғары сыйақы төлейді, бұл өнім бірлігін өндірудің өзіндік құнының артуына әкеліп соқтырады және оның бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді.

АӨК субъектілері үшін қаржылық жүктемені төмендету проблемасын шешу мақсатында АӨК субъектілеріне (соның ішінде дәнді, майлы және бұршақты дақылдар өндірумен айналысатын) берілген лизинг пен кредиттер бойынша сыйақы ставкаларын субсидиялау көзделетін болады.

Ауыл шаруашылығының техникамен жарақтануының қазіргі деңгейі оның тиімді дамуын тежеуде. Осының барлығы маусымдық ауыл шаруашылығы жұмыстарын жүргізу мерзімдері мен сапасына теріс әсер етеді. Қажетті техникасының, жабдықтарының жоқтығынан, арзан және ұзақ мерзімді кредит ресурстарына қанағаттанарлықсыз қолжетімділіктен АӨК субъектілері ауыл шаруашылығы өнімін өндіру мен қайта өндеуде оңайлатылған технологияларды қолдануға мәжбүр. Ауыл шаруашылығы техникасының, қосалқы бөлшектердің, жабдықтардың жоғары құны, банктік кредиттердің/лизингтердің қысқа мерзімділігі АШТӨ басым көпшілігіне негізгі құралдарын жаңартуға мүмкіндік бермейді.

Негізгі құралдарды сатып алуға бағытталатын кредиттік қаражаттың негізгі көлемі ЕДБ-нің және лизингтік компаниялардың қарыз және меншікті қаражатының есебінен жүзеге асырылады. Кредиттің/лизингтің 12-15 % орташа сыйақы ставкасын ескере отырып, шаруа 7-9 жылда іс жүзінде жабдықтың/техниканың екі құнын төлейтіні шығады. Бұл ретте, АШТӨ-ге берілген кредиттер бойынша ЕДБ белгілейтін қайтару мерзімдері ауыл шаруашылығы өндірісінің ерекшелігіне сәйкес келмейді, салымдардың ұзақ өтелуімен айрықшаланады.

Ауыл шаруашылығы саласында жер ресурстарын басқарудың экономикалық механизмдерін жетілдіру шаралары:

- жер ресурстарын қорғау шараларын қаржыландыру және жоспарлау;
- жер ресурстарына орналастырылатын зиянды заттардың лимитін бекіту;
- қоршаған ортаға ластайтын заттарды шығарғаны және тастағаны, өндіріс, тұтыну қалдықтарын орналастырғаны үшін төлемақылар нормативтерін, табиғи ресурстарды пайдаланғандағы төлемақыларды белгілеу;
- суды аз қажетсінетін ауыл шаруашылық дақылдарын өсіру технологияларды және тамшылап суғару жүйесін, басқа да егістік жерлерді қорғау шараларын жүзеге асыру кезінде салық, несие жеңілдіктерін беру;
- жер ресурстарына келтірілген зиянды өтеу.

Осыған байланысты, аграрлық секторда берілген кредиттердің 42%-ы "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ еншілес акционерлік қоғамдарына келетін ахуал қаржылық нарықта қалыптасқан.

Қазақстан Республикасында агроөндірісте агромаркетинг басқару жүйесін дамытудың келесі жолдарын ұсынамыз:

- АӨК мамандарын сауалдама негізінде сұраныстағы тақырыптар бойынша мекен-жайлық ақпараттандыру;

- интернет ресурстарын, ҚР мен ТМД елдерінің электронды каталогтарын қолдана күрделі тақырыптық сұраныстарды орындау;
- электронды пошта арқылы ақпараттық сұраныстарды жедел орындау;
- мамандарға он-лайн режімінде қызмет көрсету (виртуалды анықтама, құжаттарды электронды жеткізу).
- ауылшаруашылығы мамандарының сұраныстары бойынша Интернет-жіберулерді ұсыну.
- АӨК мәселелері бойынша "Заң", "Параграф", e-gov.kz арқылы құқықтық және заңнамалық құжаттарды іздеу;
- АӨК қызметкерлерінің сұраныстағы тақырыптары бойынша ақпараттық-библиографиялық тізімдер, дайджестер дайындау;
- мамандар күнін, ақпарат күнін жүргізу, оларды маңызды тақырыптар бойынша мультимедиялық тұсаукесерлермен сүйемелдеу (мамандармен келісу);
- орталық кітапханалар ауылшаруашылығы бағытындағы іс-шараларды, семинар, кездесулерді өткізуге арналған орындар ұсынсын;
- материалдарды көшіру, сканерлеу және т.б.

## ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы – Астана: Елорда, 2008 – Б.56 .
- 2 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан Халқына Жолдауы "Қазақстан-2050" Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты -Астана, 2012 ж.
- 3 Чаянов А.В. Основные идеи и формы сельскохозяйственной кооперации – М.: Книгасоюз, 1927 –Б.20-21
- 4 Қазақстан Республикасының Жер Кодексі. – Алматы: Жеті Жарғы, 2003 – Б.256.
- 5 Смит А. Исследования о природе и причинах богатства народов – М.: Соцэкгиз, 1935 – Б.8-17
- 6 Маркс К. Капитал. 1975 год, т. 3. – Б.708.
- 7 Рикардо Д. Цена земли. – М.: Соцэкгиз, 1926 – Б. 22-29
- 8 Струмилин С.Г. О цене "даровых" благ природы//Вопросы экономики, 1967, №8. – Б.51-58
- 9 Докучаев В.В. Русский чернозем М., 1883 С.201.
- 10 Петти Вильям Экономические и статистические работы – М.: Соцэкгиз, 1940. –Б.55.
- 11 Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясы//ҚР Президентінің 2003 жылғы 17 мамырдағы №1096 Жарлығы
- 12 Қазақстан Республикасында шөлейттенуге қарсы күрес жөніндегі 2005-2015 жылдарға арналған бағдарлама. ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 24 қаңтардағы №49 Қаулысы
- 13 О Концепции перехода Республики Казахстан к устойчивому развитию на 2007-2024 годы. Указ Президента РК от 14 ноября 2006 года №216
- 14 Қазақстан Республикасының Экологиялық Кодексі – Алматы: Жеті Жарғы, 2007 – Б.496.
- 15 Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясы//ҚР Президентінің 2003 жылғы 17 мамырдағы №1096 Жарлығы
- 16 Есполов Т.И. АПК Казахстана: глобализация и инновация –Алматы, 2012 – С.436.
- 17 Портер М. Конкурентная стратегия – М., - С.40.
- 18 Аграрная экономика – Алматы, 2012 –С.320.
- 19 Агропромышленный комплекс Казахстана: ресурсное развитие –Алматы. Ғылым, 2001 –С.246.
- 20 Развитие агропромышленного производства в условиях рыночной экономики: проблемы и приоритеты –Алматы, 2005 –С.448.
- 21 Алшанов Р.А. Казахстан на мировом аграрном рынке: потенциал, проблемы и их решение – Алматы, 2010 –С.624.
- 22 Региональная экономика –М.: Г.В.Плеханова, 2010 – С.376.
- 23 Экономическая оценка потенциала регионов – М, 2012 – С.168.
- 24 Государственное регулирование национальной экономики –М.: Г.В.Плеханова, 2011 – С.81.

- 25 Черняков Б.А., Протопопов И.В. Высокотехнологичное земледелие США// США\*Канада экономика-политика-культура, 2012, №9 – Б.99-107
- 26 Протопопов И.В. Информационный образ аграрного сектора США// США\*Канада экономика-политика-культура, 2003, №9 – Б. 98 – 105
- 27 Ткачук С., Шевченко П., Мауль Я. Эффективность использования земельных ресурсов – М.: Мысль, 1979 – Б.70-71
- 28 Реймерс Н.Ф. Оценка земли и использования ее результатов – М.: Мысль, 1979 – Б.26-35
- 29 Черемушкин С. Условная цена гектара пашни – М.: Мысль, 1967 – Б.28-30
- 30 Иванов А. Качественная и экономическая оценка кормовых угодий – Алматы: Қайнар, 1996 – Б.13-21
- 31 Олдак П.Г. Равновесное природопользование. Взгляд экономиста. Новосибирск, 1983.–Б.128.
- 32 Минц А.А. Экономическая оценка естественных ресурсов – М.: Мысль, 1972 – Б.146-181
- 33 Корнеев А.В. Методы оценки природных ресурсов и национального богатства США// США\*Канада экономика-политика-культура, 2012, №7 – Б.39-60
- 34 Казахстан в системе мировых экономических процессов– Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2012 –Б.272.
- 35 Курганбаева Г.А. Экономика Казахстана XXI веке – Алматы: Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте РК. 2009 –Б.144.
- 36 Кресникова Н. Об эффективности аграрного землепользования. //Экономист, 2012, №1 – Б.76-85
- 37 Амосов А. О стратегии развития аграрной сферы //Экономист, 2008, №9 – Б.48-53
- 38 Гельбрас В. Цена экономических успехов Китая//Мировая экономика и международные отношения, 2011, №9 – Б.26-34
- 39 Аграрная политика зарубежных стран – М., 2012 – Б.4-26
- 40 Удалов Ф.Е. Сравнение сельскохозяйственного сектора России и США// ЭКО, 2012, №8 – Б.137-147
- 41 Королев И., Жуковская В., Чертко Н. Импорт и продовольственная безопасность России// Мировая экономика и международные отношения, 2007, №11. – Б.13-20
- 42 Сохранение почв – Мн.: Ураджай. 1989 –232 б.
- 43 Использование земель в условиях интенсификации сельского хозяйства – Алма-Ата: Қайнар, 1982. –Б.136.
- 44 Матошко И.В. Жизненные ресурсы Земли – Мн.: Ураджай, 1989 –Б.255.
- 45 Подольский Л.И. Землеустройство: общественно-экономическая теория – Алматы, 2008 –Б.290.
- 46 Айтаханов К.А. Государственное регулирование развития сельского хозяйства Казахстана – Астана: Акрамм групп, 2008 –Б.424.
- 47 Сагайдак А., Дивакова Е. Формирование рынка сельскохозяйственных земель на региональном уровне //АПК-экономика-управление, 2009, №1 – Б.74-78

- 48 Коньгин А.А. Фермерские хозяйства США – М.: Агропромиздат, 2012 – Б.250.
- 49 Ауылшаруашылығы экономикасының анықтамалық сөздігі // Алматы «Қайнар» Ғ. Қалиев, Е. Теміров.
- 50 Абалкин Л. Аграрная трагедия России//Экономика и общество, 2009 –Б. 14-16
- 51 Быстраков Ю. Проблемы эффективности использования природноресурсного потенциала АПК//Экономика сельского хозяйства, 2006, №2 – Б.21-25
- 52 Алқаптарды қалпына келтіруге жұмсалатын сома есепке алынып, ауыл шаруашылығы өндірісінің шығындарын өтеу ережесі. //ҚР Үкіметінің 2003 жылғы 8 қазандағы №1037 Қаулысы
- 53 Вашанов В. Экономический ущерб от изъятия сельскохозяйственных земель// Вопросы экономики, 2006, №8 – Б.95-104
- 54 Беспехотный Г. Новые механизмы приоритетного развития сельского хозяйства// Экономист, 2008, №7 – Б.90-96
- 55 Коротких А.А. Современное состояние производства биотоплива в США и в мире//США\*Канада экономика-политика-культура, 2003, №2 – Б.98-110
- 56 Бурлакова С. Особенности финансирования аграрного сектора стран ЕС //АПК-экономика-управление, 2008, №10, Б.61-63
- 57 Петрова А.Н. Особенности формирования кредитных отношений государством с сельскохозяйственными предприятиями//Вопросы экономических наук, 2012, №6. – Б.114-117
- 58 Лысенко Е.Г. О продовольственной безопасности и проблеме сельской бедности//Экономика сельскохозяйственных и перерабатывающих предприятий, 2008, №11 – Б.6-13
- 59 Шевлягина Е.Е. Структурные изменения в потреблении продовольствия и торговле сельхозпродукцией//США\*Канада экономика-политика-культура, 2012, №5 – Б.114-126
60. Михеев Д. Потребление продовольствия: реальность и перспективы //Экономист, 2012, №3 – Б.86-91
- 62 Ковалев Е. Агропродовольственный сектор России: новые возможности и старые проблемы//Мировая экономика и международные отношения, 2008, №3 – Б.40-47
- 63 Сидоренко В., Михайлушкин П. Продовольственная безопасность в современном мире//Международный сельскохозяйственный журнал, №2, 2012 – С.40-41
- 64 Укуев М.М. Мировая аграрная политика в условиях обострения продовольственной проблемы//Аграрная наука, №5, 2012 – С.2-3.
- 65 Роджер Ч.Б. Дохийский раунд: развитие и проблема сельского хозяйства//<http://www.polit.ru/article/2010/04/01/doha>
- 66 Гельмле А.М.Зарубежный опыт реализации кластерной стратегии развития в зерновой отрасли//Вестник Московского университета, 2011, №2. – С.46-55
- 67 С.Митин Необходима технологическая модернизация сельского хозяйства// АПК: экономика, управление 2012, №9. – С.2-5

- 68 Пашатаев А.В., Беспалов В.А. Управление сельскохозяйственным производством. М.: Колос, 1995. –С.272.
- 69 Зинченко А. Структурная политика и использование производственного потенциала в сельском хозяйстве //АПК: экономика, управление. 1996, № 2, С.15-18.
- 70 Ушачев И.Г. Развитие интеграционных процессов в АПК стран СНГ //Экономика сельского хозяйства России. 1997, № 8, С.3.
- 71 Пошкус Б.И. Внутренние резервы АПК России //АПК: экономика, управление. 1997, № 3, С. 11-19.
- 72 Оглоблин Е. Территориальное разделение труда и рынок продукции АПК //АПК: экономика, управление. 1996, № 2, С. 78-79.
- 73 Алтухов А.И., Макин Г.И. Региональный продовольственный рынок: проблемы формирования и развития. - М., 1997.
- 74 Киселев С.В. Государственное регулирование сельского хозяйства в условиях переходной экономики. - М., 1994. – С.179.
- 75 Аунапу Ф.Ф. Научные методы принятия решений в управлении производством. -М.: Экономика, 1984.
- 76 Ушачев И.Г. Управление агропромышленным комплексом. - М., 1985.-С.336.
- 77 Приходько Т. Управление сельским хозяйством Франции //АПК: экономика, управление. 1996, № 2, С. 25-28.
- 78 Мовсесян А. О стратегии государственного регулирования экономики. //Экономист, 1998, № 10.
- 79 Добрынин В.А., Иванов А.С. Проблемы выхода агропромышленного комплекса из кризиса //Экономика сельскохозяйственных и перерабатывающих предприятий. 1997, № 5, С.12.
- 80 Боев В.Р., Румянцева Е.Е., Дадалко В.А. //Продовольственная безопасность СНГ. Москва - Минск, 1998, - 443 с.
- 81 Кочетов В.С. Информационный бюллетень. М.: Минсельхозпрод, 1998, №3-4.
- 82 Сметов Б., Козлов В. Роль и место информационно-консультационной службы в системе АПК региона. //АПК: экономика, управление. 1998, № 11, С. 22.
- 83 Шутьков А. //Аграрная реформа: опыт, итоги и проблемы сельского хозяйства России. 1996, № 6, С. 9-12.
- 84 Строев В. Переход к многоукладной экономике – стратегия реформирования АПК//АПК:экономика,управление.1994,№1,С. 3-6.
- 85 Мовчан В.П. Перспективы развития информационно-консультативной службы региона (на примере Тверской области). //Аграрная Россия, 1998, № 1, С. 29-33.
- 86 Борхунов Н. О паритете сельского хозяйства. //Экономика сельского хозяйства России. 1998, № 5, С. 24-26.
- 87 Репп Х.О. //Ускорение научно-технического прогресса в АПК региона. - М.: Агропромиздат, 1989. –С.220.
- 88 Голубков Е.П., Голубкова Е.Н., Секерин В.Д. Маркетинг. Выбор лучшего

- решения. -М.: Экономика, 1995. –С.196.
- 89 Романов А.Е. Теория и практика управления АПК. - Минск,1999. - С.224.
- 90 «Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп кешенін тұрақты дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс- шаралар жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 маусымдағы № 654 қаулысы
- 91 2008 жылға арналған республикалық бюджет туралы ҚР заңы. 2007 жыл 6 желтоқсан.
- 92 Қазақстан Республикасының Жер кодексі. Қазақстан Республикасының Заңы. 20 маусым 2003 жыл
- 93 Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. ҚР Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. 28 ақпан -2007 жыл
- 94 Қожахмеров А – «Агроөнеркәсіптік кешенді реформалар» // Саясат №4-2008 жыл.
- 95 Блеутаева К.Б. – «Ауыл шаруашылық саласының даму ерекшелігінің кейбір мәселелері» // Банки Казахстана №5- 2008 жыл.
- 96 Расулов М.Р., Кенешбаев Б.Ж. Инвестициялардың ауыл шаруашылығын дамытудағы рөлі //Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Хабаршысы. – 2003. - №2 – С.145.
- 97 Әбілқасым Б. Оңтүстік Қазақстан облысындағы инвестициялық ахуалды жақсартудың тиімді тетіктері. //Экономикадағы аймақты басқару және мамандарды дайындау: XXI ғасырға көзқарас. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. Шымкент, 2003. Б.203-206.
- 98 ҚР Үкіметінің сайты. <http://www.government.kz/>
- 99 Ахметов Қ.А. MS Excel-де бизнес-шешімдер қабылдау//Оқулық, ҚР БҒМ ұсынған. -Алматы: "Агроуниверситет" баспаханасы, 2010.– Б.317.
- 100 Ахметов Қ.А. Менеджментте математикалық әдістер. Оқулық, Алматы: ЖШС “Эверо” баспаханасы, 2005.– Б.516.
- 101 Ахметов Қ.А., Имашева А.О. Параметрлік және бөлшек-сызықты программалау. Оқу құралы. – Алматы:«Агроуниверситет» баспасы, 2000. – Б.129.
- 102 Әбділдин С.Ә., Әбділдина Л.И., Ахметов Қ.А. және т.б. Агробизнесі ұйымдастыру. Оқулық. – Алматы: ҚазҰАУ, 2001. – Б.472.
- 103 Сапарбаев Ә.Ж., Ахметов Қ.А., Мақұлова А.Т. Экономикалық математикалық әдістер мен модельдер. Оқулық, 2-басылымы. Алматы: Қазақстан Жоғары оқу орындарының қауымдастығы, “Ғылым” ғылыми баспа орталығы, 2005. – Б.400.
- 104 Сапарбаев Ә.Ж., Ахметов Қ.А., Мақұлова А.Т. Математикалық программалау. Оқу құралы, Алматы: “ЛЕМ” баспаханасы, 2001. – Б.324.
- 105 Ахметова Г.Қ., Ахметов Д.Қ. Моделирование политики кредитования банками аграрного сектора. Ежемесячный финансовый журнал «Банки Казахстана». №9, Алматы: «Комплекс», 2008.
- 106 Ахметов Д.К. Нақтылы кәсіпорын мен қаржылық институт арасындағы несие-лік байланыс сызығын модельдеу нәтижесі // Исследования, результаты. №4. – Алматы: «Агроуниверситет», 2007.



107 Ахметов Қ.А. Чалғынбаева Г.Қ. Сызықтық программалау есептерін компьютерде шешу технологиялары. Несиелік жүйеде оқуда СӨЖ орындау үшін әдістемелік нұсқаулар. – Алматы:"Агроуниверситет" баспасы, 2004 ж. – Б.28.